Мамандар Орталық Азиядағы суды пайдалану мәселелері екі жақты форматта ғана шешіле алмайды деген ортақ пікірге келіп отыр. Борис Князев атап өткендей, аймақ үшін су шаруашылығы, энергетикалық және аграрлық мәселелердің кешенді шешімімен айналысатын, мемлекеттен жоғары тұратын тәуелсіз орган қажет. Ондай орган құрыла ма, жоқ па, ол Орталық Азия елдері жетекшілерінің саяси жігері мен данышпандығына ғана байланысты болады – дейді Шығыс Еуропа, Кавказ және Орталық Азия елдерінің су шаруашылығының халықаралық ақпараттық желісінің президенті Полад Полад-заде [6]. Өкінішке орай, Орталық Азия елдері жетекшілерінің саяси амбициялары әзірше басым болып отыр. Орталық Азия үшін мұнай емес, су негізгі табиғи ресурс болып табылады, сондықтан су мәселелері бірінші орында болып, президенттер ол мәселелерді ең алдымен шешулері керек. Оларды басқаша шешу мүмкін емес. Олар аймақтағы мәселенің өзектілігін әлі толыққанды сезінген жоқ. Алайда жағдай күннен-күнге ушығатын болады, сондықтан бәрі ұйқыдан «оянатын» күн жақындап қалды. Ауғанстан өзінің гидроэнергетикасы мен ауыл шаруашылығын дамыту үшін КСРО-мен келісімінде алдын ала қарастырылып қойған, алайда әлі пайдаланбаған Өмудария ағысының заңды 10 кубокілометрін алып қоятын болады. Дәл сол жағдайда Өмударияның төменгі ағыстары – Қарақалпақстан мен Бұқара да жоғалатын болады, себебі Өзбекстан жоғарғы ағыс бойында орналасқан елдерге қатты тәуелді. Суды қолдану квоталары сақталынуы үшін халықаралық су полициясын құрып, Еуропадағы тәрізді суды заңсыз пайдалану үшін жазалап отыру қажет [7]. Сондықтан келісімге келу қажет болады.

Душанбеде өткен конференцияда Тәжікстанның президенті Эмомали Рахмон «Су тұрақты даму үшін» ұранмен жаңа халықаралық он жылдық іс-әрекет жасауды ұсынды. Алайда егер Орталық Азиядағы су-энергетикалық мәселелерді жылдамырақ шешуді бастамасақ, даму жайлы, оның үстіне, бірнеше жылдан кейінгі даму жайлы айтып та болмайды.

Алматыда өткен кездесуде бес Орталық Азия елінің экология бойынша мамандары қатысты. Олар Орталық Азия елдеріне ғана емес, сонымен қатар дамушы еуропалық елдерге де тән болып шыққан экологиялық сипаттағы мәселелері талқылады. Экологтардың пікірі бойынша, оның шешімі жаңа емес, біреу ғана: Орталық Азияның бес еліне бүкіл аймақтың ең басты және бұрыннан келе жатқан мәселесін – су ресурстарын әділетті және тиімді бөлу мәселесін шешу үшін бірігу қажет.

Барлығы біліп отырғандай, Орталық Азия елдері су үшін таласты бірнеше он жылдық бойы жүргізіп келе жатыр. Су ресурстарына біршама бай аймақ суының біркелкі емес бөлінісі жоғарғы ағыс елдері үшін де: таулық Қырғызстан мен Тәжікстан, жоғарғы ағыс елдері үшін де – Өзбекстан, Қазақстан және Түркменстан үшін де бас ауыруына айналып отыр. Дәл осы мемлекеттер Сырдария мен Өмудария тәрізді ірі трансшекаралық өзендердің басты тұтынушылары, ал бұл өзендер Арал теңізінің – әлемдегі көлемі бойынша төртінші теңіздің бассейнін құрайды.

Мысалы, негізінен мақта өндірісі саласының арқасында тіршілік етіп келе жатқан және судың жеткілікті болуына тура тәуелді болып отырған Өзбекстан аймақтағы ықтимал су жетіспеушілігіне дайындалу мақсатында ондаған резервуарларды тұрғызуды бастап та кеткен. Түркменстан да жинақтау резервуарларын тұрғызып, тиімділікті арттыру және экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында суландыру инфрақұрылымын жақсартып жатыр. Түркменстанның дәл осы қадамдары Өзбекстанның жасап жатқан әрекеттерінен ерекшелеп отыр. Қазақстан көршілері тәрізді Сырдария

бассейнінің су ресурстарына тәуелді болғанына қарамастан, оқшау позицияны ұстанып отыр. Бұл елде су артерияларын сақтап қана қоймай, қайта қалпына келтіруге тырысып жатыр, ал ол Қазақстанды аймақтың басқа елдерінің саясатынан ерекшелейді [8]. Алайда, тәжірибе көрсетіп отырғандай, мұндай маңызды мәселедегі ерекшеленулер бәріне қажетті нәтижеге қол жеткізе алмайды. Оның үстіне, елдерді түсінуге де болады – әрбір елдің өз ұлттық қызығушылықтары бар, ал Орталық Азия аймағы айырмашылықтар мен қарама-қайшылықтардан тұрады, сондықтан да жанжал мәселесі әбден ықтимал. Алайда су мәселесін шешудегі серіктестік пен прогресс жағдайы мүмкін емес деп те айтуға болмайды. Барлық бес мемлекет көптеген жылдар бойы мәселені барлығына тиімді етіп шешу үшін тырысып жатыр. Оның үстіне, аймақ алдында тағы бір мәселе туындап отыр, ол – Орталық Азия тауларындағы мұздықтардың жылдам еруі салдарынан судың жетіспей қалу қауіпі.

Көптеген халықаралық мамандар оны алдағы апат деп те атайды. Және ол апат Орталық Азия аймағы үшін ғана емес, сонымен қатар, бүкіл әлем үшін де қауіпті. Алайда адамдар Тянь-Шаньнан келе жатқан қауіпке қол сілтеп отыр, ал көптеген аналитиктердің пікірі бойынша бұл мәселе бәріне де қатысты, себебі ол жаһандық және ғаламшарлық сипатқа ие болып отыр. Және эколог мамандар айтып отырғандай, дәл осы мәселе Орталық Азиядағы су жетіспеушілігінің пайда болуының негізгі себебіне айналуы мүмкін. Оның үстіне, жақын уақыттағы болашақта өзендердегі су көлемі артуы болжанып отыр, ал одан кейін өзендердегі су көлемінің азаюы әбден ықтимал [9]. Алайда мұның бәрі болашақтың қоржынында, сондықтан аймақ мемлекеттерін әзірше мазаламайды.

Рогун және Қамбарата гидроэлектр станцияларының құрылысы оған қарағанда көбірек алаңдатып отыр. Оларды тіпті «ғасыр құрылыстары» деп те атап кеткен. Қамбарата ГЭС Қырғызстандағы ең ірі станция болайын деп тұр, себебі ол қырғыз электр қуатын экспортқа шығаруға мүмкіндік беретін болады. Рогун ГЭС жобасының көлемі сәл аздау – оның келешектегі қуаты 3600 МВт болады деп жоспарланғанымен, тарихи ГЭС-ды тұрғызуға екі елдің де қаржысы жоқ.

Нәтижесінде Орталық Азия аймағындағы су мәселесінің тиімді шешімі әлі де жоқ болып шығады. Оның үстіне, ресми түрде судың қолданысын 1992 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан Орталық Азиядағы Халықаралық үйлестіруші су шаруашылық комиссиясы реттеп отырады. Комиссия біршама белсенді және нәтижесі жұмыс істегеніне қарамастан, атқаратын жұмысы аз.

Траншекаралық өзендер қолданысы – аймақтық мәселе және оны Орталық Азияның бес мемлекеті ашық түрде, біріге шешуі керек. Ол үшін мықты одақтық құрал-жабдық, шынайы мықты серіктестер диалогы мен мемлекет жетекшілерінің бір-бірімен келісімге келуге деген мықты саяси ерік-жігері қажет. Сонымен қатар, аймақтағы көптеген экологиялық мәселелердің Орталық Азия елдерінің серіктестік жасағанда ғана шешілетіндігін түсіне білу керек. Оның үстіне, ол мәселелерді жалғыз шешкеннен біріге шешкен тиімдірек те болады, шығыны да аздау болады. Біріге отырып Арал теңізінің экологиялық апаты тәрізді өршіп кеткен мәселені де шешуге болады.

Арал дағдарысы салдарларымен күресуде 1993 жылы Орталық Азия елдерінің құрған Халықаралық Аралды сақтау қоры ерекше орын алады. Ол БҰҰ, ЕҚСҰ, ЮНЕСКО әр түрлі Бағдар-ламаларының, әлемдік банк институттарының, сондай-ақ донор мемлекеттердің үкіметтерінің белсенді қатысуымен жұмыс жасап жатыр. 2017 жылы Аралды құтқару халықаралық қоры төрағалығы Түркменстанға өтті. Аймақтың кейбір жеке елдер аталған мәселе бойынша серіктестік шешімдер қабылдау қажеттілігін түсініп те жатқандай [10]. Ендігі іс аймақтағы бәсекелестік пен бытыраңқылық атмосферасын өзгерте алатын және жалпы Орталық Азия елдерінің әлемдік аренадағы орнын бекіте алатын ортақ келісімге келу және өзара келісілген іс-шараларды орындау болып отыр.

Орталық Азияның су мәселелерін, соның ішінде Аралды құтқару мүмкіндіктерін Минскіде 2017 жылы болып өткен тақырыптық дөңгелек үстел қатысушылары қарастырып өтті. Ресей мемлекеттік гуманитарлық университет қабырғасында өткен пікірталас барысында аймақ бойынша мамандар мен ғалымдар аталған мәселенің әр түрлі аспектілері бойынша пікір алмасты. «Орталық Азияның су мәселелері: Аралды қалай құтқарса болады?» дөңгелек үстелінің күн тәртібін трансшекаралық өзендерді реттеу және аймақ елдерінің арасындағы су ресурстарының бөлінісі, халықаралық ұйымдар мен «үшінші реттік елдердің» осы процестегі алатын орнын анықтау, ОА елдерінің су ресурстарын басқару бойынша іс-әрекеттерінің келіспеуі салдарынан туындауы мүмкін экологиялық апаттардың келешек қауіпі мен ықтималдығы құрады.

Пікірталас басында іс-шараның модераторы – М.В. Ломоносов атындағы ММУ ИАЦ бас директоры Сергей Рекеда атап өткендей, Орталық Азияның су ресурстарын оңтайлы пайдалану және реттеу тақырыбы шекарлас жатқан мемлекеттердің арасындағы саяси диалогтың миллиондаған адамдардың тіршілік сапасымен де байланысты болуы себепті әлі де өзекті болып қалуда.



Аралды «құтқару» процесінің негізгі мәселесі су қоймасын қазіргі жағдайда шаруашылық мақсатта пайдаланудың оңтайлы мүмкіндіктерін анықтауға мүмкіндік беретіндей қазіргі жағдайы жайлы зерттеу материалдарының, ғылыми мәліметтердің жоқтығында. Әрине, әлемде әр түрлі факторлар салдарынан ғаламшардың қандай да бір бөлігі тіршілікке жарамсыз болып қалып, барлық тіршілік иелері одан кетуге тырысатын апаттар әлсін-әлсін болып тұрады. Алайда Арал – ондай жағдайлар қатарына жатпайды. Иә, су қоймасының экожүйесі жағдайы өзгерді, алайда ол әлі тірі ғой. Және ол апаттың бар екендігін емес, шаруашылық іскерліктің жаңа түрлерін меңгерудің жаңа мүмкіндіктері мен келешегін ашуға болатындығын білдіреді – деп атап өтті П.Завьялов.

Оның ойынша, қазіргі уақытта Арал теңізін «меңгерудің» келешек бағыттары мен жалпы Орталық Азияның су ресурстарын тиімді пайдаланудың мүмкіндіктерін анықтау үшін күзіретті мамандардың – ғылыми, сараптау және іскерлік қоғамдастықтар өкілдерінің диалогы қажет. Беделді ғылыми-зерттеу институттары бар Ресей мұндай мамандарды даярлау арқасында аймақ елдеріне көмек көрсете алар еді.

Жүріп өткен пікірталас Орталық Азияның су мәселелерінің бірқатар маңызды аспектілерін өзекті етуге мүмкіндік берді, Ресей жағының шешім қабылдау үшін қажетті нақты нұсқауларын әзірлеу мақсатында аймақ сарапшылары мен мамандарын қатыстыра отырып, мемлекетаралық коммуникациялық аумақта тақырыпты одан сайын тереңірек зерттеудегі қызығушылығын дәлелдеп өтті.

Ресей Федерациясының Есеп палатасының федералдық ақпараттандыру орталығының жетекші сарапшысы Оксана Бояркина кеңес уақытында Орталық Азияның су ресурстарын бөлу жүйесі Одақтың бірыңғай су-шаруашылық кешенінің құраушы бөлігі болып, оны барынша барлығына тиімді етіп жүргізілгендігі жайлы еске салып өтті. Оның үстіне, су-энергетикалық ресурстарды бөлу балансы қатал бақыланып, орнын толтыру механизмі жұмыс істеген [11]. Яғни, мәселені шешу үшін әр мемлекет елдер арасындағы өзара қарым-қатынасқа деген көзқарастарын өзгерту қажет.

Қорыта келгенде, негізгі мәселе аймақтағы су жетіспеушілігі емес, керісінше, Орталық Азия елдерінің арасындағы қарым-қатынастағы сенім деңгейінің қандай болуында. Себебі олар су ресурстарын қалай оңтайлы және сауатты қолдануға болатындығы жайлы ортақ келісімге келулері тиіс. Бұл мәселе бойынша идеялар да бар. Алайда оларды қалай жүзеге асыруға болатындығы мен оған не кедергі келтіретіндігін анықтау қажет. Осылайша, Орталық Азияның бес еліне бүкіл аймақтың ең басты және бұрыннан келе жатқан мәселесін – су ресурстарын әділетті және тиімді бөлу мәселесін шешу үшін бірігу қажет. Оларға бұрынғы қарым-қатынастары – бәсекелестік, қарсыластық, күмән келтірушілік – тұрақты экономикалық даму үшін бейбітшілік те, жағдай да жасамағандығын және заманауи жаһандану талаптарына сай келмейтіндігін түсіну қажет.

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 [Электрон. ресурс], 2011. <https://articlekz.com/article/7850> (дата обращения: 11.04.2018)
- 2 Влияние изменения климата на водные ресурсы в Центральной Азии, доклад // Евразийский банк развития Алматы, 2009. – С.41-45.
- 3 Priscoli, Jerome Delli and Wolf Aaron, T. *Managing and Transforming Water Conflicts* // Cambridge University Press. – New York, 2009. – С.21-30.
- 4 Жильцов С., Зонн И. Борьба за воду // Индекс Безопасности. – Т.14. – №3(86). – М., 2009. – С.15-19.
- 5 [Электрон. ресурс], 2015. -<http://kazakh-zerno.kz/novosti/mirovoj-rynok-selskogo-khozyajstva-i-prodovolstviya/220601-vodnye-resursy-v-tsentralnoj-azii-zavisimaya-nezavisimost> (дата обращения: 11.04.2018).
- 6 ICTSD (МЦТУР); официальный сайт ЮНЕСКО, “World Water Development Report 2017”.
- 7 [Электрон. ресурс]. 2014. -<https://zonakz.net/articles/12832> (дата обращения: 06.03.2017).
- 8 [Электрон. ресурс]. 2015. -<http://kazakh-zerno.kz/novosti/mirovoj-rynok-selskogo-khozyajstva-i-prodovolstviya/220601-vodnye-resursy-v-tsentralnoj-azii-zavisimaya-nezavisimost> (дата обращения: 11.04.2018).
- 9 Barbara Janusz-Pawletta *Current legal challenges to governance of transboundary water resources in Central Asia and joint management arrangements* // Вестник КазНПУ. Серия «Международная жизнь и политика», 2014. – №4(39). – С.49-56.
- 10 Абенова Ж.А., Кузнецов Е.А. Перспективы восстановления Аральского моря // Вестник КазНПУ. Серия «Международная жизнь и политика», 2016. – №3(46). – С.113-116.
- 11 [Электрон. ресурс], 2017. <http://ru.unesco.kz/un-world-water-development-report-2017-launch-in-central-asia> (дата обращения: 11.04.2018).

УДК 32:316.77  
МРНТИ11.15.89

Матакбаева Л.Х.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>д.п.н., профессор кафедры международных отношений  
КазНПУ имени Абая, [Lmatakbaeva@mail.ru](mailto:Lmatakbaeva@mail.ru)  
Алматы, Казахстан

## СОЦИАЛЬНЫЕ СЕТИ КАК НОВЫЙ ИНСТРУМЕНТ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

### Аннотация

Современный мир превращается в плотно прошитую глобальную матрицу информационных сетей и новейших технологий. Сетевые сообщества, информационные коммуникации, новые термины и новые темы становятся все более популярными. Нарастание социальной сложности общественных отношений привело к глобализации технических и коммуникативных сетей. Политические процессы и система публичного управления получили в сети Интернет новое содержательное наполнение, которое обусловлено появлением принципиально новых субъектов гражданского общества в виде сетевых сообществ. В данной статье автор отмечает, что под влиянием сетевых технологий формируется пространство, в котором открываются новые возможности для развития гражданского общества, ангажированности органов государственной власти, преодоления личностной изоляции граждан, фрагментации общества.

**Ключевые слова:** социальные сети, сетевые сообщества, электронные коммуникации, самоорганизация, гражданское общество, публичная политика, краудсорсинг

Л.Х. Матақбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық Университетінің саяси ғылымдар докторы,  
халықаралық қатынастар кафедрасының профессоры, [Lmatakbaeva@mail.ru](mailto:Lmatakbaeva@mail.ru)

## ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР ЖАҢДАНУДЫҢ ЖАҢА ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

### Аңдатпа

Қазіргі әлем жаңарған технологиялар мен ақпараттық желілердің тығыз орналастырылған жаһандық қалыбына айналып барады. Желілік қауымдастықтар, ақпараттық байланыстар, заманауи терминдер мен жаңа тақырыптар күн өткен сайын кеңейе түсуде. Қоғамдық қатынастардың әлеуметтік күрделенуінің күшейе түсуі техникалық және байланыс желілерінің жаһандануына әкеліп соқты. Саяси үрдістер мен көпшілікті басқару жүйесі Интернет жүйесінде мазмұнды жаңалықтармен толықтырылып, азаматтық қоғамның әлеуметтік желілер қауымдастығы түріндегі принципті жаңа субъектілерінің пайда болуына жағдай жасады.

Автор бұл мақаласында желілік технологиялардың әсерінен азаматтық қоғамның дамуына мүмкіндік тудыратын кеңістіктің пайда болатынына, ол кеңістікке мемлекеттік билік органдарын тарту, азаматтардың жеке бастарының оқшаулануын болдырмау және қоғамның бөлініске түсу мәселелеріне тоқталады.

**Түйін сөздер:** желілік қауымдастық, әлеуметтік желілер, өзін-зі ұйымдастыру, азаматтық қоғам, краусорсинг

L.Matakbaeva<sup>1</sup>

<sup>1</sup>d.p.s., professor Abai KazNPU, [Lmatakbaeva@mail.ru](mailto:Lmatakbaeva@mail.ru)

## SOCIAL NETWORKS AS A NEW TOOL OF GLOBALIZATION

### Abstract

The modern world becoming a tightly pierced global matrix of information networks and the latest technologies. Network communities, information communications, new terms and new topics are becoming more popular. The growing social complexity of social relations led to the globalization of technical and

communication networks. Political processes and the system of public administration received new content on the Internet, which is caused by the emergence of principally new actors of civil society in the form of networked communities. In this article, the author notes that under the influence of network technologies, a space is being formed in which new opportunities are opened for the development of civil society, the involvement of state authorities, overcoming personal isolation of citizens, and fragmentation of the society.

**Keywords:** network communities, social networks, self-organization, civil society, kraussording

В последнее десятилетие понятие сетевого сообщества становится своего рода трендом современной эпохи. Сети решительно вторгаются во многие области социального бытия, глубоко затрагивая структуры современного общества и заставляя на многое смотреть по-новому. По сути, все современное общество является сетевым. Коммуникационная система, основанная на сетевых технологиях, коренным образом изменяет все социальные отношения.

Одной из основных характеристик современного общества является скорость. Изменения в восприятии категории пространства связаны с изменением понятия скорости, вызываемой мгновенностью коммуникации, потому что, в современном обществе время уже не воспринимается как константа. В глобальном мире нет больше «дня» и «ночи». Технические инновации приводят к фундаментальному сдвигу в представлениях о пространстве и времени, меняющему многие привычные устои социального порядка.

Понятие сетевого общества берет свои корни из технических наук. Сеть – это совокупность объектов, связанных друг с другом разнонаправленными линейными зависимостями. Электронные коммуникации позволили направлять сообщения одновременно многим адресатам. Пространства современного общества неравнозначны. Внимание к понятию сети связано непосредственно с широкой разработкой систем электронной коммуникационной сети. Стремительно развивающаяся сфера информационных технологий привела к переосмыслению ряда традиционных отношений в обществе. Так, по мнению Ю.Хабермаса, главными характеристиками сетевого гражданского общества является "открытость" как "установление широких, многомерных связей коммуникации", а также "спонтанность" – "свободное формирование, текучесть, постоянное изменение" структуры [1]. Под влиянием сетевых технологий формируется «openspase» – пространство, в котором открываются новые возможности для развития гражданского общества, преодоления личностной изоляции граждан, фрагментации общества, ангажированности органов государственной власти. В свою очередь, сетевая организация общественных структур способствует трансформации принципов эффективного взаимодействия органов власти и публичного управления.

Новые возможности открывает "цифровая демократия" – сетевое взаимодействие граждан и политических акторов в принятии политико-управленческих решений, предполагающая участие сетевой общественности, как в формировании, так и в реализации публичной политики. "Цифровая демократия" нашла свое практическое воплощение в технологии GOV2.0 или "правительство 2.0". Название данной технологии было предложено американским писателем Биллом Эггером в 2005 году. GOV2.0 основывается на принципах открытости власти в принятии политических решений на всех уровнях (национальном, региональном, местном) и встречного доверия к ней граждан. В мировой практике технология GOV2.0 реализуется через построение эффективных коммуникативных площадок между обществом и властью, интеграцию государственных структур, приход чиновников в социальные сети и блогосферу. Образование сообществ, где государственные структуры контактируют с гражданами, создают блоги, где представлены и обсуждаются государственные услуги, доступ граждан к действующим и проектирующимся законам в режиме онлайн, прямую отчетность чиновников перед гражданами, оперативное обсуждение и решение возникающих в стране, проблем в режиме онлайн [2].

Глобализация технических и коммуникативных сетей привела к нарастанию социального усложнения общественных отношений. Политические процессы и система публичного управления в сети Интернет получили иное содержательное наполнение, которое обусловлено появлением новых субъектов гражданского общества в виде локальных структур-комьюнити (community) или сетевых сообществ. Сетевые сообщества относительно неустойчивые совокупности людей, взаимодействующих посредством интернет коммуникаций, обеспечиваемых службами сети Интернет, обладающих общностью интересов и осуществляющих совместную деятельность в виртуальном пространстве [3]. Тогда как социальные сети, типа Odnoklassniki, VKontakte, MoiKrugm.n., являются закрытыми сетевыми структурами, т.е. войти в виртуальный мир социальной сети можно только в

том случае, если пользователь обладает членством сетевого сообщества в реальной жизни. Они способствуют формированию "сетевого гражданского общества", целью которого является виртуальное общение в режиме on-line для решения реально существующих социальных проблем.

Социальные сети получают развитие и в глобальном масштабе. Статистика зарегистрированных пользователей выглядит следующим образом: США – 4 775 400, Россия – 1 464 116, Великобритания – 433 303, Канада – 425 021, Украина – 231 937 [4]. 18 марта 1999 г. американский программист Брэд Фицпатрик открыл сервис онлайн-блогов *Live Journal* ("Живой Журнал"). Изначально проект планировался как блог-платформа для общения друзей основателя, но позже перерос в один из самых популярных сайтов по всему миру. Сегодня ЖЖ позиционируется и как социальная сеть. 11 марта 2010 г. на сайте зафиксировано более 25 млн. зарегистрированных пользователей (в 2005 г. было 8,9 млн., в июле 2007 г. – 13 млн.) [5].

Саммит Социальных Медиа в Сантьяго продемонстрировал использование сетевых возможностей даже в странах с малограмотным населением. Можно отметить проект *Kubatana.net*. из Зимбабве. Зимбабвийские активисты социальных медиа занимаются тем, что используют блоги, СМС, электронную почту для того, чтобы донести до широкого населения важную информацию. Наиболее заметным проектом *Kubatana* стала разработка "Фридом Фона" – специальной компьютерной программы, которая позволяет любому смертному строить информационные службы и системы сбора информации на базе голосового меню. Для того, чтобы пользоваться этими услугами, жители Зимбабве не должны уметь писать, а просто говорить и знать цифры. Таким образом, доступ информации для неграмотного и технологически неподкованного населения заметно упрощается.

Социальное действие – это интеракции акторов, направленные как вовнутрь сообщества, так и вне него, при этом важное значение имеет восприятие участниками сообщества коллективной идентичности. Социальное планирование затрагивает вопросы, связанные с принятием решений внутри сообщества и вопросы взаимоотношений с внешним по отношению к сообществу социумом.

Социальное время, как ресурс сетевых сообществ, включает в себя синхронизацию активности, координацию деятельности, последовательность осуществления интеракций, своевременность размещения контента, длительность осуществления коммуникационных процессов. Социальные ресурсы сетевых сообществ позволяют им реализовать ряд функций, с помощью которых происходит актуализация сетевых сообществ как субъектов публичного управления. Информационно-коммуникативная функция решает задачу производства, восприятия, распространения и потребления контента. Так, по данным Американского Красного креста, посвященному роли социальных сетей в информационной работе при чрезвычайных ситуациях, 42% опрошенных респондентов получали информацию в сети Интернет, среди них 6% – через Twitter, 14% – через Facebook, 12% – через сайты местных властей, 10% – через сайты профильных ведомств, 7% – через мобильные приложения. *Twitter* (существует с 2006 г.) – социальная сеть, основанная на сервисе микроблогов. За последнее время рост количества пользователей сервиса бьет все рекорды. По данным исследования компании *Nielsen Online*, всего за год его аудитория выросла на 1500%, и составляет 37 млн. пользователей [4]. Социальная сеть *Facebook* существует с 2004 г. и насчитывает более 400 млн. активных пользователей [5].

Благодаря программным сервисам у членов сетевых сообществ появилась возможность использовать инструменты оперативного поиска нужных контактов и быстрого установления связей между людьми для совместных гражданских акций и общественной деятельности, тем самым сетевые общества реализуют функцию самореализации. Сетевые сообщества в какой-то степени конкурируют со специализированными некоммерческими организациями, организуя самостоятельную сетевую волонтерскую активность граждан. Сетевые волонтеры, оказывая помощь другим, идентифицируют себя, прежде всего как граждане. Сегодня, в стране, в результате целой серии административных мер и "споров хозяйствующих субъектов" резко сократилось число средств массовой информации, которые позволяли себе открыто придерживаться позиций, не совпадающих с официальными. Политическая повестка дня формируется преимущественно кулуарно, по линии бюрократической "вертикали". Все это способствовало 'выдавливанию' критически мыслящих людей, имеющих активную гражданскую позицию, в сферы, пока еще не столь жестко контролируемые властью, в частности, в сферу интернет-блогов. Блоги стали той 'виртуальной кухней', на которой люди еще могут обсуждать то, что хотят, и говорить то, что думают.

В чрезвычайных ситуациях, сетевые сообщества берут на себя функцию краудсорсинга. *Crowdsourcing* (*crowd* – "толпа" и *sourcing* – "использование ресурсов"). Термин впервые введен писателем Джеффом Хауи (*Jeff Howe*) и редактором журнала *Wired* Марком Робинсоном. Данный

термин был использован для описания модели бизнеса, которая основывается на привлечении простых потребителей, пользователей Интернета и добровольцев к производству и распространению товаров и услуг, генерированию идей и решений [6]. Применительно к сфере публичной политики краудсорсинг представляет собой, согласно терминологии американского экономиста Э.фон Хиппеля, "инновацию с расчетом на пользователя", когда органы власти полагаются на пользователей не только в вопросе формулировки потребностей, но и в определении эффективных управленческих практик, которые удовлетворили бы эти потребности с использованием информационных технологий. Ярким примером краудсорсинга стала информационная программа "Ушахиди" (свидетельство), созданная в 2007 г. в Кении. В ходе президентских выборов эту страну охватили вооруженные межэтнические конфликты между сторонниками и противниками президента Кибакви. Официальные власти блокировали работу многих СМИ, в результате чего население оказалось в информационном вакууме, который попытались восполнить несколько блоггеров. Одна из блоггеров, Ори Около, обратилась к гражданам с просьбой присылать сообщения о событиях, происходящих рядом с ними. Поток информации был систематизирован программой, впоследствии получившей название "Ушахиди". На сегодняшний день "Ушахиди" – система менеджмента информации, которая позволяет обрабатывать сообщения из разных источников, от блоггеров, традиционных СМИ, от международных наблюдателей и представлять все полученные данные в сети Интернет с помощью карты, где каждое событие связано с определенной географической точкой [7].

Сетевые сообщества выполняют также функцию социальной и эмоциональной поддержки. Эксперты полагают, что социальные ресурсы позволяют не только мгновенно собирать информацию, но и налаживать связь с людьми и укреплять в них доверие к властям. Применяя эти социальные платформы, правительственные организации дают людям понять, что они готовы их слушать.

Таким образом, сетевые структуры, обладая многообразными возможностями участия политических акторов, становятся современным трендом глобализации. Новые тренды отражаются и на качестве электронных ресурсов, создаваемых сетевыми сообществами, которые активно используют технологии, представленные интернет-блогами и социальными сетями. Интернет-блоги представляют собой личные сетевые дневники, в которых можно обсуждать то, что интересует автора и его подписчиков. Аналитики отмечают, что популярность блогов связана с возросшим стремлением современного человека к самовыражению, самостоятельному формированию круга своего общения и круга источников информации. Используя удобные технические возможности, "блоггеры" создают новые социальные сети, не ограниченные государственными границами, сообщества по интересам, увлечениям и собственным симпатиям. Другой популярной технологией сетевого сообщества является создание социальной сети в виде интерактивного веб-сайта, предназначенного для коллективного общения и наполнения содержанием самими участниками сети. При этом притягательность и популярность такого рода социальных сетей объясняется двумя факторами. Во-первых, они выполняют функцию позиционирования индивида в социальном окружении с помощью специальных интерфейсов, которые не требуют специальных познаний пользователей в области программирования. Во-вторых, социальные сети направлены на развитие межличностной и групповой коммуникации.

Коммуникационная система, основанная на сетевых технологиях, коренным образом меняет парадигму общественных отношений. Современный мир превращается в плотно прошитую глобальную матрицу информационных сетей и новейших технологий.

#### *Список использованной литературы:*

- 1 Хабермас Ю. *Демократия, разум, нравственность. Московские лекции и интервью.* – М.: Academia, 1995.
- 2 Паринов С.И. *Онлайновые сообщества: методы исследования и практическое конструирование, 2000.* Режим доступа: <http://rvles.ieie.nsc.ru/~parinov/autoref.htm> (дата обращения: 12.01.2018).
- 3 Кадылбек А.К., Матакбаева Л.Х. *Роль и место экологической политики в системе международных отношений // Сер. Международная жизнь и политика, 2017. – №3-4(50-51). – С.54.*
- 4 Федотченко Ю.И. *Социальные сети: вчера наступает сегодня, 2010. Реклама. Теория и практика, №2.*
- 5 См. там же.
- 6 Рябцев В.Н. *Основные области применения служб социальных сетей организациями, 2010.* – Режим доступа: <http://scipeople.com/publication/64968/>. (дата обращения: 5.01.2018).
- 7 "Ушахиди" спасает людей. Теперь – и в России. 2010. Режим доступа: [http://www.programs-gov.m/22\\_1.php](http://www.programs-gov.m/22_1.php). (дата обращения: 1.02.2018).

*Г.М. Арыстанқұлова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Дипломатия институтының докторанты, Астана қ., Қазақстан*

## **ФРАНЦУЗ РЕСПУБЛИКАСЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫ ҚҰРАЛДАРЫНЫҢ БІРІ РЕТІНДЕГІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДИПЛОМАТИЯ**

*Аңдатпа*

Қазіргі заманғы жаһандану үрдісі кезеңінде кез келген мемлекеттің сыртқы саясатының экономикалық құрамдас бөлігін нығайтудың қажеттілігі күннен күнге артып отыр. Елдің сыртқы саяси қызметін жаңа жағдайлар мен талаптарға бейімдеу тұрғысынан Француз Республикасы дипломатиясының дәстүрі мен тәжірибесі мол екені анық.

Дипломатиясының экономикалық бағытын дамыту Францияның алғашқы күндерден бастап бүгінге дейінгі тарихы бойында әлемдегі саяси және экономикалық жетекші ел мәртебесін сақтап қалуына мүмкіндік берді. Әлемдік экономикалық дағдарыс пен күрделі ішкі саяси және жалпы геосаяси конъюнктура жағдайында экономикалық дипломатия құрамдас бөлігі болып табылатын «ақылды» күш мемлекеттің дамыту қозғалтқышы бола алатыны Франция Республикасының мысалында қарастырылып отыр.

Бұл мақалада халықаралық аренадағы экономикалық-саяси ұстанымдарын нығайтуды және өзінің ұлттық өнімін әлемдік нарыққа шығаруды көздейтін өзге мемлекеттерде жүзеге асуы мүмкін Франция экономикалық дипломатиясын сыртқы саясаттың маңызды құралы ретіндегі қалыптасу және даму кезеңдері зерттеледі.

**Түйін сөздер:** Француз Республикасы, сыртқы саясат, экономикалық дипломатия, ақылды күш, сауда, экспорт, инвестициялар

*Арыстанқұлова Г.М.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>докторант Института дипломатии Академии государственного управления при Президенте Республики Казахстан, Астана, Казахстан*

## **ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДИПЛОМАТИЯ КАК ОДИН ИЗ ИНСТРУМЕНТОВ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ ФРАНЦУЗСКОЙ РЕСПУБЛИКИ**

*Аннотация*

Сегодня в условиях глобализации возрастает потребность в усилении экономической составляющей внешней политики любого государства. Дипломатия Французской Республики имеет богатые традиции и опыт по адаптации внешнеполитических функций к новым реалиям.

Экономическое направление дипломатии позволило Франции на протяжении всей своей истории вплоть до настоящего времени сохранить за собой статус одного из мировых политических и экономических лидеров. Именно на примере Французской Республики рассматривается, как «умная» сила, частью которой является экономическая дипломатия, может двигать государства вперед даже в условиях кризисного состояния мировой экономики и сложной геополитической конъюнктуры.

В данной статье исследуются этапы становления и развития экономической дипломатии Франции, как важного инструмента внешней политики, которая может быть имплементирована в других государствах, нуждающихся в укреплении своих экономико-политических позиций на международной арене и продвижении своей национальной продукции на мировых рынках.

**Ключевые слова:** Французская Республика, внешняя политика, экономическая дипломатия, умная сила, торговля, экспорт, инвестиции

*G.M. Arystankulova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>PhD student of the Institute of Diplomacy of the Academy  
of Public Administration under the President of the Republic of Kazakhstan,  
Astana, Kazakhstan*

## **ECONOMIC DIPLOMACY AS ONE OF THE TOOLS OF FOREIGN POLICY OF THE FRENCH REPUBLIC**

### *Abstract*

In the conditions of growing globalization, the need of strengthening the economic component of the foreign policy of any state is getting higher. The diplomacy of the French Republic has rich traditions and experience in adapting foreign policy functions to new realities.

Throughout its history up to the present time the economic direction of diplomacy has allowed France to retain the status of one of the world's political and economic leaders. On the example of French Republic, it is considered how the "smart power", which contains economic diplomacy, can move the states forward even in the depressed conditions of the world economy and the complex geopolitical conjuncture.

This article explores the stages in the formation and development of economic diplomacy of the France as an important instrument of foreign policy that can be implemented in other states that need to strengthen their economic and political positions in the international arena and promote their national products in world markets.

**Keywords:** French Republic, foreign policy, economic diplomacy, smart power, trade, export, investments

Экономикалық дипломатия Франция Республикасының халықаралық аренадағы жетекші орнын қамтамасыз ететін басты факторларының бірі ретінде қызмет етеді. Дипломатияның осы секторына баса назар аудару Францияның алғашқы күндерден бастап бүгінге дейінгі тарихы бойында әлемдегі саяси және экономикалық жетекші ел мәртебесін сақтап қалуына мүмкіндік берді.

Франция экономикалық дипломатиясының қол жеткен табысын түсіну үшін әлемдегі көптеген мемлекетке үлгі болуына мүмкіндік берген француз дипломатиясының басты қалыптасу кезеңдері мен тарихи тәжірибесін зерделеу қажет.

Бұл ретте Франция экономикалық дипломатиясының тарихы бойынша жетекші маман Л.Бадельдің «үш басты өзгеріске – акторларының әртүрленуіне, көпвекторлық рөлінің артуына және мемлекет пен компаниялар арасындағы қатынастың өзгеруіне ұшыраған» француз дипломатиясы экономикалық бағытының қазіргі жағдайын дұрыс түсінуге тарихи перспективаның көмектесетіндігі туралы ойымен келісеміз [1].

Франция экономикалық дипломатиясының дамуы туралы айта келіп, оның өзіндік ерекшеліктері бар екендігін де, сондай-ақ осы саладағы әлемдік үрдістермен байланысты екендігін де атап кету қажет. Оның қалыптасуының бес басты кезеңін бөліп көрсетуге болады.

Бірінші кезең (XIII-XVIII ғғ.) – халықаралық қатынастардағы сауда-саттықтың орнының біртіндеп тұрақталуымен байланысты ұзаққа созылған кезең.

Екінші кезең (XVIII ғ. соңы – XX ғ. басы) – Франциядағы революция, мемлекеттер арасындағы экономикалық қатынастарға халықаралық-құқықтық базаны белсенді енгізу, сондай-ақ кейбір дипломатиялық қызметшілерге экономикалық (сауда-саттық) қызметтерін бекіту.

Үшінші кезең (1914-1945 жж.) – экономикалық дипломатияның Дүниежүзілік екі соғысқа байланысты тоқырауға ұшырауы.

Төртінші кезең (1945 ж. – XX ғ. басы) – жаһандық үдерістердің қарқын алуымен, халықаралық экономикалық құрылымдардың пайда болуымен, осының салдарынан саяси-экономикалық қатынастарда дәстүрден тыс акторлардың көрініс табуымен байланысты халықаралық қатынастардың, бірінші кезекте экономикалық саладағы қатынастардың жаңа жүйесінің қалыптасуы.

Бесінші кезең (XXI ғ. басы – бүгінге дейін) – экономикалық дипломатияның қызметтері мен әдістерін жаңа жағдайларға бейімдеумен байланысты тиісті талаптары бар әлемдік экономика мен саясаттың дағдарыс кезеңіне енуі.

Франция экономикалық дипломатиясының қалыптасу кезеңдерін жеке-жеке қарай отырып, сыртқы саясаттың құралы ретінде дипломатия сонау XIII ғасырда, IX Людовик тұсында дами бастағанын бірінші кезекте атап өтуіміз қажет. IX Людовик билік құрған уақытта Франция

Еуропадағы ең беделді мемлекеттердің бірі болды, оның кезінде алғашқы дипломатиялық қатынастар орнай бастады [2].

Француз дипломатиясы экономикалық секторының дамуы халықаралық экономикалық қатынастарда сауда-саттықтың базалық құрамдас бөлік ретінде қалыптасуымен байланысты. Бұл әл-ауқаты сауда-саттыққа және теңізде жүзуге тәуелді барлық мемлекет үшін ортақ үрдіс болды. Франция XV-XVII ғасырлар аралығында халықаралық сауда қатынастарына белсенді араласты. Осы уақыт кезеңінде Франция дипломатиясының тарихында тұлғаларды, сауда келісімдерін қорғау туралы келісімшарттар көптеп жасалды [3], яғни экономикалық тетіктер мен құралдар саяси мақсаттарға қол жеткізу үшін қолданыла бастады.

Сауда-саттықтың мемлекетаралық қатынастардағы рөлінің арта бастауын есепке ала отырып, сауда-саттық қызметін қорғау француз дипломатиясының басым міндеттерінің бірі болды. Аталған кезеңде сауда-саттық қызметін қамтамасыз ету, әдетте, күш көрсету және мәжбүрлеу дипломатиясымен қатар жүрді, дегенмен XVI ғасырдан бастап елдер арасындағы келісімдердің көпшілігі өзара тиімді экономикалық ынтымақтастық негізінде жасала бастады [4]. Дәл осы XVI жүзжылдықта тұрақты жұмыс жасайтын елшіліктер мен кедендік ведомстволар пайда болды. Дипломаттар экономикалық мүдделерді қорғап қана қоймай, оларды алға бастыруды біртіндеп өз міндеттеріне ала бастады [5], сондықтан XVII ғасырдан бастап-ақ еуропалық мемлекеттерде консулдарға шетелдегі отандық саудагерлерге көмек көрсететін ресми шенеунік міндеті артылды.

Франция экономикалық дипломатиясы қалыптасуының екінші кезеңі XVIII ғасырда-ақ екіжақты қатынастарды жақсартумен қатар ұлттық өнімді шетел нарығына енгізудің реттелген тетігін әзірлеу үшін Ұлыбритания мен Франция арасында 1786 жылы ағылшын-француз сауда келісімшартына қол қойылуымен байланысты [6]. Келісімшартта екі мемлекеттің кейбір тауарларына салынатын баж салығын төмендету көзделген болатын, алайда 1792 жылы келісімшарт бұзылды, себебі ол француз нарығына ағылшынның арзан тауарларын кедергісіз әкелуге жол ашты, бұл өз кезегінде француз тоқыма және металлургия өндірісінің құлдырауына себеп болды [7]. Келісімшарттың теріс нәтижелеріне қарамастан, бұл шара Францияның өзге мемлекеттермен экономикалық қатынастарын одан әрі дамыту барысында жақсы тәжірибе жинақтауына мүмкіндік берді.

Франция өз сауда-экономикалық байланыстарын жүйелі дамыта отырып, XIX ғасырдың ортасынан бастап консулдықтарға дипломатиялық корпус орналасқан елдермен экономикалық және сауда қатынастардың жағдайы туралы толық есеп құрастыруды міндеттей бастады. Мысалы, 1885 жылы кейбір консулдарға нақты саудалық қызмет жүргізу міндеттері жүктелді [8].

XX ғасырдың басында, 1906 жылы Францияның Лондондағы алғашқы сауда және алғашқы қаржы атташесі тағайындалды. Көптеген мамандардың атап көрсетуінше, осындай арнаулы қызметті құру әлем дипломатиясындағы жаңа құбылыс болды, бұл дипломатияның жаңа түрінің – экономикалық дипломатияның қалыптасуына жол ашты [9].

Француз экономикалық дипломатиясы дамуының үшінші кезеңі Дүниежүзілік екі соғыспен байланысты, бұны Г.Каррон де ла Каррьер бейнелі түрде «экономикалық дипломатияның күйреуі» деп атады. Ол «соғыс аяқталған кезде әлем түбегейлі өзгерген болып шықты, бірақ адамдардың өзгерістерге бейімделуі моральдық тұрғыдан қиын болды, бұрын-соңды болып көрмеген экономикалық факторлар басты орынға шықты» деп жазды [10].

Бұл кезең Еуропада ғана емес, бүкіл әлемдегі саяси салада да, экономикалық салада да түбегейлі өзгерістер кезеңі болды. Г.Каррон де ла Каррьер бұл туралы былай деп жазды: «соғыс орасан сұмдық қарыздармен, Германиядан алынатын репарациялармен, одақаралық берешектермен, орыс займдарымен аяқталды. Осы ақылға сыйымсыз былыққан борыштық міндеттемелер он шақты жыл бойы халықаралық қатынастарды бұзып келді. Орталық Еуропаның жаңа мемлекеттері ұлттық белгі бойынша құрылды, олардың экономикалық тұрғыдағы өміршеңдігі есепке алынбады. Көпшілігінің экономикалық негізі дұрыс ойластырылмағандықтан, олар өз бетінше өмір сүруге қабілетсіз болды» [10].

Осылайша, еуропалық мемлекеттер арасындағы жаңа қатынастар мен олардың әлемдегі өзге елдермен қатынастары мүлдем жана негізде құрыла бастады. Нақтысында, Еуропа елдерінің, оның ішінде Францияның, халықаралық қатынастарды дамытуға қосқан көпғасырлық үлесі өз құндылығын жойды. Экономикалық дипломатия мемлекетаралық ынтымақтастықтың сол кезеңде қалыптасқан дағдарыс жағдайын жеңіп шығуға қабілетті тиімді тетіктерінің негіздерін қалауға дайын болмады.

Еуропада XX ғасырдың 30-жылдарының соңына қарай экономикалық дипломаттардың күш-жігері арқасында тұрақтала бастаған экономикалық-саяси үрдіс бұрынғыдан да ауқымды шиеленіспен – Екінші дүниежүзілік соғыспен қайта бұзылды. Осы соғыстың соңына қарай әлемдік экономика



түгелдей күйреді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Францияның миллионнан астам адамы опат болды. Өнеркәсіп пен ауылшаруашылығы секторының деңгейі екі еседен артық төмендеді. Көптеген шахта, электр станциялары, кеме жасау зауыттары қиратылды. Франция сауда және әскери-теңіз флотының барлығынан айырылды. Француз колониялары таратылды. Францияның жалпы әскери шығыны 1945 жылғы бағамен 15 миллиард долларды құрады [11]. Экономикалық алауыздық валюта жүйесі жағдайының құлдырауымен қиындай түсті. Мысалы, француз франкісінің соғысқа дейін болған алтынмен салыстырғандағы құны жойылды.

Франция экономикалық дипломатиясы қалыптасуының төртінші кезеңі соғыстан кейінгі жылдарға сәйкес келеді. Экономикалық дипломатияның әлемдегі және Франциядағы қайта жаңғыруы 1945 жылдан соң, тиісті халықаралық институттары пайда болып құрылымдық тұрғыдан барынша берік және біріктірілген экономикалық жүйе қалыптаса бастаған кезде жүрді.

Француз экономикалық дипломатиясының бұл кезеңінің бірнеше ерекшелігі бар. Атап айтқанда, әлемдік экономиканың барынша ашық бола бастауы, дәстүрлі протекционизмнен ішінара бас тарту Францияның ішкі сауда саясатындағы түбегейлі өзгерістерге алып келді, нәтижесінде оның экономикалық дипломатиясы да өзгеріске ұшырады. Дәл осы уақытта француз сыртқы экономикалық саясатында экспорттың басымдығы қалыптаса бастады. Француз экономистерінің арасында «Экспорттау немесе өлу» ұраны тарала бастаған кез де – осы кезең [12]. Осылайша, тауарлар мен қызметтердің әлемдік нарығында сыртқы сауданы ынталандыру тетіктерін және өзіндік институттары бар сыртқы сауданың жаңа ұйымдық құрылымын жасау қажеттілігі туындады [13].

Осы кезеңде экономикалық дипломатия өзінің бейімделу қабілетінің жоғары екендігін тағы бір рет дәлелдеп шықты. Көпжақты экономикалық келісімдер жасасу және экономикалық ынтымақтастықтың бірыңғай қағидаттарын орнатуға бағытталған іс-шараларға қарамастан, француз дипломатиясы генерал Ш. де Голльдің ықпалымен екіжақты мемлекетаралық қатынастар негізіндегі келісімшарттарды нығайтуға тырысты. Бұл әдіс кейбір дереккөздерде «жаңа екіжақты» деген атау алды [14], себебі бұл жағдай нақты елдерге қатысты сыртқы экономикалық саясатты жүзеге асыру кезінде Францияға белгілі міндеттемелер жүктейтін жалпыеуропалық құрылыс қағидаттарының мызғымастығына негізделді.

Аталған әдіс Францияға халықаралық қатынастарда сол кезеңге қарай қалыптасқан биполярлық жүйеде екі қуатты держава арасында сәтті қимылдауға мүмкіндік берді. Бұл ретте, бірінші кезекте, нақты мемлекеттермен ынтымақтастықты орнату үшін арнаулы аралас комиссиялар мен комитеттер құрыла бастағанын айту керек. Француз-Кенес экономикалық қатынастарын осындай әрекеттестіктің мысалы ретінде келтіруге болады. Қарым-қатынасты алға жылжыту үшін «үлкен және шағын комиссиялар» құрылды, олар Франция және Шығыс Еуропаның өзге мемлекеттерімен, мысалы, Венгрия және ГФР-мен ынтымақтастықтың белгілі архетипін құрастырды. Бұл комиссиялар мемлекеттерде сауда палаталарын ашуды көздеді.

Жалпы алғанда, осы кезеңді экономикалық құралдармен тек саяси мақсаттарға қол жеткізуді көздеу аясынан шыққан экономикалық дипломатия дамуындағы ерекше кезең деп атауға болады. Аталған кезде Франция сыртқы саясатының бағытына саяси-экономикалық құрамдас бөлік қосу арқылы осы экономикалық құралдың қызметін кеңейте алды. Бұл әдіс арқылы мемлекет өсіп келе жатқан сауда теңгерімінің жетіспеушілігін теңестіруге мүмкіндік алды.

Олай болса, Франция өзінің сыртқы экономикалық байланыстарын ұлттық экономиканы басқару мен күннен-күнге артып келе жатқан өңірлік өзара тәуелділік арасындағы қайшылықты барынша теңестіру бағытында құруға тырысқанын байқауға болады. Нәтижесінде француз тауарларының артықшылығын сақтау қағидаты айқын сақталды. Мысалы, Батыс Германиямен салыстырғанда, Франция экономиканың өсуін қамтамасыз ету үшін мемлекеттік реттеу үлесі айтарлықтай жоғары деңгейде болуын басшылыққа алатын «дирижизм» деп аталатын ұстанымда болды [15].

Аталған кезеңді талдай отырып, оны экономикалық дипломатияны дамыту мен алға жылжыту үшін жауап беретін ұлттық мемлекеттік акторлардың құрылуымен сипаттауға болады. XX ғасырдың ортасынан бастап сыртқы істер министрлігі, оның мамандандырылған департаменттері және бөлімдерімен қатар француз экономикалық дипломатиясының мәселелерімен айналысатын көптеген құрылымдар пайда болды. Франция экономикалық дипломатиясының басты құрылымдық институционалдық бөліктерінің арасынан мыналарды атап көрсетуге болады:

Сыртқы істер министрлігі – Францияның сыртқы экономикалық жұмысына жауапты қызметтер мен министрліктерді алмастыру үшін емес, оларды толықтыруға, қажетті сыртқы саяси негізді қалыптастыруға бағытталған экономикалық дипломатияның дәстүрлі қатысушысы. СІМ сауда-

экономикалық саланы талдау негізінде тиісті ұсыныстар берумен айналысады. Бұл ұсыныстар сыртқы сауда қызметіне қатысатын барлық министрліктер мен олардың қызметтеріне бағытталады. СІМ құрамына енетін экономикалық және қаржылық байланыстар жөніндегі дирекция СІМ-нің аталған міндеттерді жүзеге асырудағы басты құралы болып табылады. Дирекция сауда-экономикалық келісімшарттарына қол қою мақсатында келіссөздер дайындау мен жүргізуге; осы саладағы құқықтық және нормативтік реттеуді әзірлеуге қатысады; Францияның шетел мемлекеттерімен экономикалық қатынастарын дамытуын талдайды.

Францияның экономикалық дипломатиясында бейінді экономикалық министрліктер (сыртқы сауда министрлігі, экономика және қаржы министрлігі) және олардың түрлі департаменттері мен басқармалары СІМ-мен қатар маңызды рөлді атқарады. Сыртқы сауда министрлігіне Франция үкіметінің сыртқы сауда қызметіне қатысты шешімдерін әзірлеу, сондай-ақ француз сыртқы экономикалық қызметін ынталандыру және экспорттық-импорттық операцияларды дамыту үшін қажетті шараларды әзірлеу мен қабылдау міндеттері жүктелген.

Сыртқы сауда министрі өз міндеттерін орындау кезінде Экономика және қаржы министрлігінің сыртқы экономикалық байланыстар басқармасын пайдаланады, онымен бірлесіп Францияның сыртқы экономикалық қызметі мен сыртқы сауданы реттеуге жауап беретін бөлімшелердің лауазымды тұлғаларын тағайындайды. Басқарма әлемдік нарықтағы конъюктураны талдап, соның негізінде француз экспорттаушыларына көмек ретінде өз ұсыныстарын беретін сыртқы сауда жөніндегі өңірлік дирекциялардың және сыртқы сауда кеңесшілерінің жұмысына жауап береді.

Бұған қоса ведомствоаралық орган – Сыртқы сауда жөніндегі стратегиялық комитет құрылған, оның жұмысына барлық бейінді министрліктер мен үкімет дирекциялары жұмылдырылған. Сыртқы сауда министрі жанында Бақылау және болжау орталығы жұмыс жасайды, экономикалық жағдайдың дамуы мәселелері бойынша, әлемдегі басты нарықтардың дамуы және осы үдерістердегі Францияның алатын рөлі бойынша министрге кеңес беру соның міндетіне кіреді. Францияның сыртқы экономикалық блогіне кіретін осы көрсетілген үкіметтік құрылымдармен қатар Кедендік және акциздік алымдар жөніндегі бас дирекцияны (сыртқы экономикалық қызметті реттеу), Бюджет жөніндегі дирекцияны (халықаралық валюталық-қаржылық саясатты әзірлеу) және т.б. атап өтуге болады.

Мемлекеттік органдардан басқа ұлттық кәсіпорындарға тауарлары мен қызметтерін әлемдік нарыққа шығаруға көмек көрсетуге жауап беретін квазимемлекеттік мекемелер жүйесі жұмыс жасайды. Жартылай мемлекеттік құрылымдардың осындай желісі мемлекеттік мекемелермен бірге экономикалық дипломатия саласына тартылған. Осындай ұйымдардың ішінде мыналар бар:

- Француз сыртқы сауда орталығы (ФССО), басты міндеті – экспорттық операцияларға қолдау көрсету.

- КОФАС (COFACE) – Сыртқы сауданы сақтандыру жөніндегі француз компаниясы (экспорттық несиелерді коммерциялық, саяси және валюталық тәуекелдерден сақтандыру).

- Сауда-өнеркәсіп палатасы және шетелдегі (CCI France International) ССП (сыртқы сауда палатасы) Одағы, ұлттық өнімді шетелде таратуға қолдау көрсетеді.

- Француз кәсіпорындарының қозғалысы (MEDEF), қызметі француз кәсіпорындары мен мемлекет арасындағы әрекеттестікті нығайтуға бағытталған.

- Шағын және орта кәсіпорындар конфедерациясы (CPME), ұлттық шағын компаниялардың мүдделерін қорғайды.

- Шеберлер мен қолөнершілер палатасы (Chambre de Métiers et de l'Artisanat), шағын бизнес мүддесін қорғауға жауапты.

Осылайша, экономиканың экспорттық құрамдас бөлігі басты орынға қойылған экономикалық дипломатия қалыптасуының төртінші кезеңінде Париж сыртқы экономикалық саясатының ұйымдық құрылымы жасақталды. Бұл құрылым құрамына дипломатиялық блок (СІМ), экономикалық блок (экономикалық блоктың бейінді министрліктері) және үкіметтік мекемелерге ынталандырушылық және ақпараттық қолдау көрсететін жартылай мемлекеттік ұйымдар кіреді. Бұл құрылымдар ұзақ уақыт қатар жұмыс жасады, мезгіл өте келе бір-бірінің қызметін қайталайтын болды, сондықтан 2014 жылы олардың арасындағы өкілеттіктерді қайта бөлу жүргізілді.

Франция экономикалық дипломатиясының қалыптасуы және дамуының бесінші кезеңі (XXI ғасырдың басы – бүгінге дейін) Париждің сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметінің жаңа бейнесін белгілейді. Бұл уақыт аралығындағы Франция экономикалық дипломатиясы дамуының басымдықтарын әлемдік экономикалық дағдарыспен, еуропалық экономиканың мәселелерімен, түрлі елдер және әлемнің түрлі өңірлеріндегі тұрақсыз саяси жағдаймен (халықаралық терроризм,

Сириядағы дағдарыс, Украинадағы шиеленіс, Ресейге қарсы санкциялар және т.б.) байланысты қалыптасқан мәселелерді есепке ала отырып зерттеу қажеттігімен байланысты болып отыр.

2010 жылдарынан бастап Франция экономикасы бұрын-соңды болмаған сауда теңгерімінің жетіспеушілігіне ұшырады. XX ғасырдың ортасынан бастап экономикадағы басты орында «экспорттау немесе өлу» [12] қағидаты болған Франция үшін экспорттың импортпен салыстырғандағы ара салмағы және сауда теңгерімінде профицитті көрсеткіштерге қол жеткізу экономиканың тұрақтылығы мен дамуын қолдаудың маңызды параметрлері болып саналады. Олай болса, сауда теңгерімі, жалпылай алғанда, бүкіл Францияның ілгерілемелі және қауіпсіз дамуына әсер етеді.

Француз экономикасындағы экспорттың шешуші маңызын дәлелдеу үшін оның басты көрсеткіштерін келтірген дұрыс. Бесінші Республиканың экономикасы абсолюттік көрсеткіштер бойынша қазіргі күні Еуропалық Одақта ГФР-дан кейінгі екінші орында тұр. 2016 жылдың қорытындысы бойынша оның ДЖӨ 2.228,9 млрд. евроны құрады, ішкі сауда айналымы 954,4 млрд. евроға тең [16] немесе қатысты мәнде 42,8% ДЖӨ. Ондағы жалпы экспорт үлесі 47,4 % (453 млрд. евро), ал импорт – 52,6 % (501,4 млрд. евро). Осылайша, сауда теңгерімінің теріс мәні 2016 ж. 48,4 млрд. евроға жетті, ал экспорттың импортқа қатысы – 47,4 % болды [17].

Франция экономикалық дипломатиясы дамуының шешуші кезеңі ретінде Ф.Олландтың президенттігі кезінде сыртқы істер министрі болған Л.Фабиус француз сыртқы саясатының осы бағытына құрылымдық реформалау жөнінде бастама көтерген 2012 жылды атауға болады. Дәл осы кезде өз сұхбаттарының бірінде министр француз дипломатиясы экономикалық векторының аса маңыздылығы және оның атқарушы биліктің институционалды құрылымындағы орны туралы бағдарламалық мәлімдеме жасады [18].

Өз сұхбатында Л.Фабиус ұлттық экономиканың басты мәселелерін ашып көрсетті, оның ішінде шетел нарығына француз кәсіпорындарының қатысуы әлемдік және еуропалық өзге экономикалармен салыстырғанда аздығын; сауда теңгерімінің тапшылығын; инвестициялар легінің төмендеуін; шағын және орта бизнес өкілдерінің сыртқы экономикалық белсенділікке аз тартылуын баса атап өтті.

Л.Фабиус мемлекеттің экономикалық мәселелерін жеңудегі француз дипломаттарының рөлін былайша анықтады: «экономикалық дипломатияның мәні біздің сыртқы саясатымызды елдің экономикалық мүдделеріне қызмет етуге жұмылдыруда жатыр. Сыртқы істер министрлігі көптеген дағдарыстарды шешу үшін қызмет атқарады, олай болса, маңызды болып есептелетін экономикалық дағдарыспен айналыспауы ақылға сыйымсыз болар еді. Сыртқы саясат ведомствосы компаниялар қарамағына әлемдегі ең кең тараған дипломатиялық өкілдіктер желісін ұсына отырып, біздің компаниялар, біздің жұмыс орындарымыз, ел экономикасының өсуі мен қалпына келуі ісінде маңызды рөл атқаруы тиіс» [18].

Сонымен, Л.Фабиустың бастамалары үш басым міндетті шешуге бағытталады:

- ұлттық экспорттық кәсіпорындарды сыртқы нарықта қолдау;
- жұмыс орындарын ашу үшін Францияға шетелдік инвесторларды тарту;
- еуропалық және халықаралық деңгейде (ЕО, ЭЫДҰ, ДСҰ және т.б.) ұлттық мүдделерді қорғау (әсіресе, сауда келісімдері жөніндегі келіссөздерде).

Экономикалық дипломатияны нығайту бойынша жоспар тәжірибе жүзінде мына басты шараларды қабылдау арқылы жүзеге асырылып келеді:

Біріншіден, СІМ құрамында француз компаниялары және әлемдік экономика мәселелері жөніндегі дирекция құрылды.

Екіншіден, СІМ-де «өңірлерге арналған елші» лауазымы тағайындалды. Ел ішіндегі өңірлік өндірушілер мен француз дипломатиялық желісі арасындағы байланыстарды нығайту өңірлік елшінің міндетіне кіреді. 12 француз өңіріне елшілер тағайындалды.

Үшіншіден, Қытай, Жапония, Мексика, Алжир, Ресей, БАӘ, Үндістан, ОАР, Австралия, Бразилия, Ангола, Балқан елдерімен, АСЕАН мемлекеттерімен қарым-қатынас үшін елдің белгілі саяси қайраткерлерінен тағайындалатын «сыртқы істер министрінің экономикалық дипломатия жөніндегі арнаулы өкілдері» институты құрылды.

Төртіншіден, СІМ-нің үйлестіруші рөлін арттыру бағытында сыртқы істер министрлігі мен экономика және қаржы министрлігі арасындағы қатынастар қайта қарастырылды.

Бесіншіден, шетелдегі кәсіпорындарды қолдау жөніндегі (Ubifrance) және Францияға халықаралық инвестицияларды тарту жөніндегі (AFII) ұлттық агенттіктер экспортты дамыту және француз компанияларын қолдау бойынша «Бизнес Франс» (Business France) атты құрылымға біріктірілді,

сондай-ақ халықаралық техникалық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі құрылымдар «Экспертиза Франции» (Expertise France) атты біртұтас оператор қамқорлығына берілді.

Алтыншыдан, экономиканың стратегиялық салаларындағы ірі экономикалық жобаларға мониторинг жүргізілуде.

Жетіншіден, қосымша экономикалық дағдыларды алу үшін дипломаттарды қайта дайындау, сыртқы істер ведомствосы мен компаниялар арасында персоналмен алмасу жүзеге асырылуда.

Осылармен қатар шетелдерде білім беру және мәдени желі, стипендиялар, ғылыми ынтымақтастық, визалық саясат және т.б. сияқты ықпал етудің дәстүрлі құралдары немесе «жұмсақ күштің» мүмкіндіктері француз дипломаттарының экономикалық жұмысын күшейтуге бағытталды. Білім, ғылым және мәдениет салаларындағы саясат мемлекеттің экономикалық мақсаттарымен тығыз байланыста жүргізілуде.

Осылайша, Л.Фабиустың бастамалары экономикалық дипломатия ұйымдарындағы тектоникалық жылжулардың себебі болды, бұл тәжірибе жүзінде сыртқы істер министрлігі мен экономика және қаржы министрлігі арасында өкілеттіктерді қайта бөлуге алып келді. Ұзақ жылдар бойы бұл құрылымдар қатар қызмет етті, араларында бәсекелестік те орын алған жағдайлар болды, нақтысында, СІМ экономика және қаржы министрлігі жанында дипломатия мәселелеріне қатысты ілеспе және ақпараттық-талдау қызметін атқарған болды.

Бұрынғы президент Ф.Олланд пен үкімет экономикалық дипломатияның жаңа ұстанымдарын қолдады, нәтижесінде сыртқы істер және Еуропа министрлігі (қазіргі атауы) біртіндеп экономикалық дипломатия қызметінің басты үйлестіруші рөліне ие болуда. Франция бюджеті кірісінің ауқымды бөлігін құрайтын сыртқы сауда және туризм мәселелерін 2014 жылы өз құзыретіне алуы да СІМ-нің бұрын-соңды болмаған күшеюіне алып келді [19].

Экономикалық дипломатия жүйесін қайта құру бойынша Францияда жүргізілген жұмыстың ауқымын бағалау үшін осы сала жұмысының жаңа қағидаттарын енгізген уақыттан бергі елде қол жеткізілген басты макроэкономикалық көрсеткіштерге көз салсақ болады. 2012 жылдан 2016 жылға дейінгі уақытта сауда теңгерімінің жетіспеушілігі 20 млрд. еуродан астамға төмендеді. Бұл саладағы прогресс отандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігімен байланысты болғандықтан, аталған жетістіктер алдағы уақытта сенімді көрінеді. Белсенді түрде жүргізген экспорттық саясат мемлекетке экспорттаушы компаниялардың санын арттыруға мүмкіндік берді, олардың қатарынан орта және шағын бизнесті де көруге болады. Қазіргі күні мұндай компаниялардың саны жүз жиырма бес мыңнан асып отыр [20].

Сонымен қатар, жалпы көлемі шамамен 28 млрд. еуроға жеткен шетелдік тікелей инвестициялардың көбеюі де байқалады. Франция СІМ деректері бойынша (2015 жылғы) елде мыңға жуық инвестициялық жобалар жүзеге асырылған, олар қосымша 30 000 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді [20]. Франциядағы жұмыспен қамту жөніндегі статистиканы да атап өтуге болады, жұмыспен қамту 2012 жылдан бастап тұрақты түрде өсіп келеді, бұл да экономикалық дипломатияның күш-жігерін көрсетеді.

Жыл сайын Францияға келіп, оның экономикасына айтарлықтай үлес қосатын туристер санының артып отырғанын да айта кету керек. 2012 жылдан бастап олардың саны 2 миллион адамға өсті, бұл туризм саласының СІМ-нің қарамағына беріліп, қабылданған бастаманың дұрыстығын дәлелдеп отыр [19].

Олай болса, елдің шаруашылық қызметінде экономикалық дипломатия рөлін арттыру бойынша француз басшылығы қабылдаған шаралардың өміршеңдігі дәлелденіп отыр. Бұл ретте экономикалық дипломатияның Ф.Олланд президенттігі кезінде жарияланған басымдықтарын Францияның қазіргі басшысы Э.Макрон да растап отыр. Т.Н. Чумаченко атап өткеніндей, 2017 жылы француз дипломаттарымен болған кездесуде Э.Макрон экономикалық дипломатия үкіметтің басымдықтарының бірі болатынын баса айтты [21].

Экономикалық дипломатия дамуының кезеңдерін зерттеуді қорытындылай келе, Франция шектеулі қор жағдайында экономикалық дипломатия құралдарын табысты қолданудың үлгісі бола алғанын анықтадық. Дипломатияның осы сегментіне баса назар аудару Францияның алғашқы күндерден бастап бүгінге дейінгі тарихы бойында әлемдегі саяси және экономикалық жетекші ел мәртебесін сақтап қалуына мүмкіндік берді деп санаймыз. Әлемдік экономикалық дағдарыс және күрделі әлемдік саяси конъюнктура жағдайында да экономикалық дипломатия ажырамас бөлшегі болып табылатын «ақылды» күш мемлекетті алға жылжытуға қабылетті екенін Франция көрсетіп отыр.

Экономикалық дипломатияны жүзеге асыру қағидаттарының француздық жанашыл үлгісін халықаралық аренадағы өзінің экономикалық-саяси ұстанымдарын нығайтуды және өзінің ұлттық өнімін әлем нарығына шығаруды көздейтін өзге мемлекеттер басшылыққа алуына болады. Бұл ретте экономикалық дипломатияның үлкен әлеуетіне негізделген Франция тәжірибесін Қазақстан Республикасы да [22] пайдалана алуына болатынын пайымдаймыз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Badel L. *Pour une histoire de la diplomatie économique de la France // Vingtième Siècle. Revue d'histoire.* 2006. – № 2. – P.169-185.

2 Badel L., Jeannesson S. *Introduction. Une histoire globale de la diplomatie? //Monde (s).* – 2014. – №1. – P.6-26.

3 Villepin D. *Histoire de la diplomatie française.* – Paris: Perrin, 2005. – P.432.

4 Droz J. *Histoire diplomatique de 1648 à 1919.* – Paris: Dalloz, 1972. – V.4. – P.854.

5 Rain P. *La diplomatie française.* – Paris: Plon, 1945. – V.1. – P.258.

6 Ioannissian A. *La première ébauche du «plan» de Lange // Annales historiques de la Révolution Française.* 38e Année, No. 184. Avril-Juin 1966. P.15-18.

7 Henderson W.O. *The Anglo-French commercial treaty of 1786 // The Economic History Review,* 1957. – V.10. – № 1. – P.104-112.

8 Febvre L. *Histoire, économie et statistique // Annales d'histoire économique et sociale.* – Cambridge University Press, 1930. – V.2. – №8. – P.581-590.

9 Bouvier J. *Histoire économique et histoire sociale: Recherches sur le capitalisme contemporain.* – Genève: Librairie Droz, 1968. – P.166.

10 De La Carrière C.G. *La diplomatie économique. Le diplomate et le marché.* – Paris: Economica, 1998. – 224 p.

11 *Economic Costs – The Costs of World War II [Электронный ресурс] // The Costs of World War II. – Режим доступа: <https://researchworldwar2.weebly.com/economic-costs.html> (дата обращения 5.01.2018).*

12 Gingembre L. *Le point de vue des petites et moyennes entreprises // Hommes et mondes.* – 1950. – №44. – P.456-459.

13 Pépin P.Y. *Le commerce extérieur de la France, analyse et commentaire (1950-1960) // Actualité Économique.* – 1963. – V.38. – №4. – P.586.

14 Badel L. *L'État français face au risque politique dans les années 1970: les cas polonais, sud-africain et iranien // Les cahiers IRICE.* – 2010. – №2. – P.123-140.

15 Chauveau S. *L'économie de la France au 20e siècle.* – Paris: Sedes, 2000. – P.96.

16 *World Bank Data [Электронный ресурс] // World Bank. – Режим доступа: <https://data.worldbank.org/indicator/NY.GDP.MKTP.CD?locations=FR&view=chart> (дата обращения 25.12.2017).*

17 *Balance commerciale [Электронный ресурс] // Institut national de la statistique et des études économiques. – Режим доступа: <https://www.insee.fr/fr/statistiques/1906715?sommaire=1906743> (дата обращения 27.12.2017).*

18 Fabius L. *La France dans la bataille de la diplomatie économique [Электронный ресурс] // Editions Choiseul, «Géoéconomie». – Режим доступа: <http://www.cairn.info/revue-geoéconomie-2013-2-page-7.htm> (дата обращения 15.01.2018).*

19 *France Tourist Arrivals [Электронный ресурс] // Trading Economics. – Режим доступа: <https://tradingeconomics.com/france/tourist-arrivals> (дата обращения 15.01.2018).*

20 *Activity of the French diplomatic network abroad [Электронный ресурс] // France Diplomatie. – Режим доступа: <https://www.diplomatie.gouv.fr/en/the-ministry-and-its-network/graphic-activity-of-the-french-diplomatic-network-abroad/> (дата обращения 9.01.2018).*

21 Чумаченко Т.Н., Усова М.В. *Францияның қазіргі кезеңдегі сыртқы саясатының бағыты. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Халықаралық өмір және саясат» сер., 2016. – №1(44). – Б.127- 130.*

22 Узакова А. *Қазақстан мен Франция арасындағы экономикалық серіктестік. Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы. «Халықаралық өмір және саясат» сер., 2016. – №3(46). –Б.171-190.*

УДК 32  
МРНТИ 11.01

*Г.А. Меңілбаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>тарих ғылымының кандидаты, Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті,  
Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **БАТЫР БАЙМҰРАТ БАЙБӨРІҰЛЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада автор батыр Баймұрат Байбөріұлының 18 ғасырдың барысында қазақ даласындағы болған тарихи оқиғалардың тікелей басы-қасында болғандығын тарихи құжаттармен айғақтайды. Оның батырлығы, қоғамдағы беделді тұлға ғана емес, дипломат, билікке араласқан, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуда жанқиярлық ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, келешек ұрпақ қамын ойлаған-салиқалы, терең ойлы, батыл ұстанымды саясаткер болғандығын ашып көрсететін бізге белгісіз тұстарын қарастырады. Сонымен қатар, мақалада Баймұрат Байбөріұлы батырдың жоңғар шапқыншыларына қарсы күрестегі ерлігі, оның қазақ қоғамындағы орны, тарихи тұлға болып қалыптасуындағы оқиғаларға ғылыми сараптама жасалынған. Батыр Баймұрат Байбөріұлының тарихта болған тұлға екендігі, Жаппас пен Алтын руларына ұран болған кемеңгер көсем, қолбасшы, елші, қайраткер, қоғамда шешендігі мен батырлығы қатар шыққан, көреген әулие, қазақ қоғамында сауда байланысы мен экономиканы қатар жүргізе білген тарихи тұлға болғандығы ғылыми тұрғыдан зерттелінді. Батыр Баймұрат Байбөріұлының адами тұлғасы туралы, оның қолбасшылығы, сыртқы жауға қарсы соғысудың өнерін жетік меңгергендігі, қазақ қоғамындағы сыртқы және ішкі саясаттағы жағдайға оң және дұрыс баға бере білуін 18 ғасырдың тарихи ірі тұлғалары Әбілхайыр хан мен оның билері мен батырлары, ру ақсақалдары, т.б. мойындаған. Патшалы Ресей мемлекетімен сыртқы саяси және экономикалық байланыстар орнатуда өзіндік орны бар тарихи тұлға болғандығын ғылыми тұрғыдан тереңдей ашып көрсету келешек ұрпаққа еншісінде деуге болады.

**Түйін сөздер:** батыр, ру-тайпалар, ұран, шежіре, Жаппас, Алтын, кіші жүз, елшілік, көтеріліс, патша өкіметі, Аңырақай, шайқас, архив, зерттеулер

*Менілбаев Г.А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>кандидат исторических наук, доцент кафедры международных отношений,  
Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **БАТЫР БАЙМҰРАТ БАЙБОРИУЛЫ И ЕГО РОЛЬ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ**

*Аннотация*

В данной статье автор описывает исторические подвиги Батыра Баймурат Байбориулы, который жил в 18 веке. Его достижения кроются не только в героизме, но и в том, что он хотел спасти казахские земли, а также думал о будущем казахских детей. Глубокий мыслитель, философ своего времени, политик, он всячески отстаивал нужды своего народа, помогал нуждающимся. В данной статье также говорится не просто про Баймурат Байбориулы батыр, но и про его героические подвиги в битве против жунгар. Он герой для казахов. Он был представителем младшего жуза, а именно Жаппасом. Разносторонний во всех сферах, он в те годы мог заниматься и торговлей, а также хорошо знал экономику тех времен. Заслуги великого батыра ценили люди своего времени, ханы, бии и батыры, так как он помог им в улучшении внешней и внутренней политики казахского ханства, экономических вопросов. Все заслуги Батыра Баймурат Байбориулы должны знать казахский народ и его потомки.

**Ключевые слова:** батыр, роды и племена, клич, генология, Жаппас, Алтын, младший жуз, востания, царское правительство, архив, исследования

*Menilbayev G.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>assosiative professor of International Relations chair of  
Abai Kazakh National Pedagogical University*

## **BATYR BAYMURAT BAYBORIULA AND ITS ROLE IN THE KAZAKH SOCIETY**

### *Abstract*

In this article, the author describes the historical exploits of Batyr Baymurat Baiboryuly, who lived in the 18<sup>th</sup> century. His achievement lies not only in heroism, but also in the fact that he wants to save Kazakh lands, he thought about the future of Kazakh children. A deep thinker, a philosopher of his time, a politician, he is all backward in the need of his people, helping the needy. Besides this, in this article Baymurat Baiboryuly batyr describes his heroic deeds in the beating against the jugglers. He is a hero for the Kazakhs. He was the representative of the junior jouz, namely Jappas. Versatile in all the lights, he in those years could engage in trade, well knew the economy of those times. His merits were valued by the great people of the time, khans, biys and batyrs. As he helped them to improve the external and internal politics of the Kazakh Khanate, economic issues, ties with Tsarist Russia, all thanks to him the Kazakh people should know their heroes.

**Keywords:** batyr, genera and tribes, cry, genology, Zhappas, Altyn, junior juz, uprising, tsarist government, archive, research

Тәуелсіздік алғаннан бергі 25 жыл уақыт ішінде еліміздің тәуелсіз тарихы жаңаша жазылу үстінде. Бұрынғы тұжырымдар қайта қаралып, тың деректер ғылыми айналымға тартылуда, соны тың көзқарастар мен батыл ұсыныстар жасалуда. Соның ішінде дәстүрлі қазақ қоғамындағы батырлар қызметі төл тарихымызға қалам тартқан зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде белгілі дәрежеде көрініс тауып, олардың еліміз бен жерімізді сыртқы жаулардан қорғап, оны кейінгі ұрпағына мирас ету жолындағы жанкешті қимылдары жан-жақты сараланып, зерттеліп кеңінен насихатталуда. Өйткені, қазақ батырлары арқылы ұлтымыздың өзіне тән рухы, абырой намысы, ар ожданы мен асқақ жігері, күш қуаты мен бітім болмысы танылады. Дегенмен, қатпары қалың қазақ тарихындағы баһадүр бабалардың барлығы бірдей толық танылды дей алмаймыз. Әріге бармай-ақ, Отан тарихында орны оқшау болып табылатын XVIII ғасырда өмір сүрген қазақ батырларын айтсақ та жеткілікті.

Міне, осындай батырлар қатарында Баймұрат Байбөріұлының қазақ халқының тарихынан алатын орны, оның сыртқы жауларға қарсы шайқастардағы ерліктері, қоғам ішіндегі ішкі және сыртқы саясаттардағы өзіндік орны, экономикалық, сауда, т.б. қызметтері туралы да ашып көрсететін ерен еңбектері мен ерліктерін тарихшылар ғана емес, жалпы зиялы қауым өкілдерінің өзі де жеткілікті біле бермейді. Сол себепті, оның есімін қазақ жерін сыртқы жаулардан қорғаған қазақ батырлары Қабанбай, Бөгенбай, Жәнібек, Наурызбай батырлармен қатар айтатын ерлік істері мен қызметтерін бізден кейінгі ұрпақтар білуі керек деп ойлаймын.

Баймұрат батыр есімі халық арасында Байұлы бірлестігіндегі Жаппас пен Алтын руының ұраны ретінде белгілі. Ал ұран – әулет-атаны, ру-тайпаны, ел-жұртты аса маңызды іс пен әрекетке жұмылдыру үшін, сол жолда жұртшылықты жігерлендіріп, олардың рухын көтеру үшін жар сала айтылатын дабыл сөз. Қазақтың дәстүрлі қоғамында, негізінен ру-тайпаның бастау тегінде тұрған тарихи адамдар, ел-жұрттың басына түскен сындарлы кезеңдерде ақыл-қайратымен танылған әйгілі тұлғалар мен атамекен атаулары ұранға шығатын болған. Яғни, ұран шақырғанда тарихи адамдардың, әйгілі тұлғалардың есімдері немесе атамекендері аталған. Сондықтан да ешқашан ұсақ-түйек тірлікке бола ұран шақырылмаған [1].

«Қазақ халқының, – деп жазды Құрбанғали Халид, – «ұран» дейтін сөздері бар. Бұл «орнат» деген сөзден алынған. Қыздыру, жиналу, қайрат беру мағынасында айтылады. Бұл тайпалар көмек шақыру орнына, я Аллах, әуелде болған пәленше бабамыз сияқты біздің бағымызды үстем ет деп жалбарынып өздерінің атақты батыр, ел бастаған зиялы адамдарының атын атап, айқайлап шақырады. Әр рудың өзіне тән ұраны болады» [2].

Баймұрат батырдың Жаппастың ұранына шыққандығын XIX ғасырдағы орыс зерттеушілері И.Ф. Бларамберг, П.Небольсин, Л.Мейер, Н.И. Гродеков, Н.А.Аристов өз еңбектерінде нақты жазып қалдырса, кейін Х.Досмұхамедов, М.Тынышбаев, Х.Маданов секілді қазақтың көрнекті ғалымдары да қуаттады.

Баймұраттың тарих сахнасына көтеріліп, саяси белсенділігімен көзге түсуі XVIII ғасырдың бірінші жартысына сәйкес келеді. Бұл кезең ел егемендігін сақтап қалу жолында халқымыздың сыртқы жауларға қарсы күресімен ерекшеленеді. Соның ішінде елімізге шығыста жоңғарлар, батыста Еділ қалмақтары айрықша қауіп төндірді. Міне, осы қалмаққа қарсы соғыста қазақтың қаншама айбоз ұлдарымен бірге жаппас руының ұранына айналған Баймұрат Байбөріұлы батырда ерен ерліктерімен көзге түсіп, баһадүр болмысымен танылды. Себебі, қазақ ру-тайпаларының ұранына шыққан батырлардың біразы Баймұратпен бір дәуірде өмір сүрген үзеңгілес тұлғалар. Олар ұлт тағдыры таразыға тартылған сын сағаттағы талай қанкешу шайқастар мен ел ертеңі сарапқа салынған келелі кеңестерге бірге қатысқан. Сол кезден жеткен жазба деректер Байбақтының ұранына шыққан Дәукара, Алашаға ұран болған Байбарақ, Ысықтың ұраны Бәйтерек, Шектінің ұранына айналған Бақтыбай батырлардың Баймұратпен бірге маңызды ел істеріне араласқанын айғақтайды. Олардың ұранға шығуын халық жадындағы аңыз-әңгімелер қалмаққа қарсы күреспен байланыстырады. Сондықтан Баймұрат батырдың да Жаппасқа ұран болуы осы қалмаққа қарсы күреспен байланысты емес пе деген ой келеді. Бұл орайда Ш.Уәлихановтың XVIII ғасырды ерлік дәуірі деп бағалауы тегін емес. Алайда кешегі кеңестік кезеңдегі солақай саясат қазақ батырларының ерен ерліктерін еске түсіріп, сайын даланың сайыпқыран ұлдарын кеңінен дәріптеуге жол бермеді. Өйткені батырлар тарихын зерттеп, насихаттау халқымыздың ерлік һәм жауынгерлік рухын оятып, ел есіне егемендікті түсірер еді. Олай болса, қазақ тарихында өзіндік ізін қалдырып, қоғамдық-саяси өмірде көзге түскен Баймұрат тұлғасын танып білу уақыт талабы. Ол үшін алдымен батырдың ата-тегі мен өскен ортасына, өмір сүрген заманына үңілу қажет.

Баймұрат батырдың шыққан тегі Жаппастың Қалқаман тармағынан. Шежіре бойынша Жаппас – Тәнке – Қалқаман – Есенбай – Әжім – Байбөрі – Баймұрат болып жіктеледі.

Әз Тәукенің билігі кезінде дүние есігін ашқан бала Баймұраттың жастық шағы сол тұстағы қатаң да қатал жаугершілік заманға сай қалыптасып жетілді. Ел іргесіне зобалаң салған қалмақ шапқынышылығын көріп өскен бала батыр жастайынан құба қалмаққа қарсы күресте көзге түсіп, ерлігімен таныла бастаған. Ол жоңғарға қарсы соғыста халықтың күшін біріктіріп, жұдырықша жұмылдыруды көздеген 1710 жылғы Қарақұм жиынына, Тәукеден кейін ел тізгінін ұстаған Қайып хан тұсындағы қазақ-қалмақ шайқастарына да қатысқан болуы керек. Шәкәрім айтқандай халқымыздың үштен екісін құрбан еткен «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламадан» да тыс қала алмады. Яғни ел басына күн туған сын сәтінде халқының қамал, қорғаны бола білді.

Ел аузынан жеткен әңгімелерге сүйенсек, Баймұрат Байбөріұлы қазақ батырлары сапында Бұланты-Білеуті, Аңырақай шайқастарында атойлап атқа қонып, жоңғарға қарсы қазақ қолын басқарған. Мұның барлығы Баймұрат батырды Жаппас руының старшыны дәрежесіне жеткізді. Бұл оны қалың қазағымен қатар өзіне сүйеу әрі тіреу болып, артынан ерген рулы жұртының тағдырына жауапты қылды. Ол әсіресе тілмәш А.И. Тевкелевтің қазақ даласына келген сәтінде анық көрінді. Орыс елшісінің Әбілқайыр хан ордасына келіп, қазақ-орыс қарым-қатынасы ашық талқыға түскен тұста игі-жақсылардың ой-пікірі екіге жарылды. 1731 жылы 10 қазанда өткен кеңесте А.И. Тевкелевтің келуіне қарсы шыққан қазақ старшындары Әбілқайыр ханды өздерінің келісімінсіз жалғыз өзі орыс бодандығын сұрадың деп айыптаған. Олар ежелден ханның старшындар кеңесінен тыс ештеңе істей алмайтынын еске салған. Ашуға булыққан старшындар өздерінің ханға елшілерді Ресеймен бейбіт келісімге жіберуге кеңес бергенін айтып, ал бодандықта болуды қаламайтынын ашық білдірген. Тіпті қазақ әскерін қарауға келіп, содан соң соғысуға келе ме деп қауіптенген старшындар орыс елшісін тірідей жібермеу керек деп шешкен. Жаны қысылған А.И. Тевкелев Ресей империясының құдіретін айтумен өзін аман алып қалуға ұмтылды. Ресейдің қазақтардан ешқандай қауіп көрмейтінін, оған ешқандай мұқтаждық жоқтығын, ал қазақтарға Ресей бодандары қалмақ, башқұрт, Сібір қалалары мен Жайық қазақтарының үлкен қауіп төндіріп, әрдайым талан-таражға салатынын айтып қорқытпақ болды. Сөзінің соңын «егер қазақ старшындары бодандықты қабылдауды қаламаса, онда одан бас тартып, өзін босатып жіберуді сұраумен» тәмамдаған. Сол кезде қалың жұрт ішінен суырылып сөз бастаған Бөкенбай батыр өзінің Әбілқайыр ханмен бірге орыс бодандығына өтуді қалайтынын, сол үшін ант беретінін айтады. Содан соң Әбілқайыр хан, Бөкенбай батыр, оның күйеу баласы Есет батыр, інісі Құдайназар батыр және атақты старшындардан 27 адам ант берген [3]. Атақты старшындардың аты-жөні келтірілген осы тізімде Алшын-Жаппас старшыны Байсурал бектің, Алшын-Алтын старшыны Бұқа бидің есімдері келтірілген. Бір қызығы ант берген атақты старшындар ішінде Алшын-Төртқара Әйтеке би де бар [4]. Мұның өзі әйгілі Әйтеке би тарихындағы ақтаңдақтарды анықтау бағытындағы ізденістерге жаңадан жол салары анық. Себебі, осыған дейінгі еңбектерде Әйтеке би бұдан біраз жыл бұрын бақилық болды делініп жүр.



А.И.Тевкелевтің айтуына қарағанда, қазақ старшындарының басым бөлігі ант қабылдамай, оған қарсылық танытты. Оларға қолдау білдірген Баймұрат батырдың көп ұзамай орыс елшісіне деген көзқарасы белгілі болды. 1731 жылы 22 қазан күні кешкі сағат 6-ның шамасында Әбілқайыр ханның бір қызметшісі тілмәш А.И. Тевкелевке сол түні Жаппас старшыны Баймұраттың қалың қолмен хан мен орыс елшісіне шабуыл жасап, әсіресе оның арбалы керуенінің тас-талқанын шығарып, өзін өлтіруді көздейді деген ханның сөзін жеткізеді. Бұған Әбілқайыр ханның А.И. Тевкелев үшін Баймұраттың екі адамын қарауылда ұстауы себеп болды. Өйткені орыс елшісінің келуіне қарсы қазақтар күн сайын түн ішінде 5-6 жылқыдан айдап алып отырған. Осылайша тілмәш жылқыларына көз тіккен жаппастың екі жігітін Әбілқайыр хан ұстап алып, ұрып-соғып, кісенде ұстаған. Бұл ел ішінде беделі зор Баймұрат батырдың ашуын туғызып, оның арты хан мен орыс елшісіне соққы беруге алып келді. Көп кешікпей Әбілқайырдың өзі ақылдасу үшін А.И. Тевкелевке жеткен. Жаны қысылып, зәресі ұшқан тілмәш ханнан хабар жіберу үшін Бөкенбай батырдың ұлысы шалғайда ма деп сұрайды. Оған үш күндей уақыт керектігін айтып, хабаршы жөнелткенімен өте қашықтағы батырдың келіп үлгермейтінін тілге тиек еткенмен тілмәш ханды хабаршы жіберуге мәжбүр етті. Сол күні кешкі сағат 9-дың шамасында Баймұрат старшын бастаған қалың қол хан мен А.И. Тевкелевке шабуылды бастайды. Әбілқайыр хан тілмәш тобымен қосылып үлгере алмаған. Ал Баймұрат батыр орыс елшісіне соққы беруге ұмтылған. Өзіне төнгелі тұрған қауіпті көрген тілмәш бүкіл геодезистерін, дворяндарын, атты казактарын, солдаттарын, башқұрттарын, яғни өз адамдарының бәрін шақырып алып, ұлы мәртебелі императордың адал боданы ретінде оның бұйрығын орындай отырып, батыл қимылдауға, сол арқылы Ресей империясына атақ-даңқын қалдыратыны жайлы ақыл-кеңесін айтып, қазақтар қолына тірідей берілмеуге шақырды. Баймұрат батыр түн ортасына дейін А.И. Тевкелев пен ханға ауыр соққы беріп, одан әрі мүмкін емес болған соң, тұтқындағы екі адамын қайтаруды сұраған. Осыдан соң Әбілқайыр хан Баймұратқа екі жігітін қайтарған. Сол сәтте-ақ батыр кері қайтқан. Тек кетерінде елшінің 15 жылқысын айдап кеткен [3, б. 55].

Сонымен өзіне сенім артқан халқы үшін хан мен А.И. Тевкелевке қарсы шығуының өзі Баймұрат бойындағы батырлық болмысты, сын сағатында елі үшін жауап беруге дайын тұлға екенін көрсетеді. Бұл арада Баймұрат пен Әбілқайырдың арасында орын алған шиеленісті жәйтті айтулы азаматтар арасындағы жеке бастың мүддесі тұрғысындағы араздық дей алмаймыз. Заманында елдің егемендігі мен жердің тұтастығын қорғау жолында сыртқы жауға қарсы күресте тізе қосып, бірлесе қимылдаған қос қайраткердің сол тұстағы саяси көзқарастарындағы алшақтықты орыс елшісі келген кездегі қазақ-орыс қатынасының талқыға түскен сәтінен іздегеніміз жөн. Өйткені, ел ішіндегі пікірдің екіге жарылып, қарсы тараптар екі ұдай күй кешіп, А.И. Тевкелев жылқылары үшін екі жігітінің хан қолына түсіп, қорланып жатқан тұста үн-түнсіз, бұғып қалу Баймұрат секілді баһадүрдің болмысына еш жараспас еді. Оның қол жинап, атқа қонуына әкелген себептің бірі осы еді. Баймұратпен бірге Шектінің Сырлыбай, Бәби, Бәтжан, Жантума, Есмәмбет, Өтеғұл, Байжан, Малыбай деген белгілі билері мен Өтеп, Ақша, Сартай секілді батырлары да орыс елшісінің келуіне қарсылық білдірді. Әсіресе Бәби бидің Байқара деген бауырының тілмәш тобындағы башқұрт қолынан оққа ұшуы аражікті одан сайын ушықтырды. Шектінің ұранына шыққан Бақтыбай батыр да орыс елшісінің келуіне қарсы еді. Ол 1732 жылы наурызда түрікменге аттанған Батыр сұлтаннан 150 қолмен бөлініп, полковник Гарбер бастаған орыс керуенін 12 күн бойына қоршауға алды. Бұл жөнінде А.И. Тевкелев «29 наурыз күні Бақтыбай керуеннен тартып алған тауарларымен маған жақын маңнан өте қуанышты көңіл күймен: «жақын арада Тевкелевтің де көзін жоямыз» дегенді айтып, өтіп кетті» деп жазады [3, б. 68-70]. Қалай десек те, орыс елшісінің жазбалары сол тұстағы ел игілерінің орыс бодандығына деген көзқарастарын барынша аша түседі.

Міне, осы сәттегі шиеленіс хан мен батыр арасына сына қаққандай көрінгенімен Баймұрат кейін Әбілқайыр жанынан табыла білді. Оған бұрынғы ағылшын суретшісі Джон Кэстльдің қазақ даласындағы сапары барысында жазған күнделік жазбасы дәлел. Әбілқайыр ханмен бірге жүрген суретші 1736 жылы 23 маусым күнгі жолжазбасында «Осы жерде бізге Баймұратбай батыр есімді бір қарт кісі (орыс тілінде «немолодой уже человек» делінген – Ж.А.) келіп, мемлекеттік кеңесші әмір беретін болса, Орынборға 1000 қой айдайтынын сеніммен айдататынын нық сеніммен айтты» делінген [5]. Күнделікке алғы сөз жазған тарихшы К.Есмағамбетов аталмыш тұлғаны «Баймұрат батыр – Кіші жүздің Жаппас (Байұлы) руының старшыны. Әбілқайыр ханның Ресей бодандығын қабылдау саясатына қарсы болды. 1731 жылы 22 қазанда А.И. Тевкелев елшілігіне шабуыл жасады. Кейін бұл бағытынан айнып, Әбілқайырмен бітісу жолдарын іздестірді» деп анықтағанды.

Кіші жүз қазақтарының сол тұстағы орыс бодандары қалмақ, башқұрт бағытындағы белсенді іс-қимылдары Орынбор басшысы В.Н.Татищевті Әбілқайыр ханнан қайтадан екінші рет ант алуға мәжбүрледі. Әбілқайыр мен В.Н. Татищев кездесуі 1738 жылы тамыздың басында Орынборда өтті. Қазақ-орыс қатынасы қаралған келіссөзде Әбілқайыр хан, Нұралы, Ералы сұлтандар, Кіші жүз бен Орта жүздің белгілі деген 56 би, батыр, старшындары ант қабылдады. Адалдыққа сенім білдірген ел ағалары арасынан Алшын Жаппас руынан Өтетілеу Қасқаұлы мен Тоқбай Байбөріұлын көре аламыз [6, б. 44-45]. Беделді би, батырлармен бірге Әбілқайыр саясатына қолдау көрсеткен Тоқбай Байбөріұлы Баймұраттың бірге туған бауыры болуы керек. Орынбор кездесуіне батырдың өзі келмеген секілді. Бара қалған жағдайда орыс кеңсесі тілмаштарының ол жайлы жазбай кетуі мүмкін емес. Ал Өтетілеу Қасқаұлы Баймұрат батырға Қалқаманнан барып қосылатын аталас ағайыны, әрі Шақшақ Жәнібек, Тама Есет батырлардан кейін орыстан тархан атағын алған сол дәуірдегі белгілі тұлғалардың бірі. Өтетілеу биді атақты Әбілқайырдың өзі құрметтеп өткен. Қазақ хандығы тарихында күні бүгінге дейін бізге белгісіз болып келе жатырған тарихи тұлғаларды халқымызға танытатын және олардың жасаған ерлік істері мен қызметтерін жастар мен өскелең ұрпақтар білу керек деп ойлаймын. Сондай тарихи тұлғаның бірі, осы уақытқа дейін халқымыздың тарихынан өзінің лайықты орнын алып, бағаланбай келе жатырған Баймұрат Байбөріұлы батыр деп айтуға болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Сейдімбек А. Қазақтың ауызша тарихы: Зерттеу. – Астана: Фолиант, 2008. – 659 б.
- 2 Халид Қ. Тауарих хамса: (Бес тарих) / Ауд. Б.Төтенаев, А.Жолдасов. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 72 б.
- 3 Казахско-русские отношения в XVI-XVIII веках (Сборник документов и материалов). – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1961. – С.53-54.
- 4 РИССМ. 122-қ., 122/1-т., 1732-1733, 2-іс. Нәсенов Б. Әбілхайыр хан. I тарау. – Алматы-Новосибирск, 2011. – 216 б.
- 5 Кэстль Д. 1736 жылы Кіші жүз ханы Әбілқайырға барып қайтқан сапар туралы. – Алматы: Атамұра, 1996. – 22 б.
- 6 Крафт И.И. Сборник узаконений о киргизах степных областей. – Оренбург: Типо-лит. П.Н. Жаринова, 1898. – С.44-45.

УДК 327.56  
МРНТИ 11.25.33

*Рахымажи А.<sup>1</sup>, Жамансарин Н.Ш.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>магистрант кафедры международных отношений  
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ имени Абая*

*<sup>2</sup>научный руководитель: к.и.н., доцент кафедры  
международных отношений КазНПУ имени Абая  
г. Алматы, Казахстан*

## **МЕЖДУНАРОДНЫЕ КОНФЛИКТЫ: СИСТЕМНЫЙ ПОДХОД**

### *Аннотация*

В данной статье дается анализ возникновения, развития и урегулирования международных конфликтов в современной системе международных отношений. Определяется подход проведения двухмерного системного анализа международных конфликтов. Международные конфликты рассматриваются в качестве элемента системы международных отношений со всеми вытекающими причинно-следственными связями и взаимодействиями. Обобщается анализ современных конфликтных моделей, глобального регионального и местного характера. Раскрываются объективные возможности государства в обеспечении национальной безопасности и устойчивого развития экономики, борьбы с терроризмом и сепаратизмом. Проблемы национальной безопасности носят глобальный системный характер, экологическая безопасность является основным компонентом национальной безопасности. Эта тема особенно актуальная для Казахстана – страны, где проблемы

экологии ядерной безопасности и охраны окружающей среды являются приоритетными. Концепция зеленой экономики и реализация энергии будущего являются основными направлениями в социально-экономическом развитии.

**Ключевые слова:** Казахстан, политика, международные конфликты, система, безопасность, развитие, государство

*А.Б. Рахымажі<sup>1</sup>, Н.Ш. Жамансарин<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ Сорбонна-Қазақстан Институтының,  
Халықаралық қатынастар мамандығының магистранты*

*<sup>2</sup>ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ,  
Сорбонна- Қазақстан Институтының доценті*

## **ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР: ЖҮЙЕЛІ ТӘСІЛ**

### *Аңдатпа*

Мақалада халықаралық қатынастарды дамыту және реттеу олардың пайда болуы мен халықаралық қақтығыстардың қазіргі жүйесі беріледі. Халықаралық қақтығыстардың тәсіл өткізудің екі өлшемді жүйелік талдауды анықталып қарастырылады. Халықаралық даулардың шығуы, халықаралық қатынастар жүйесінің барлық байланыстары мен өзара әрекеттесумен айқындалады. Сипатты талдау, соның ішінде қазіргі заманғы даулы модельдер, жаһандық, өңірлік және жергілікті болып жалпыланады. Мақсатты мүмкіндіктер мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету және экономиканың тұрақты дамуы мен қоса, лаңкестікке және сепаратизмге қарсы күрес жүргізу болып табылады. Ұлттық қауіпсіздік мәселелері жаһандық жүйелік сипаттарға ие, экологиялық қауіпсіздік ұлттық қауіпсіздіктің негізгі компоненті болып табылады. Бұл тақырып, әсіресе, ядролық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау экологиясының өзекті мәселелерінің бірі болып табылатын Қазақстан үшін аса маңызды. «Жасыл экономика» түсінігі мен болашақтың энергиясын жүзеге асыру әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі бағыттары болып табылады.

**Түйін сөздер:** Қазақстан, саясат, халықаралық қақтығыстар, жүйе, қауіпсіздік, дамыту, мемлекет

*A.Rakhymazhi<sup>1</sup>, N.Sh. Zhamansarin<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Master student of International relations of the  
Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abay KazNPU*

*<sup>2</sup>Ph.D., dosent of the Institute of Sorbonne-Kazakhstan at Abay KazNPU*

## **INTERNATIONAL CONFLICTS: A SYSTEMATIC APPROACH**

### *Abstract*

This article is given analysis emergence, development and settlement international conflicts in the modern systems international relationship. The approach two dimensional systems analysis international conflicts. International conflicts watching as an element system and cooperation. Is generalized analysis modern conflicts models, global regional and local character. Disclosed objectives opportunities for government national security's and sustainable development economic, war terrorists and separatism. Problems of national safety are global systemic by nature, environmental security is the main component of national security. This topic is especially importance for Kazakhstan, a country where the problems of the ecology of nuclear safety and environmental protection are priority. The concept of a "green economy" and the realization of the energy of the future are the main ways in socio-economic development.

**Keywords:** Kazakhstan, politics, international conflicts, system, security, development, state

В силу объективного процесса глобализации международных отношений возникновение, развитие и окончательное урегулирование конфликтов как никогда ранее зависят от состояния и действий, осуществляемых всей мировой системой. Именно поэтому, на взгляд автора, оправдана предпринятая

попытка проведения двухмерного системного анализа международных конфликтов. При этом двухмерность означает, что, во-первых, анализ конфликтов проводится в соответствии с принципами теории систем, то есть международные конфликты рассматриваются в качестве элемента системы международных отношений со всеми вытекающими отсюда причинно-следственными связями и взаимодействием. Во-вторых, анализ международного конфликта как целостного явления имеет комплексный характер: от выработки обобщенного алгоритма анализа, построения вербальных и формальных конфликтных моделей, получения количественных и вероятностных оценок параметров конкретных конфликтов до выработки возможных стратегий по их урегулированию.

Исследователи отмечают, что возможности государства в современных условиях оказываются ограниченными в обеспечении национальной безопасности и устойчивого развития экономики, в поддержании внутреннего порядка, подрываемого преступностью и терроризмом, коррупцией, нелегальной иммиграцией, в гарантировании гражданских свобод и прав человека, в защите окружающей среды. Этот список может быть продолжен за счет других сфер, которые также традиционно были в ведении государства, в том числе здравоохранение, образование и т.д. [1].

Современные конфликты становятся все более многомерными и имеют политическую, этнонациональную, экономическую, военную, идеологическую, культурную, информационную и экологическую составляющую.

Угрозы и противоречия современности в условиях мирового экологического кризиса требуют формирования концепции самосохранения и жизнеобеспечения цивилизаций. Эти особенности и противоречия имеют сущностный диалектический характер и их разрешение может либо дать новый мощный импульс развитию общества, либо привести к самоликвидации человеческого рода. Основное экологическое противоречие можно интерпретировать как проблему глобальной экологической безопасности или проблему выживания человечества. Ученые-пессимисты прогнозируют начало глобальной экологической катастрофы на первые десятилетия (20-30-е годы) наступившего века, а ученые-оптимисты отодвигают роковую черту к середине века [2].

На настоящий момент явно прослеживается тенденция роста уровня конфликтной напряженности, поэтому весьма актуальным вопросом является разработка адекватного прогностического механизма, соответствующих методов построения конфликтных трендов и выявления новых потенциальных очагов напряженности.

С формированием новой архитектуры современной системы международных отношений и изменением характера международных конфликтов меняются либо создаются новые механизмы и методы урегулирования конфликтов. Обогащается сущность и содержание миротворчества, его институциональное оформление, формы и методы миротворческой деятельности. Миротворчество все чаще трактуется как силовое мироустройство и зачастую используется как средство реализации национальных интересов тех стран, которые обладают достаточной степенью экономического и военного могущества. При этом отвергаются прежние нормы и правила, регулирующие миротворческую деятельность, миротворческие институты, сложившиеся в эпоху холодной войны. В то же время растет количество миротворческих акций, упор в которых делается на превентивные действия по поддержанию мира. Традиционные способы поддержания или установления мира, опирающиеся в основном на использование военных и полицейских сил, уходят в прошлое, уступая место комплексным, интегрированным операциям, требующим сочетания политико-дипломатических, гуманитарных, военных и иных миротворческих действий. Таким образом, особый интерес представляет вопрос соотношения силовых и не силовых методов урегулирования конфликтов и поиск их оптимального сочетания в зависимости от характера и фазы конфликта.

Весьма актуальным является вопрос выработки концептуальных подходов к урегулированию конфликтов, выбору средств и методов, которые должны использоваться при предотвращении и разрешении кризисов, так как Казахстан является членом всех основных международных организаций, вырабатывающих и принимающих решение по проблемам безопасности. При этом особую важность для нее приобретает дальнейшая работа по наращиванию в рамках СНГ потенциала оперативного антикризисного реагирования, включая повышение готовности к превентивным действиям по предотвращению конфликтов и развертыванию миротворческих операций. Продвижению в этом направлении может способствовать совершенствование системы анализа конфликтной ситуации и прогнозирование ее развития.

Целью настоящей статьи является проведение комплексного системного анализа феномена международного конфликта и определение методов эффективного управления кризисами.

Эта цель требует постановки следующих основных задач:

- осуществление системного анализа глобальной и региональной конфликтной напряженности с учетом новых видов невоенных конфликтов и угроз и меняющегося характера современных войн, определение основных источников международной напряженности;
- выявление структурных сдвигов в системе международных отношений, влияющих на уровень конфликтной напряженности;
- систематизация параметров структуры конфликтных ситуаций и процессов с целью разработки алгоритма анализа международных конфликтов на теоретическом уровне;
- построение вербальных и формальных моделей теоретического и практического содержания с использованием математических методов в целях прогнозирования развития конфликтов и оптимизации стратегий конфликтного управления;
- анализ и поиск наиболее оптимального соотношения силовых и несиловых методов урегулирования современных международных конфликтов; оценка позиции Казахстана в вопросах предотвращения и урегулирования международных конфликтов с точки зрения обеспечения ее национальной безопасности.

Необходимо подчеркнуть, что все эти проблемы анализируются в контексте современных тенденций развития системы международных отношений и на примере конкретных международных и региональных конфликтов, имевших место за последние пятьдесят лет. Сегодня, нужно заботиться и о роли воспитания молодежи, поэтому мы должны вырастить здоровых, молодых, интеллектуальных, гармоничных и патриотичных профессионалов [3].

*Список использованной литературы:*

1 Матакбаева Л.Х. Суверенитет в условиях современного миропорядка // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия философия, право и политика. – 2017. – №3-4. – С.56.

2 Жамансарин Н.Ш. Формирование концепции национальной безопасности в условиях мирового экологического кризиса // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия философия, общество и история. – 2017. – №3-4. – С.6.

3 Сабитова Ш.А. Исследовательская и проектная деятельность студента в современном образовании в свете Послания Президента РК. // Вестник КазНПУ, серия: Международная жизнь и политика. – 2017. – №1(48). – С.108.

УДК 32:93/94

МРНТИ 11.01.65

*Ғ.А. Меңілбаев<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>тарих ғылымының кандидаты, Халықаралық қатынастар кафедрасының доценті,  
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
Алматы қ., Қазақстан*

## **БАЙМҰРАТ БАЙБӨРІҰЛЫ БАТЫР ЖӘНЕ 18 ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада автор батыр Баймұрат Байбөріұлының 18 ғасырдың барысында қазақ даласындағы болған тарихи оқиғалардың тікелей басы-қасында болғандығын тарихи құжаттармен айғақтайды. Оның батырлығы, қоғамдағы беделді тұлға ғана емес, дипломат, билікке араласқан, қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалуда жанқиярлық ерен ерліктің үлгісін көрсетіп, келешек ұрпақ қамын ойлаған салиқалы, терең ойлы, батыл ұстанымды саясаткер болғандығын ашып көрсететін бізге белгісіз тұстарын қарастырады. Сонымен қатар, мақалада Баймұрат Байбөріұлы батырдың жоңғар шапқыншыларына қарсы күрестегі ерлігі, оның қазақ қоғамындағы орны, тарихи тұлға болып қалыптасуындағы оқиғаларға ғылыми сараптама жасалынған. Батыр Баймұрат Байбөріұлының тарихта болған тұлға екендігі, Жаппас пен Алтын руларына ұран болған кемеңгер көсем, қолбасшы, елші, қайраткер, қоғамда шешендігі мен батырлығы қатар шыққан, көреген әулие, тарихи тұлға болғандығы ғылыми тұрғыдан зерттелінді. Батыр Баймұрат Байбөріұлының адами тұлғасы туралы, оның қолбасшылығы, қазақ қоғамындағы сыртқы және ішкі саясаттағы жағдайға оң баға бере білуі, сыртқы жауға қарсы соғысудың өнерін өте жетік меңгергендігі, сол заманның хандары, билері, ру

ақсақалдары, қолбасшылары да мойындаған. Патшалы Ресей мемлекетімен сыртқы саяси және экономикалық байланыстар орнатуда өзіндік орны бар тарихи тұлға болғандығын ғылыми тұрғыдан тереңдей ашып көрсету келешек ұрпаққа еншісінде деуге болады.

**Түйін сөздер:** батыр, ру-тайпалар, ұран, шежіре, Жаппас, Алтын, кіші жүз, елшілік, көтеріліс, патша өкіметі, Аңырақай, шайқас, құжаттар, зерттеулер

*Менилбаев Г.А.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>к.и.н., доцент кафедры международных отношений,  
Казахский Национальный Педагогический Университет имени Абая  
г. Алматы, Казахстан*

## **БАТЫР БАЙМУРАТ БАЙБОРИУЛЫ И КАЗАХСКОЕ ОБЩЕСТВО В 18 ВЕКЕ**

### *Аннотация*

В данной статье автор описывает исторические подвиги Батыра Баймурат Байбориулы, который жил в 18 веке. Его достижения кроются не только в героизме, но и в том, что он хотел спасти казахские земли, а также думал о будущем казахских детей. Глубокий мыслитель, философ своего времени, политик, он всячески отстаивал нужды своего народа, помогал нуждающимся. В данной статье также говорится про его героические подвиги в битве против жунгар. Он герой для казахов. Он был представителем младшего жуза, а именно Жаппасом. Разносторонний во всех сферах, он в те годы мог заниматься и торговлей, а также хорошо знал экономику тех времен. Заслуги великого батыра ценили люди своего времени, ханы, бии и батыры, так как он помог им в улучшении внешней и внутренней политики казахского ханства, экономических вопросов. Все заслуги Батыра Баймурат Байбориулы должны знать казахский народ и его потомки.

**Ключевые слова:** батыр, роды и племена, клич, Жаппас, Алтын, младший жуз, восстание, царское правительство, архив, исследования

*Menilbayev G.A.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>associative professor of International Relations chair  
of Abai Kazakh National Pedagogical University*

## **BATYR BAYMURAT BAIBORIULA AND KAZAKH SOCIETY IN THE 18<sup>th</sup> CENTURY**

### *Abstract*

In this article, the author describes the historical exploits of Batyr Baymurat Baiboryuly, who lived in the 18<sup>th</sup> century. His achievement lies not only in heroism, but also in the fact that he wants to save Kazakh lands, he thought about the future of Kazakh children. A deep thinker, a philosopher of his time, a politician, he is all backward in the need of his people, helping the needy. Besides this, in this article Baymurat Baiboryuly batyr describes his heroic deeds in the beating against the jugglers. He is a hero for the Kazakhs. He was the representative of the junior jouz, namely Jappas. Versatile in all the lights, he in those years could engage in trade, well knew the economy of those times. His merits were valued by the great people of the time, khans, biys and batyrs. As he helped them to improve the external and internal politics of the Kazakh Khanate, economic issues, ties with Tsarist Russia, all thanks to him the Kazakh people should know their heroes.

**Keywords:** batyr, genera and tribes, cry, genology, Zhappas, Altyn, junior juz, uprising, tsarist government, archive, research

XVIII ғасырдың алғашқы ширегінде жоңғар билеушілері де қазақ даласына өз үстемдігін жүргізуге ұмтылды. 1742 жылы қаңтардың басында Хиуа иелігіне қарасты Әмударияға жақын жерде қыстаған Әбілқайыр ханға жоңғар елшілері Қашқа мен Баранг нойондар арнайы келіп, Қалдан Церен атынан қазақтардан аманат талап етіп, Әбілқайырдан ұлы Айшуақ сұлтанды жас жұбайымен және ең беделді деген старшындардың балаларынан аманат сұраған. Оған қоса әрбір жүз түтіннен бір қарсақ төлеуді, өзі белгілеген жерде көшіп-қонуды бұйырып, егерде мұны орындамаса соғыс ашамын деп қаһарын төккен. Міне, осы қонтайшы талап еткен танымал тоғыз старшының балалары арасында

Баймұрат бидің Өте деген ұлы болған. Сөйтіп, Қалдан Цереннің төртқара Қаратоқа, шөмекей Жайылған, шекті Мойнақ, алаша Бәйсеу билермен бірге Баймұрат баласын сұрауының өзі батырдың ел ішіндегі абырой-беделінен хабар береді. Осы хатты кейін Әбілқайыр хан қалмақ тілінен қазақшаға аударып, Орынборға жөнелткен. П.И.Рычков болса оны толық қарап шығудың мүмкін еместігін, өйткені хаттың көп жерінің қиылғанын алға тартады [1, б. 16].

Орынбор басшылығына И.И. Неплюевтің келуімен Әбілқайыр ханның жаңа губернатормен арадағы қатынасы шиеленісіп, ол ашық жауласушылыққа ұласты. Бұл қатынасты реттеу үшін А.И. Тевкелев 1748 жылы жазда Орск бекінісінде Әбілқайыр ханмен келіссөздер жүргізеді. 29 шілдеде Әбілқайыр хан атынан А.И. Тевкелевке келген атақты старшындар арасында Байұлыдан Жаппас Өтетілеу мен Алаша Бабатай би бар еді. Олар Әбілқайыр ханның аманаттағы баласы Қожахметті Айшуақ сұлтанмен алмастырып, оның жанына күшті рулардағы атақты старшындардың балаларын дайындағанын жеткізеді. Әбілқайыр хан өз хатында «Орта жүз үшін Жәнібек тархан жауап берсе, ал байұлы руының ісін менің ұлым Нұралы сұлтан жанындағы старшындар Бәйсеу би мен Өтетілеу би аяқтайды және бүкіл жетіру ісін Есет батыр мен Төлебай би бітіре алады, сол үшін мен оларға өзімнің мөрімді жібердім» деген [2].

Дегенмен, осы тұста ел ішіндегі саяси жағдай шиеленісіп, оның арты Әбілқайырдың өліміне әкелді. Көп ұзамай Кіші жүзде қалыптасқан жағдайды реттеу мен жаңа хан сайлау мәселесі күн тәртібіне көтерілді. Елге жаңа хан сайлау барысында осы кезге дейін Нұралы сұлтанды қолдап келген Байұлы рулары белсенділік танытып, оған Баймұрат батыр да араласты. 1748 жылы 21 қыркүйекте Нұралымен бірге Ақкете Алтай, Алаша Бәйсеу би, Жаппас Баймұрат, Шекті Бақтыбай, Ысық Бәйтерек аталық, Көбек мырза, Керейіттегі Қосым қожа, Масқар Жәдік би секілді Алшынның атақты би, батырлары бастаған 400-дей кісі Бопай ханымға жеткен [3]. Көп ұзамай 2 қазанда Қайыңды өзенінің жағалауында өткен Халық кеңесіне Кіші жүз бен Орта жүзден 1000-нан аса адам қатысып, Нұралыны хан сайлады. Кеңеске қатысқан Шекті Бақтыбай, Ысық Бәйтерек батырлар да Баймұрат секілді өз руларының ұранына айналған тұлғалар. Ал Алаша руының ұранына Бәйсеу бидің туған немере інісі Байбарақ батыр шыққан еді. Кейін осы батырлар 1749 жылы шілде айында Орынборда Нұралыны хандық таққа бекіткен патша грамотасына ие болу салтанатына қатысты. Ұлықтау рәсіміне Кіші жүзден 1000-нан астам адам келген. Нұралы хан жанындағы тұлғалар ішінен И.Неплюев атақты старшындар қатарында 18 азаматты, яғни Жетірудан – Тама Есет тарханды, Табын Төлебай биді, Тама Құттымбет биді, Жағалбайлы Отарбай мырзаны, Керейіт Жарылғап батырды, Табын Жарболды биді, Әлім Шөменнен – Қаракесек Қожанай биді, Кете Алтай биді, Шөмекей Кедей биді, Ожырай Жанбай биді, Төртқара Жомарт биді, Қаратамыр Боз биді, Байұлыдан – Алаша Бәйсеу биді, Жаппас Өтетілеу биді, Алтыбас Бабатай биді, Масқар Құттығай биді, Ысық Жапалақ биді, Байбақты Мәмбет биді ерекше атап өтеді. Нұралы ханның айтуынша «олар бүкіл Кіші жүзді ұстап тұра алатын жағдайда, егер олар адал, сенімді болса, онда барлық бұйрықтарды солар арқылы орындауға болады» [3]. Осы сапар барысында Нұралы ханның араласуымен жаппас Өтетілеу Қасқаұлына тархан атағы берілді.

Орынбор кездесуінен соң Нұралы ханның 1749 жылы 3 тамызда әкесі Әбілқайырға берген асына Әлімұлынан – Шекті, Төртқара, Қаракесек, Қарасақал, Шөмекей, Қаратемір, Кете, Байұлыдан – Алаша, Ысық, Адай, Жетірудан – Тама, Табын руларының танымал тұлғалары қатысты. Олардың арасынан Баймұрат есімі кездеспеді [4]. Соған қарағанда батыр асқа келе алмаған сыңайлы. Себебі, астағы кеңесте қаралған мәселелердің бәрін тәптіштеп қағаз бетіне түсіріп, әр рудың би, батырын шүкшия тізіп алған капитан А.Яковлев назарынан тыс қалмас еді.

Ел игілері оңтүстіктегі іргелес аймақтармен арадағы қатынасқа да ерекше мән беріп, оны реттеуге де атсалысты. 1750 жылы қаңтарда Кіші жүзден Айшуақ сұлтан пен Өтетілеу тархан 3000 қолды, Орта жүзден Жәнібек тархан 3000 қолды бастап түрікмендер мен аралдықтар маңындағы қарақалпақтарға соққы беру үшін Хиуаға аттанады. Содан қарақалпақты талқандап, біразын тұтқынға алып, одан әрі Хиуа төңірегінде көшіп-қонған садыр түрікмендеріне баруды ниет еткен. Өйткені түрікмендер саудаға барған қазақтарды талап-тонайтын. Оның үстіне қазақ жасағының ішінде Айшуақ сұлтанмен бірге болған Батыр сұлтан қазақтар кеткен соң садыр түрікмендері Хиуа тағындағы өзінің ұлы Қайып ханның көзін жоюы мүмкін деп қауіптеніп, оны алып кетуді қалаған деген әңгіме тараған [4].

Алайда Батырдың ұлы Қайып ханның Хиуадағы билігіне дәл осы кезде соншалықты қауіп-қатер төнетіндей жағдай жоқ еді. Көп ұзамай Қайып ханның өзі көктемде Хиуадан Ресейге елшілік аттандырады. Елшілік әкесі Батыр сұлтанның иелігі арқылы жүрген. Осыған орай Батыр сұлтан Хиуа

елшілігін Орынборға жеткізуді Баймұрат бастаған беделді батырларына сеніп тапсырады. Батыр сұлтан губернатор И.И. Неплюевке жазған хатында «Қайып хан атынан жіберілген елшілер мұнда аман-сау жетті. Мен оларға өз адамдарым Баймұрат, Киікбай, Баят, Құлназар батырларды және Алшынбайды қосып, сізге жібердім. Менің адамдарымды кідіртпей кері қайтаруды өтінемін, өйткені олар арқылы елшінің сізге аман-есен барғанын білер едім. Егерде сіз екі халықтың пайдасы үшін менің сізбен достық қатынасымызға рақым етсеңіз, мен Орынбордан Хиуаға, Хиуадан Орынборға баратын керуендердің аман-есен жетуін өз міндетіме аламын» деп хабарлады [4]. Және хат соңындағы екі мөрінде Батыр өзін хан атаған. Елшілік Орынборға 1750 жылы 24 сәуірде жетіп, Батырдың хатын орыс әкімшілігіне Киікбай батыр табыс еткен. Бұл жөнінде губернатор И.И. Неплюев 9 мамырда Сыртқы істер коллегиясына жазған мәлімдемесінде егжей-тегжейлі тоқталып өтеді.

Осыдан кейінгі мұрағат құжаттары арасында Баймұрат Байбөріұлына қатысты мәліметтер кездеспегенімен 1762 жылы 19 желтоқсандағы Орынбор губерниялық кеңсесінің жазбасына батырдың Байтүгел деген баласы туралы дерек түскен. Онда әр жылдары қазақ даласында тұтқынға түскен Еділ торғауыттары сөз болады. Олар Орта жүздің Найман руындағы Медет би, Естемес, Сартбай, Кіші жүздің Алшын руындағы Күшік Базарұлы, Алшын Жаппас руындағы Бодан Сейітқұлұлы, Байтүгел Баймұратұлы және Табын руындағы Нәдір, Қайдабол деген қазақтар қолынан қолайлы сәтте қашып шыққан. Байтүгелдің қолында Бату Тугус Доржипов атты қалмақ болған. Бұл қалмақтар шоқынып, христиан дінін қабылдап, содан соң казак-орыстар арасындағы шоқынды қалмақ туыстарының арасына қалуға ықылас танытқан [3]. Байтүгел қолындағы қалмақ тұтқынының өзі оның әкесі Баймұрат секілді құба қалмаққа қарсы күресте ерлік көрсеткенін айғақтайды. Өйткені шайқас барысында қолға түскен олжаны бөлісуде алдымен батырдың сол ұрыста көрсеткен ерлігі ескерілетін. Ал келесі 1763 жылдың күзінде аманат мәселесі бойынша Орынборда өткен кездесуге Жаппас руынан Тілеке батыр Өтетілеуұлы, Мәмбетқұл Өмірзақұлы және Шерубай Итемгенұлы қатысқан [3].

Баймұрат батырдың өмірінің соңына келер болсақ, бүгінде барлық зерттеушілер 1771 жылғы Христофор Барданестің қазақ даласындағы сапары нәтижесінде жазып қалдырған еңбегіне иек артады. Онда «Бұрматбай мен Ақсақал Барбы көлдері арасында Баймұрат деген кішкене өзен бар. Бірнеше жыл бұрын мұнда ауқатты қазақ көшіп-қонған және ол қалмақтар буруттар деп атайтын қырғыздар қолынан қаза тапқан. Бұл қазақ Баймұрат деп аталған, осыдан соң өзен соның атына ие болған» деп жазылған [1, б. 110]. Осы деректен соң тарихшы И.В. Ерофеева: «Баймұрат – Батыс Қазақстанда ағып жатқан өзен. Жанайшоқы тауының солтүстік-батысындағы Талды және Қоғалыжар өзендері тоғысында пайда болып, оңтүстікте Үлкенкөл көліне құяды (Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы, Қостанай облысының Жанкелді ауданы). Антропоним немесе генойконим ХVIII ғасырдың ортасында өзінің руластарымен осы өзен аңғарында көшіп-қонған нақты жеке адамның есіміне байланысты пайда болды. Бұл адам Баймұрат есімді Кіші жүздің қандай да бір бай қазағы еді, ол Тяньшань қырғыздарымен арадағы бір қақтығыста қаза тапты. Осы жайылым жердің қожайынының өлімінен кейін Баймұраттың ағайындары өздерінің бұрын мекен еткен территориясында орналасқан өзенді Баймұрат деп атады» [5] деген тұжырымға келді. Жалпы Баймұрат өзеніне қатысты әр жылдары жарық көрген тарихи еңбектерде біраз мәлімет бар. Мәселен, поручик Яковлевтің 1851-1852 жылғы топографиялық жазбасында Жаман Ақкөлдің батысынан оңтүстікке қарай 20 шақырым жерде жатқан Ащы Алакөл көлінің көктемде оңтүстік жақтан Баймұрат жырасы (сайы) арқылы келіп құятын қар суымен толатыны көрсетілген [1, б. 243]. Ал 1870 жылы Перовск уезінің Кеңтүп болысына қарасты 11 ауылдағы 1644 түтін жаппастар мен 432 түтіннен тұратын қожалар қыстаудағы қоныстарынан жазғы жайлауларына көшу кезінде Арыс, Мөлдір, Жыланшық, Тұрған арқылы өтіп, Баймұрат, Қарақа, Мамыт, Бестөбе деген мекендерге келіп орналасқан [6]. Кеңтүп болысы бірыңғай жаппастан құралған. Сондай-ақ бұл ру Царская, Константиновск, Сумұрын, Шаған болыстарында басымдыққа ие болған [Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент: Типо-лит. С.И. Лахтина, 1889. с. 20]. Царская болысы қазақтары көші-қон жолында Алабасқа құятын Баймұрат өзекке келіп, Баймұраттан Қызылжар, Құрақбай, Бозінген, Бес бидайық, Уәли тойпақ мекендері арқылы көшетін. Кері қайтарда Баймұратта ұзағырақ тоқтаған [14, б. 200]. Сонымен жоғарыдағы өзен, жыра, сай, өзек, мекендердің барлығы жаппас ұранына шыққан Баймұрат есімімен аталған қонысқа қатысты еді. Оның үстіне жаппастар Қостанай уезіндегі Бестөбе болысының басым бөлігін құраған. Олар мұнда Сырдария облысындағы өздерінің бұрынғы жазғы орындарынан 1740 жылдардың соңында келген. Бұған Қостанай уезінде жылқы өсіруге қолайлы жағдайдың, яғни жылқы үшін жем-шөптің жақсырақ болуы қоныс аударуға басты себеп болған [14].



Шежіре бойынша Баймұраттан Байтүгел, Қара, Өтек, Баяу, Малбасар, Алаң және Болат деген балалары тарайды. Олар да әкелері секілді елдің саяси өміріне араласты. Өке бойындағы батырлық қасиет, әсіресе Байтүгел, Қара және Алаң атты ұлдарына дарыған. Полковник Бентамның 1789 жылы 15 желтоқсанда князь Г.А. Потемкинге жолдаған мәлімдемесінде қазақтың хан, сұлтан, би, батыр, старшындары және руларының саны мен мекендеген қоныстары жайлы құнды құжаттар келтірілген. Қазақ даласынан жиналған мол мәліметтер ішінде Сырдария бойында, Қаракұмда, яғни Әулие Петр бекінісіне қарсы шептен 20 күндік жерде мекен еткен 3000 түтін жаппасты Өтетілеу, Тілеке, Шүкірәлі, Сума, Жарылғап, Байтүгел, Қара, Күнту, Жабағы, Арал, Арыстанбай, Тоқымбет батырлар басқарады делінген [РМКАМ. 10-к., 3-т., 585-іс, 44 п.]. Полковник жазбасында Байтүгел батыр, Қара батыр деп анық көрсетілген. Мұның өзі олардың батырлық болмысын дәлелдейді. Бірақ Бентам руларды тарату барысында кейбір жаңсақтыққа жол берген. Оған жаппас пен алашаны әлімге, таз бен таманы шөменге, шеркеш пен адайды, алтынды жетіруға жатқызуын айта аламыз.

Қалай десекте, бұл дерек Баймұраттың ұлдары Байтүгел мен Қараның әке жолын жалғастырып батыр атанып, старшын ретінде ел билегенін айқындайды. Осы Қара батырдан Тоғызақ, одан Әлмембет, Әлмембеттен Көкір батыр дүниеге келген. Қазіргі Ақтөбе облысының Ырғыз ауданындағы Нұра бойында Көкір батырдың атындағы Көкір сайы, Көкір жары және Баймұраттың тағы бір шөбересі Махамбет атымен аталатын мекендердің барлығы батыр ұрпақтарының қоныс еткен жерлері болып табылады.

Ел ішінде сақталған әңгімелер бойынша Баймұрат батырдың баласы Байтүгел қиян-кескі күрес кезінде жауға қарсы «Баймұрат» деп ұрандап шауып, жаудың шебін бұзып, жеңіске жеткен, осыдан соң Жаппастың ұраны «Баймұрат» болсын деген пәтуаға келген.

Сол секілді Баймұраттың қалмақ қызынан туған Алаң атты кенже баласы да жауға шапқанда «Баймұрат» деп ұрандаған, содан кейін бүкіл жаппас пен алтын елінің ұраны «Баймұрат» болған дейді. Ал есімінің Алаң деп аталу себебін батырдың тікелей ұрпағы Р.Н. Илиясов былай түсіндіреді: «Қалмақпен арадағы бір шайқаста тұтқынға түскен олжаны бөлісу барысында шоқтығы биік келісті бір қалмақ қызы өзінің жағалбайлыда Сәрке батырды, жаппаста Баймұрат батырды ғана қалайтынын айтқан. Қалмақ қызы Баймұраттың атына келіп жабысып, аты-жөнін сұраған кезде батыр «болсақ болармыз» деп қызды атына мінгестіріп алып кетеді. Батырдан жүкті болған соң қалмақ қызы еліне бірнеше рет қашуға әрекет еткенімен қолға түсіп, өз мақсатына жете алмайды. Қайта-қайта қашуға ұмтыла берген соң Баймұрат батыр бұған мәжбүр еткен қандай жағдай деп сұраған. Сонда қалмақ қызы: «Мен елімде туып, баламды қазақтарға қарсы қойып өсіргім келген» деген ойын айтқан. Баймұрат батыр қалмақ әйелінің алаңдап күтіп жүрген соң, туылған баласының атын Алаң деп қояды және оны бәйбішесіне беріп, нағашысын найман деп өсіреді. Алаң батыр болып өседі».

Алаң батырдың бейіті қазіргі Қызылорда облысы Сырдария ауданының Мыңшоқы деген жерінде.

Баймұрат батырдың есімі кейін Жаппас руының бір тармағына айналды. 1840 жылдары жаппастар Кіші жүздің Шығыс бөлігіне қарасты 43-48 дистанциясы аумағында қоныстанған. Соның ішінде Есенбай, Еламан бөлімдері құрметті би Қашқынбай Нұрбайұлының билігідегі 44 дистанцияға қараған. Есенбайдан тарайтын Баймұрат бөлімін Біржан Жанкүшікұлы, Алдияр мен Жәдікбайды Сәңкі Қапанұлы, Таңатар мен Төбетті Пірәлі Есенгелдіұлы, Құдайберген мен Күшікті Мырзабек Құлманұлы, Өтен бөлімін Маңкүшік Төленұлы басқарған [ҚРОММ. 4-к., 1-т., 4182-іс, 13 п.]. Бұдан XVIII ғасырдағы белгілі тұлғалардың енді өз руларының бөліміне айналғанын көре аламыз. Есенбайдан тараған Алдияр, Жәдікбай, Өтендер Баймұраттың бірге туған бауырлары еді. 1898 жылы Перовск уезінің Царская болысындағы №5 әкімшілік ауылда Алмас Қадыр, №6 ауылда Нұрабай Көшікбай, №6 ауылда Оразбай Шағабай, Асылбек Қадыр ақсақалдар басқарған Баймұрат бөлімінен тарайтын шаңырақтар көшіп-қонған. Торғай уезіндегі Тосым болысына қарасты №7 ауылдағы Баймұраттың 3 шаңырағын Малтай Қабыл ақсақал басқарған [15, 188]. Сөйтіп, сол кездің өзінде-ақ Баймұрат жаппастың үлкен бір бөліміне айналып үлгерген.

Қорыта айтқанда, Баймұрат батыр ел басына күн туған қиын-қыстау заманда халқына қорған бола білген біртуар тұлға. Оған ел жадында сақталып, бүгінге жеткен фольклорлық мұраларымыз бен мұрағаттағы жазба деректер толық куә. Батырдың қазақ елінің тәуелсіздігін сақтау жолындағы ерлік істері ұрпаққа үлгі әрі өнеге болмақ. Оның үстіне Баймұраттың Алаң деген ұлынан тарайтын тікелей ұрпағы Нағи Илиясов Ұлы Отан соғысына қатысып, Кеңес Одағының батыры атағына ие болуының өзі кездейсоқтық емес еді.

Бүгінде батыр ұрпақтары Ақтөбе облысының Ырғыз ауданында (Қостанай облысымен шекаралас) бабалары жатқан жерге ескерткіш белгі орнатты. 2015 жылы Қызылорда қаласында Баймұрат батырға

арналған республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция өтіп, деректі фильм түсірілді. 2017 жылы Қызылорда қаласының іргесіндегі Ақжарма ауылының аты Баймұрат Байбөріұлы батыр атындағы ауыл болып өзгертілді. Соған орай Баймұрат батыр және жаппас бабадан тараған ұрпақтар үлкен ас беріп, өздерінің бабалар аманатын ешуақытта естерінен шығармайтындығын халық алдында тағыда бір рет паш етіп, дәлелдеп берді. Осы игілікті іс-шараның басы-қасында болып, оған ұйытқы болып отырған Баймұрат батырдың тікелей ұрпағы Ринат Ілиясовтың еңбегі зор екендігін көпшілік халық көріп-біліп отыр. Алдағы уақытта Баймұрат батырға ескерткіш ашу және көше аттарын беру мәселелері күн тәртібінде тұр. Осындай мақсатта Баймұрат батыр атындағы қоғамдық қор құрылды, оның төрағасы болып Ринат Ілиясов бірауыздан сайланды. Осындай тағылымы мол іс-шаралармен қатар тұлға тарихын әлі де болса дәйекті деректер негізінде зерттеп, батыр есімін ауыл, мектеп, көше атауларына беріп, кеңінен ұлықтау қажет. Оның өскелең ұрпақ бойына ұлтжандылықты ұялатып, отансүйгіштікке тәрбиелеуде маңызы зор.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т.IV. – С.16.*
- 2 *РИССМ. 122-қ., 122/1-т., 1748, 3-іс, 226-228 нн.*
- 3 *ОрОММ. 3-қ., 1-т., 22-іс, 34-35 нн.*
- 4 *РИССМ. 122-қ., 122/1-т., 1749, 4-іс, 245-246 нн.*
- 5 *РИССМ. 122-қ., 122/1-іс, 1750, 3-іс, 75 н.*
- 6 *РИССМ. 125-қ., 125/1-іс, 1749-1752, 15 н.*
- 7 *ОрОММ. 3-қ., 1-т., 65-іс, 638 н.*
- 8 *ОрОММ. 3-қ., 1-т., 69-іс, 421 н.*
- 9 *История Казахстана в русских источниках XVI-XIX. Первые историко-этнографические описания казахских земель. XVIII век / Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы: Дайк-Пресс, 2007. – Т.IV. – С.110.*
- 10 *Краткий энциклопедический словарь исторических топонимов Казахстана / Сост. И.В. Ерофеева. – Алматы, 2014. – С.71-72.*
- 11 *История Казахстана в документах и материалах: Альманах. Вып. 2. – Астана: ТОО «Общество инвалидов – Чернобылец», 2012. – С.243.*
- 12 *Маева Н.А. Вып. 1. – Петербург, 1872. – С.111-112.*
- 13 *Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сыр-Дарьинской области. Т.1. Юридический быт. – Ташкент: Типо-лит. С.И. Лахтина, 1889. – С.20.*
- 14 *Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей. Т.V. Тургайская область. Кустанайский уезд. – Воронеж: Типо-лит. В.И. Исаева, 1903. – С.200.*
- 15 *Материалы по киргизскому землепользованию...*
- 16 *РМКАМ. 10-қ., 3-т., 585-іс, 44 н.*
- 17 *ҚРОММ. 4-қ., 1-т., 4182-іс, 13 н.*
- 18 *Материалы по киргизскому землепользованию... – С.170, 172, 188.*

*Сембинов М.К.<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*профессор Института «Сорбонна-Казахстан», [muratsemb@mail.ru](mailto:muratsemb@mail.ru)*

*Статья опубликована при финансовой помощи IFEAK*

## **МЕГАПРОЕКТ «ОДИН ПОЯС – ОДИН ПУТЬ»: РИСКИ И ПРЕИМУЩЕСТВА СТРАН ЦЕНТРАЛЬНО-АЗИАТСКОГО РЕГИОНА**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся реализации Мегaproекта «Один пояс – один путь». Данный мегапроект даст мощный импульс для экономического развития как отдельных стран, так и всего региона. Основное внимание уделено проблемам становления и развития данного проекта. Особое внимание уделено проблемам его практического воплощения в странах Центрально-Азиатского региона. Постсоветские страны Центральной Азии прошли четверть века независимого развития, время которое ушло на становление политического и экономического суверенитета и за этот период так и не смогли сформировать устойчивую модель экономического развития. Находясь в экономическом поле Китая, на сегодня они стоят перед выбором дальнейшего своего экономического развития в составе стран – участников мегапроекта «Один пояс – один путь». Каждая страна должна определить свое место в данном проекте и пути реализации своих экономических интересов.

**Ключевые слова:** мегапроект «Один пояс – один путь», геополитика, Центральная Азия, национальные интересы, мировая политика, внешняя политика, постсоветское пространство, Китай, Казахская программа «Нурлы жол»

*М.К. Сембинов<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*«Сорбонна-Қазақстан» институтының профессоры, [muratsemb@mail.ru](mailto:muratsemb@mail.ru)*

## **«БІР БЕЛДЕУ – БІР ЖОЛ» МЕГАЖОБАСЫ: ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫ ЕЛДЕРІНІҢ ТӘУЕКЕЛДЕРІ МЕН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ**

### *Аңдатпа*

Бұл мақалада «Бір белдеу – бір жол» атты мегажобасының жобасын іске асыруға байланысты мәселелер қарастырылады. Бұл мегажоба жеке елдердің және бүкіл аймақтың экономикалық дамуына қуатты серпінін береді. Бұл жобаның қалыптасу және даму проблемаларына баса назар аударылады. Орталық Азия өңіріндегі елдерде оны практикалық іске асыру проблемаларына ерекше көңіл бөлінеді. Орталық Азияда орналасқан бұрынғы кеңестік елдері тәуелсіздіктің тоқсан ғасырынан бері саяси және экономикалық егемендіктің қалыптасуына жол ашты және осы кезеңде олар экономикалық дамудың орнықты үлгісін құра алмады. Қытайдың экономикалық саласында, бүгінгі таңда олар «Бір белдеу – бір жол» мегажобасына қатысушы елдерде экономикалық дамудың одан әрі таңдауын қарастырады. Әрбір ел осы жобада өз орнын және оның экономикалық мүдделерін жүзеге асыру жолдарын анықтап алу керек.

**Түйін сөздер:** «Бір белдеу – бір жол» мегажобасы, геосаясат, Орталық Азия, ұлттық мүдделер, әлемдік саясат, сыртқы саясат, посткеңестік кеңістік, Қытай, «Нұрлы жол» қазақстандық бағдарламасы

*М.К. Sembinov<sup>1</sup>*

<sup>1</sup>*professor of Institute «Sorbonne-Kazakhstan», [muratsemb@mail.ru](mailto:muratsemb@mail.ru)*

## **MEGAPROJECT “ONE BELT – ONE ROAD INITIATIVE”: RISKS AND ADVANTAGES OF COUNTRIES OF CENTRAL ASIA REGION**

### *Abstract*

In the article, there are observed questions about the realization of the Megaproject “One Belt – One Road Initiative”. This megaproject will give powerful impulse for economic development both for separate countries and for the whole region. Special attention is given to the problem of practical realization in

countries of Central Asia. Post-Soviet countries of Central Asia passed independent development for a quarter of century, the time that is gone for establishing the political and economic sovereignty and during this period so couldn't form stable model of economic development. Becoming in economic field of China, today they are standing with a choice, their own subsequent economic development, in composition of countries – members of the Megaproject “One Belt – One Road Initiative”. Each country must determine its own stand in this project and the way of realization in their own economic interests.

**Keywords:** megaproject “One Belt – One Road Initiative”, geopolitics, Central Asia, national interest, world policy, foreign policy, post-Soviet states, China, Kazakhstan's program “Nurly Zhol”

В 2018 году исполняется сорок лет одному из главных проектов второй половины XX века, положившему начало не только экономическому развитию Китая, но и смене современной парадигмы общемирового развития. Именно в конце 1978 года на пленуме КПК был принят выстраданный более двадцатью годами нелепых и страшных китайских реформ, стратегический план «Четырех модернизаций», провозглашенных Дэн Сяопином. Именно с этого времени начинается период, вошедший в историю мировой политики как «именины китайской дипломатии», когда, прагматично используя так называемую «дипломатию треугольника», Китай блестяще обошел всех своих основных соперников в лице СССР и США, и добился колоссальных результатов. Основателем китайского экономического чуда по воле судьбы стал лидер китайских коммунистов после смерти Мао – Дэн Сяопин, прошедший тернистый путь профессионального революционера и лидера партии. Величие Дэн Сяопина было в том, что именно он, провозгласив лозунг «Не важно, какого цвета кот – черный он или белый. Хороший кот такой, который ловит мышей» и прекратил торжество идеологического догматизма как основы политического и социально-экономического развития. Простые слова, сказанные Конфуцием у истоков человеческой цивилизации, оказались тем основополагающим принципом, который поистине перевернул представление о мировом развитии. Десятилетия кровавой борьбы коммунизма и антикоммунизма XX века, стоившие миру десятков миллионов жизней и триллионы долларов выброшенных на алтарь победы в холодной войне, оказались совершенно бесполезными. Китай благополучно соединил в себе и архаичную коммунистическую идеологию и рыночное капиталистическое хозяйство и добился за сорок лет развития этого социального гибрида высочайших результатов. В течение сорока лет темпы экономического роста китайской экономики в среднем составляли более 9%. Китай вернул себе Гонконг, Макао создал одну из самых технологичных и эффективных индустриальных и аграрных моделей развития. Вышел по ВВП на второе место в мире и превратился в одного из главных мировых инвестиционных центров с общим количеством финансовых возможностей в 7 триллионов долларов. Современная китайская политика отличается гармоничным сочетанием традиций, позитивным и прагматическим мышлением. Китай добился за последние четыре десятилетия колоссальных успехов, которые измеряются такими параметрами как самая крупная и самая технологичная экономика мира и создание своей космической программы.

Второе десятилетие XXI века ознаменовалось еще одним судьбоносным событием мирового масштаба. Одним из последних китайских инициатив в мировой политике, которая вступила в фазу практического воплощения, стал мегапроект «Один пояс – один путь», который по замыслам инициаторов должен охватить практически весь Евразийский континент плотной сетью торговых и экономических связей и возродить Великий Шелковый путь в период его наивысшего рассвета. Предложение было впервые выдвинуто председателем КНР Си Цзиньпином во время визитов в страны Центральной Азии и в Индонезию осенью 2013 года. Чтобы понять масштабы мегапроекта отметим такие цифры, приведенные в выступлениях Си Цзиньпина. Мегапроект «Один пояс и один путь» охватывает большую часть Евразии, соединяя развивающиеся страны, в том числе «новые экономики», и развитые страны. На территории мегапроекта сосредоточены богатые запасы ресурсов, проживает 63% населения планеты, а предположительный экономический масштаб – 21 трлн. долларов США" /Си Цзиньпин: «Один пояс и один путь» откроет новые горизонты мечты [1].

Надо отдать должное дипломатии китайской элиты, которая сумела консолидировать усилия многих государств, по модернизации своих экономик, включив в общий план реализации мегапроекта другие судьбоносные экономические проекты. Данный мегапроект не идет на какую-то конфронтацию с такими проектами как ЕАЭС, казахстанской программой «Нурлы Жол» или российскими проектами «Трансевразийский пояс RAZVITIE» (ТЕПР) и программой по модернизации Транссиба и Байкало-Амурской магистрали.

Если внимательно проанализировать этапы развития Китая в последние годы, то можно сказать, что данный проект стал логическим продолжением экономического развития Китая. Китай как мировая держава встала перед проблемой создания устойчивых рынков, как ресурсов, так и сбыта продуктов мощной китайской индустрии. И в этом стремлении он не одинок. Все мировые и региональные центры силы двигаются именно в этом направлении, почти полностью игнорируя требования ВТО, дезавуируя и дискредитируя ее требования. И начало этому процессу положил отнюдь не Китай.

Можно сказать, что одной из тенденций развития современного мира можно считать тенденцию по созданию мировыми державами своих зон влияния вне зависимости от таких международных организаций как ВТО. С одной стороны, мегапроект «Один пояс – Один путь» можно поставить в один ряд с такими проектами как: Тихоокеанская зона свободной торговли (ТТП), Трансатлантическое торговое и инвестиционное партнерство (ТТИП), инициированными США, с другой стороны, китайский проект по своим масштабам и глубине охвата гораздо объемнее и сложнее. Китайское руководство понимает, что без зоны устойчивых рынков и свободного перемещения товаров дальнейшее развитие и становление как мировой супердержавы будет под большим вопросом.

Парадокс современной ситуации заключается в том, что современный Китай в своем развитии столкнулся с теми же проблемами, которые он пережил в первой половине XX века. Только если в начале XX века он пережил экономическую, политическую и военную экспансию мировых держав, и все беды связывал в своей новейшей истории именно с этим, то теперь он сам столкнулся, как мировая держава, с проблемой распространения своего экономического и политического влияния практически на все континенты мира. Чтобы понять драматичность современной ситуации, не надо забывать, что в новейшей истории Китая были – и позор распада Цинской империи, политическая и военная слабость перед империалистической агрессией Японии, и десятилетия кровавой гражданской войны, и трагедия торжества «левого коммунизма». И от того, насколько тонкой и выверенной будет его политика, зависит очень многое, не только в региональной, но и в мировой политике. Одно, на сегодня, уже становится ясным, что Китай никогда не отступит от намеченного курса, так как это естественное продолжение его политики на пути к мировому Олимпу. Вопрос состоит в том, как будет осуществляться этот грандиозный и значимый проект. Какие трудности стоят на его пути, и какие инструменты осуществления будут задействованы в осуществлении его как в настоящее время, так и отдаленном будущем. А то, что процесс осуществления мегапроекта будет сложным уже можно судить из многочисленных статей и интервью относительно этого мегапроекта. Особенно многих авторов волнует судьба Центрально-Азиатских государств, как «ближнего круга» китайской дипломатии, которые уже в ближайшем будущем должны ощутить на себе не только массивный поток китайских инвестиций и технологий, но и первые плоды мегапроекта «Один пояс – Один путь».

Так, в своей статье «Китай испытывает трудности со своим крупнейшим проектом в Центральной Азии» Тристан Кендердайн (Tristan Kenderdine), прямо заявляет, что «Амбиции Китая по расширению своего экономического присутствия в Евразии наиболее ярко отражены в мегапроекте «Один пояс и один путь». Данная инициатива потребует гигантских вложений в масштабное расширение железнодорожной инфраструктуры, особенно в Центральной Азии. Но планирование и осуществление проектов в рамках этой инициативы сталкивается со значительными проблемами, в том числе с координацией действий как внутри КНР между различными китайскими государственными структурами, так и между Китаем и центрально-азиатскими государствами...» [2]. Продолжая мысль автора можно сказать, что Китай после периода становления как мировой державы начал открытую конкуренцию (если не борьбу, за главный остров мировой суши, выражаясь языком геополитиков Макиндера, Хаусхофера и Бжезинского). И именно это вызывает особое беспокойство всех западных лидеров и аналитиков. Анализируя создавшуюся ситуацию с развитием мегапроекта, автор делает вывод о том, что «Для обеспечения успеха инициативы «Один пояс и один путь» Пекину придется обеспечить должную подготовку местных чиновников, чтобы те могли эффективно вести дела на международном уровне. Также необходимо обеспечить стабильное финансирование. Более того, китайским чиновникам нужно пересмотреть подход к странам Центральной Азии, лучше изучить регион во всем его разнообразии и стать более внимательными к опасениям соседей в социальной и культурной сферах».

Другой автор Нейтен Хатсон (Nathan Hutson) выражает обеспокоенность относительно дальнейшего развития мегапроекта и ставит вопрос относительно конкретных транспортных маршрутов, которые могут разделить участников мегапроекта на победителей и аутсайдеров.

«Китайская инициатива по строительству инфраструктуры «Один пояс, один путь» создаст выигравших и проигравших – констатирует он. Но пока Пекин старается добиться наибольшей международной поддержки данной инициативы, которая соединит западные провинции КНР с Европой, не уточняя, по какому конкретно маршруту пройдут железные дороги. Китай представил карты проекта «Один пояс – Один путь», на которых указано по несколько возможных маршрутов через различные страны, но не уточняется, какие конкретно маршруты будут избраны и когда начнется стройка. Пекин, таким образом, старается поддержать интерес всех стран региона. Но такая стратегия возможна лишь до тех пор, пока этот мегапроект не перейдет от стадии рекламы к стадии строительства» [3].

И далее автор ставит еще более сложный вопрос относительно конкурентоспособности и задействованности стран в данном проекте.

«Экономическая логика схожих проектов подсказывает, что в конечном итоге львиная доля инвестиций и грузопотока достанется одному или максимум двум железнодорожным коридорам. Китай предлагает построить не просто железнодорожные линии, а магистральный транспортный коридор длиной в 8 тысяч километров для различных видов транспорта, способный успешно конкурировать с существующими морскими и воздушными путями. На протяжении последних четырех десятилетий Китай упорно пытался усовершенствовать морские сети поставок, производя огромные целевые инвестиции в восточные прибрежные провинции. Поэтому китайские проектировщики хорошо понимают, что будет чрезвычайно сложно добиться успешного функционирования даже одного железнодорожного коридора, а одновременная успешная работа трех или четырех разных коридоров является практически недостижимой задачей» [Проект «Один пояс, один путь» — кто в выигрыше, и насколько? 22.12.2017].

В этом рассуждении автор несколько лукавит, экономического и торгового потенциала современного Китая хватит минимум на три коридора с избытком, а с учетом новой программы развития, принятой на XIX съезде КПК, необходимость в них еще более возрастет в ближайшее десятилетие.

Казахстанский автор Дамир Сакенов в своей публикации «Ниша Казахстана в китайской инициативе Один пояс – Один путь» /04 июня 2017/ рассуждает о рисках в ходе осуществления проекта для стран Центральной Азии и, в то же время, особой выгоде Казахстана как активного участника данного проекта. «...Но несмотря на эти проблемы, (некоторое сокращение политической и экономической зависимости от России), – отмечает он, – участие в BRI является идеальным союзом интеграционных амбиций Назарбаева и Си Цзиньпина. От Восточных ворот Хоргоса до Западных ворот Актау, Казахстан расположился как центр, из которого спицы BRI отправляются в остальной мир» [4], – делает вывод автор статьи. Представляя Казахстан как крупнейшего хаба в мегапроекте, все же не следует забывать, что это повлечет и более глубокое вовлечение Казахстана в китайскую геополитику в регионе.

Интерес к Мегапроекту в странах Центральной Азии обусловлен не только стремлением элит к новой возможности переформатировать устоявшийся политический и экономический порядок и получить большие преференции на волне создания новых международных политических структур и транспортно-производственных комплексов, но и со стороны большего числа населения этих государств как новая возможность для самореализации и процветания.

В то же время необходимо учитывать и то, что в общественном сознании большинства населения этих государств, сформировались устойчивые «штампы восприятия» Китая как гигантского «государства-дракона» с необъятными человеческими ресурсами функционально более способного для развития торговли и предпринимательства, с совершенно иными культурными и общементальными особенностями. Что само по себе может быть главным препятствием в реализации мегапроекта. Самое большое препятствие для реализации мегапроекта как не парадоксально это звучит, заключается именно в этом. Новые независимые государства Центрально-азиатского региона постсоветского пространства, которые практически по тем или иным причинам не сформировали устойчивые основы самостоятельного экономического развития, больше всего остерегаются именно экономического поглощения своего великого соседа.

Таким образом, можно сказать, что мегапроект вызывает живой интерес, как у непосредственных его участников, так и со стороны всех главных игроков мировой политики.

И если рассуждать с точки зрения политического реализма, мегапроект практически становится главным драйвером в становлении «нового мирового порядка». Именно от его практического воплощения будет зависеть политическая и экономическая архитектура современного мира.

Это еще более актуально в связи с тем, что современный западный мир практически един во мнении, что эра США как глобального модератора с приходом администрации Дональда Трампа подходит к концу. Так, один из ведущих обозревателей «Вашингтон Пост» Фарид Закария в своей последней статье «Конец эпохи, спад влияния США меняет мир» пишет: «...Между тем, председатель КНР Си Цзиньпин выступил в октябре на XIX съезде коммунистической партии, и из его выступления стало ясно, что он признает эти новые реалии. «Международные позиции Китая, его репутация возросли как никогда», – отметил он. И страна «прокладывает новый путь к тому, чтобы и другие развивающиеся страны достигли модернизации».

Си Цзиньпин объявил о «новой эре, ... в которой Китай выходит на передний план и вносит все более весомый вклад, действуя на благо человечества». В своих прежних выступлениях он смело заявлял, что Китай станет новым гарантом глобального торгового порядка.

Страна, создавшая сегодняшнюю международную систему, защищавшая ее и следившая за соблюдением ее принципов, самоустраивается и уходит в изоляцию, заботясь только о себе и своих интересах. Европа – еще один важный сторонник и защитник открытого и основанного на системе правил мира – не способна решительно действовать на мировой арене с каким-либо четким видением или целью и по-прежнему одержима судьбой своего собственного континентального проекта.

Заполняя вакуум власти, множество небольших и нелиберальных держав – Турция, Россия, Иран, Саудовская Аравия – ринулись вперед, стремясь занять ведущие позиции в своих регионах. Но только Китай по-настоящему обладает необходимой отвагой и стратегическим мастерством, чтобы потенциально определять, какой будет следующая глава в истории нашей эпохи.

10 лет назад я описал «постамериканский мир», который появится не по причине упадка Соединенных Штатов, а в результате «подъема остальных». Этот мир действительно зарождается, поскольку другие страны процветают. Но процесс этих изменений резко ускоряется в результате безрассудного и опасного решения администрации Трампа отказаться от глобального влияния Соединенных Штатов влияния, которого пришлось добиваться более 70 лет. Как мог бы написать в Twitter президент – «Печально!»... /Washington Post: Конец эпохи, спад влияния США меняет мир/ [5].

Можно согласиться с автором, что постамериканский мир, общие контуры которого уже проявляются, складывается не по причине упадка Соединенных Штатов, а в результате «подъема остальных»... Однако можно добавить, что американцы сами целенаправленно, в течение нескольких десятилетий, содействовали созданию этого мира, всячески поощряя Китай целым рядом преференций, находясь в плену атавизмов «Холодной войны» и «Дипломатии треугольника», в экономике они находились в плену модной долгое время «теории постиндустриального общества», которое теоретически предполагала, что экономика «постиндустриального общества» будет основана не на сильном промышленном потенциале, а на экономике услуг финансовых, технологических, юридических и т.д. И таким образом, они сами создали предпосылки для мощного экономического рывка Китая, поощряя уход своего реального сектора экономики в Китай. На сегодня сложилась такая ситуация, когда администрация Трампа, несмотря на предвыборные обещания, просто не в состоянии вернуть американский крупный бизнес из Китая. И мегапроект «Один пояс – Один путь» является крупным аргументом, в пользу того, что США начинают реально проигрывать битву за Евразию.

*Список использованной литературы:*

- 1 [https://ru.wikipedia.org/wiki/Один\\_пояс\\_и\\_один\\_путь](https://ru.wikipedia.org/wiki/Один_пояс_и_один_путь)
- 2 Кендердайн Т. *Китай испытывает трудности со своим крупнейшим проектом в Центральной Азии.* – *Eurasianet.org.*, 05.05.2017.
- 3 Хатсон Н. *Проект «Один пояс, один путь» – кто в выигрыше, и насколько?* – *Eurasianet.org.*, 22.12.2017.
- 4 Сакенов Д. *Ниша Казахстана в китайской инициативе Один пояс – один путь* <https://365info.kz/2017/06/nisha-kazahstana-v-kitajskoj-initsiative-odin-poyas-odna-doroga/> 04.06.2017.
- 5 Закария Ф. *Washington post: конец эпохи, спад влияния США меняет мир* / [http://rusnext.ru/news/1515052726?utm\\_campaign=transit&utm\\_source=mirtesen&utm\\_medium=news&from=mirtesen/](http://rusnext.ru/news/1515052726?utm_campaign=transit&utm_source=mirtesen&utm_medium=news&from=mirtesen/) 04.01.2018.

УДК 327 (4/9)  
МРНТИ 11.25.40

Ә.Қ. Ақтас<sup>1</sup>, Ж.Қ. Симтиков<sup>2</sup>

<sup>1</sup>6M020200 – «Халықаралық қатынастар» мамандығының 2 курс магистранты,  
Халықаралық қатынастар кафедрасы, Сорбонна-Қазақстан институты,  
Абай атындағы ҚазҰПУ, a.aktas@sorbonne.kz

<sup>2</sup>саяси ғылымдар докторы, Халықаралық қатынастар кафедрасының меңгерушісі,  
Сорбонна-Қазақстан институты, Абай атындағы ҚазҰПУ, zhomart-67@mail.ru  
Алматы, Қазақстан

## ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ КЕЙБІР АСПЕКТІЛЕРІ

*Аңдатпа*

Мақалада Қытай Халық Республикасының Орталық Азия елдеріне қатысты сыртқы саясатының кейбір аспектілері қарастырылады. ҚХР алғашқылардың бірі болып Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындады. Ол уақыттан бастап ҚХР Орталық Азия елдері экономикасы қомақты инвестициялар құйды, энергетика саласында бірлескен жобаларды іске асырды. Алайда, қытайлық «жұмсақ күш» аймақ елдеріне ықпалын тигізді. Бір жағынан Қытай Орталық Азияны экономикалық саяси тұрғыдан болашағы зор перспективалы аймақ деп қарастырса, екінші жағынан осы елдердің ішкі саяси жағдайының тұрақсыздығы салдарынан Қытай өзінің қауіпсіздігі үшін алаңдайды.

**Түйін сөздер:** саяси аспектілер, экономикалық саясат, жұмсақ күш, Орталық Азия, Қытай Халық Республикасы, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы, Жібек Жолының экономикалық белдеуі

Ә.Қ. Ақтас<sup>1</sup>, Ж.Қ. Симтиков<sup>2</sup>

<sup>1</sup>магистрантка 2 курса специальности 6M020200 – «Международные отношения»,  
Кафедры международных отношений Института Сорбонна-Казахстан  
при КазНПУ имени Абая, aktas.aigerim@gmail.com

<sup>2</sup>доктор политических наук, заведующий кафедрой международных отношений,  
КазНПУ имени Абая, zhomart-67@mail.ru

## НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВНЕШНЕЙ ПОЛИТИКИ КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКИ ПО ОТНОШЕНИЮ К СТРАНАМ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

*Аннотация*

В статье рассматриваются некоторые аспекты внешней политики Китайской Народной Республики в отношении стран Центральной Азии. Китай был одним из первых стран, признавших независимость центральноазиатских государств. С тех пор КНР вложила значительные средства в экономику стран Центральной Азии и осуществила совместные энергетические проекты. Китай в течении длительного времени является одним из лидирующих экономических партнеров Казахстана, Кыргызстана и Таджикистана. Тем не менее, нельзя не отрицать тот факт, что Китай активно действует по продвижению своей политики "мягкой силы" в регионе.

**Ключевые слова:** политика, экономика, «мягкая сила», Центральная Азия, Китайская Народная Республика, Шанхайская Организация Сотрудничества, Экономический пояс Шёлкового пути



<sup>1</sup>undergraduate of 2<sup>nd</sup> course specialty 6M020200 – International relations, Department of international relations of the Institute Sorbonne-Kazakhstan in KazNPU named after Abai, [aktas.aigerim@gmail.com](mailto:aktas.aigerim@gmail.com)

<sup>2</sup>doctor of political sciences, chairperson of chair International relations Kazakh National Pedagogical University named Abai, [zhomart-67@mail.ru](mailto:zhomart-67@mail.ru)

## SOME ASPECTS OF EXTERNAL POLICY OF PEOPLE'S REPUBLIC OF CHINA REGARDING THE COUNTRIES OF CENTRAL ASIA

### Abstract

The article examines some aspects of the foreign policy of the People's Republic of China regarding the countries of Central Asia. China was one of the first countries to recognize the independence of the Central Asian states. Since then, the PRC has invested a lot in the economies of Central Asia and implemented joint energy projects. China has long been one of the leading economic partners of Kazakhstan, Kyrgyzstan and Tajikistan. Nevertheless, we do not neglect the fact that China is actively working to promote its policy of "soft power" in the region.

**Keywords:** policy, economy, "soft power", Central Asia, People's Republic of China, Shanghai Cooperation Organization, Economic Belt of Silk Road

ҚХР алғашқылардың бірі болып Орталық Азия мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындады. 1992-1993 жылдары Орталық Азияның бес мемлекетінің басшысы және үкімет басшылары Пекинде ресми қабылданды. 1992-1994 жылдары Қытай Орталық Азия елдерімен 90-нан астам екіжақты үкіметаралық келісімшарттарға қол қойды. Қытаймен қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы келесі факторлармен байланысты: Қытай Орталық Азияның үш мемлекетімен және Ресей Федерациясымен ортақ шекарас бар. Бұл оның ынтымақтастықты нығайтудың ауқымын кеңейтеді және ел экономикаларының өзара энергетикалық тәуелділігі тағы бар. Қытай Орталық Азияға экономикалық әлеуетін көтерудің негізгі құралы энергияны жеткізуші сенімді серіктес ретінде қызығушылық танытып отыр. Орталық Азия – теңізге шығатын мүмкіндігі жоқ Ресейдің сыртқы сауда легінен (негізінен Еуропа мен Азия Тынық мұхиты аймағына бағытталған) географиялық тұрғыда алыс орналасқан аймақ.

Қытайдың Орталық Азиядағы мүдделерін негізінен үш үлкен топқа бөлуге болады: *қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық және энергетика*. Қытай үшін орталық азиялық мәселемен тығыз байланыстысы әрі ең негізгісі – ШҰАО байланысты мәселесі. Осы этапта Қытайдың ең басты мақсаты – аймақты Қытайдан алшақта жүрген Шығыс Түркістан әскерінің базасына айналдырмау және бұл аймақты халықаралық терроризм байланысынан алшақтату болып табылады. Сондықтан Қытай Орталық Азия елдерінің үкіметіне өз республикалары аумағында сепаратистік іс-әрекетке және террористік-экстремистік топтардың республика территорияларына енуіне тыйым салуды ұсынды [1].

Аймақ мемлекеттерімен мемлекетаралық байланыстардың дамуынан бастап бір мезетте әртүрлі деңгейдегі келіссөздерде ҚХР ресми өкілдері Орталық Азия республикалары аумағында ұйғыр сепаратистік ұымдарының іс-әрекетіне тосқауыл қою жөнінде тезистер жиі айтылды, кейіннен екіжақты қатынастарды реттейтін құжаттарда көрініс тапты. Оның ең үлкені Шанхай ынтымақтастық ұйымы. Шанхай ынтымақтастық ұйымы – Қытайдың батысқа бағытталған сыртқы саясатының басымдығы, қауіпсіздік пен тұрақтылықтың кепілдігі және қытайдың батыс аймақтарының гүлденуіне және Орта Азия елдерінің дамуына оң әсер етеді [1].

Түрлі саяси және дипломатиялық құралдардың көмегімен ұйғыр сепаратизмімен күресуде Пекин Орталық Азия елдерін ресми қолдауына ие болды. Қытай жағы ортаазиялық мемлекеттердің басшыларынан «түрлі ұлттық сепаратизммен қарсы күресуге және өз территорияларында ҚХР-ға қарсы бағытталған қандай да бір ұйымның немесе күштің сепаратистік қимылына жол бермейтіні» жөнінде сенімге қол жеткізді. Осы мәселе бойынша аумағында бірқатар ұйғыр диаспорасы өмір сүріп жатқан Қазақстан, Қырғызстан және Өзбекстанмен тығыз қарым-қатынас орнатылды. ШҰАО сепаратизмін қолдайтын ұйымдардың іс-қимылына ресми тыйым салынғанына қарамастан, тәуелсіздігі үшін ұйғыр көтерілісінің болу қаупі және аймақтағы ислам фундаментализмінің етек алуы бүгінде көбейіп тұр.

ҚХР-ның Орталық Азия елдеріне қатысты сыртқы саясатының негізгі бағыттар:

- Терроризм, экстремизм, сепаратизммен күрес.
- Шекара аудандарында қауіпсіздікті қамтамасыз ету.
- Аймақ тұрақтылығын қамтамасыз ету және экономикалық дамуға жағдай жасау.
- Аймақ елдерінің Қытайға достық қарым-қатынасын сақтау.
- Қытайға қарсы бағытталған әскери одақтардың құрылуына жол бермеу.
- Аймақтың энергетикалық ресурсының ашықтығын қамтамасыз ету.

Орталық Азия – ҚХР-ның әлемдік деңгейде үстем болуына апаратын алғашқы баспалдағы. Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттерімен достық қарым-қатынаста болу Қытайға Ресеймен, Оңтүстік Азиямен Таяу Шығыспен және Еуропамен қарым-қатынасының жақсы биік деңгейде болуына септігін тигізеді [1].

Қытай ұзақ уақыт бойы Қазақстан, Қырғызстан мен Тәжікстанның басты экономикалық серіктесі болды. Қарасырып отырған аймақтағы Қытай стратегиясы ҚХР-ның экономикалық ынтымақтастық пен кеңеюдің, экономикалық ынтымақтастық пен қауіпсіздігінің аражігін жақсы білетінін дәлелдейді. Негізі, ҚХР мен Орталық Азия елдерінің сауда-экономикалық байланысының нығаюы көбінесе географиялық жағдайының потенциалын мүмкіндігінше пайдаланып қалуға тырысп жатқан Шыңжаңның мүдделерінен көрініс табады. Әрі ол Қытайдың 1999 жылы қабылдаған «батыс аймақтарды барлық жағынан дамыту» бағдарламасымен тұспа-тұс келеді. Көрші елдермен екіжақты сауда-саттық байланыстарының нығаюы көрші территорияның экономикасының арту механизміне серпін береді [2].

Экономикалық ынтымақтастықты пайдалана отырып, аймақта өзінің үстемдігін арттыру үшін, ҚХР максималды түрде өз мүмкіндіктерін қолданып отыр. Олар: экономикасы масштабы, инвестициясын арттыру, географиялық жақын орналасуы. Осылайша Қытай қарастырып отырған елдерде өзінің ықпалын күшейту үшін және болашақта стратегиялық басымдығын сақтау үшін әлемдік дағдарыс кезінде мүмкіндігін мейлінше пайдаланды. 2009 жылы Қытай мен шекаралас елдерде бірқатар ауқымды жобалар бекітілді. Мысалы, 2009 жылы сәуір айында ҚР президенті Н.Назарбаевтың Қытайға іссапарында Қазақстанға 10 млрд АҚШ доллары көлемінде несие беру туралы келісім жасалды [2].

Көптеген қытайлық аналитиктердің ойынша, бүгінде Орталық Азияның саяси, энергетикалық, экономикалық потенциалына АҚШ, Ресей, Қытай және ЕО елдерінің бәсекелестігі өршіп тұр. Алға қойған мақсатына жету үшін Пекин өзінің «жұмсақ күшінің» барлық мүмкіндіктерін пайдаланып, Вашингтон мен Мәскеу жоспарларына қарсы тұрмақ.

Орталық Азияда Оңтүстік-Шығыс елдеріндегідей кең ауқымды қытайлық мәдени әсер, саяси астыртын іс-шаралар, әртүрлі білім және басқа да бағдарламаларды қаржыландыру байқалмайды. Орталық Азиядағы қазіргі қытайлық дипломатия прагматизммен және экономикалық, жол-көліктік жобаларды жүзеге асыруға аса мән берушілікпен ерекшеленеді. Қазіргі уақытқа дейін Қытай үкіметі аймақта «жұмсақ күш» саясатын жүзеге асыратын ресми бағдарлама әзірлеген жоқ. Оның үстіне, аймақ елдеріндегі бірлескен мәдени-ағартушылық іс-шараларды өткізудегі Қытайдың белсенділігін есепке алсақ, ел билеушілері жақын арада осындай ресми бағдарламалық құжат қабылдайтынын болжаймыз [3].

Соңғы жылдары Қытайда жоғары білім беру ордаларында Орта Азия мемлекеттерінен келген студенттердің саны көбеюде. Қытай билігі олар үшін бар қолайлы жағдайды жасап жатыр. Ортаазиялық студенттердің басым бөлігі ШҰАО-да білім алады. Мысалы, Шыңжаң Педагогикалық Университеті негізінен көрші мемлекеттердің студенттерін оқытуға бағытталған. Білім бойынша қытайлық ықпалдың таралуын мызғымас бөлшегі – Конфуций институттары. Кең таралған практика – институт жанына мүмкіндігінше қытайлық білім беру жүйесін дамытып, студентер алмасуды жүзеге асыратын қорлар ұйымдастыру болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстанда 5 Конфуций институты жұмыс істейді. Олар Алматыда, Астанада және Ақтөбе, Қарағанды қалаларында. Соңғы жылдары осы аймақта қытай тілін үйренушілердің саны артып, оқуға Қытайға кететіндердің қарқыны толастар емес. Тәжікстан мен Өзбекстанда Конфуций институттары осы елдердің ұлттық университеттерінің жанынан ашылған [4].

In accordance with the generally accepted practice of modernity, the need to stabilize the positive image of the state is the main task of the foreign policy of the developed countries. Also, special services responsible for cultural diplomacy are often created in the structure of the Ministry of Foreign Affairs of developed countries. In Japan, this task is entrusted to the Department of Public Diplomacy (Koho Bunka Koryu Bu), She is a member of the secretariat of the Minister of Foreign Affairs and the information centers of Japan's foreign embassies under his supervision. In 1974, on the basis of organizations engaged in campaign activities, the International Exchange Foundation (Kokusai Koryu Kikin) was established. The proposed article deals with currently implemented international programs of the Fund, covering various sectors. In addition, the importance of these programs in the formation of the Japanese positive image abroad is disclosed.

**Keywords:** Japan, image, cultural diplomacy, international programs

XXI ғасырда Жапония барша әлемге танымал әрі мықты бет-бейнесін орната алды, бұл – дәстүрлерді құрмет тұтатын тыныштық пен бейбітшілік елі, озық технологиялық және экономикалық алып мемлекеттің образы. Әлемнің қай түкпірінде болсын Жапония деген мемлекетті білмейтін адам

жоқ десе де болады. Әрине, Жапония оңайлықпен осындай әйгілілікке қол жеткізді деу қате болар. Мәдени дипломатия жолы өте күрделі, және ол табанды шыдамдылық, уақыт пен көп еңбекті қажет етеді. Жапон мәдени дипломатиясы Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігінің шебер атқарып жатқан қызметінің арқасында көптеген нәтижелерге жетіп отыр. Соңғы жүзжылдық барысында Жапонияның мәдени дипломатиясы басынан түрлі қиын кезеңдер, гүлдену шақтары, мен өзгерістерді кешті. Жапония осы уақыт аралығында алуан түрлі мемлекет образын киіп көрді десе де болады.

Жапонияның экономикалық, технологиялық, және саяси жетістіктері бәріне мәлім. Алайда, Жапонияның мәдени дипломатия майданындағы қызметі мен оның ерекшеліктері соңғы кездері ғана жіті зерттеле басталды. Сол себепті, жапон мәдени дипломатиясының мәселелері, оның ішіндегі негізгі құралдарының бірі – халықаралық алмасу бағдарламаларын зерттеу өзекті болып табылады.

Қазіргі заманда Жапония бірқатар жаңа мәселелерге тап болып отыр. Олардың біреуі – шетелдегі мәдени шараларға арналған қаржылай ресурстарды жұмылдыру қиындығы. Салық төлеушілер мен делдалдардың түсіністігі үшін кез-келген мәдени алмасу бағдарламасы бірден тиімділігін көрсетуі тиіс деген де талаптар бар. Сол себепті нәтижесі ұзақ уақыт аралығынан кейін ғана мәлім болатын жобаларға арналған қаржылай ресурстарды табу күннен күнге қиындап барады. Мысалы, мәдени алмасулар осы категорияға жатады. Сонымен қатар, Жапония үшін өз мәдениетінің бірегейлігін сақтап қалу өте қиын. Себебі, жылдам жаһанданып жатқан әлемде әр ұлттың «бірден-бір» мәдениеті бара бара басқа мемлекеттердің мәдениетінен айырмашылығы жойылып барады. Мәдени өнімдер мен сервис жаһандық нарықта интернацияландырылып жатыр. Мәселен, кейбір «жапондық» мәдениет өнімдері жапондық емес жасаушының қолынан шықса да, сапасы жағынан өте жақсы болуы мүмкін, немесе жапондық аспазшылар дайындаған кейбір француз тағамдары француздық аспазшылардың туындыларынан әлдеқашан дәмді болуы мүмкін. Сонымен бірге, Мураками Харукидың еңбектері, аниме мен отаку сияқты қазіргі заман жапон мәдениетінің мысалдары шынында да жапон «феномены» екені жайлы сурақ туындайды. Олар кейде «Жапонияға қатысты» емес ультра-модерн мәдениетінің айқын белгілерін көрсетуі мүмкін. Жапон тағамдары да күннен күнге әйгілі болып барады, жапон роллдары мен суши тағамы болса әлдеқашан экзотикалық болып саналмайды, және оларды көптеген ресторандардың мәзірінен табуға болады. Осындай жағдайда Жапон Фонды мен жапон мәдени дипломатиясымен байланыстағы көптеген қайраткерлер Жапонияның мәдени дәстүрлерін тек қана Жапонияның меншігі ғана емес, барша адамзаттың асыл мұрасы деп есептейтін саясатын икемдеді. Бұл Жапонияның мәдени дипломатиясы әлемге жапон ойы мен дәстүрлерін насихаттап қана қоймай, Жапонияға жапондық емес мәдениетті таныстыра отырып әлемдік мәдени мұраны байытуға бағытталуы тиіс деген мағына. Бұндай саясат мәдени әртүрлілікті қолдап, адамзатқа арналған бай мәдени ортаны сақтауға көмектеседі. Жапония инновациялық дамуында мәдени алмасуларды бейбітшілік құрудың амалы ретінде пайдалана бастады. Мәдени алмасулар арқылы бейбітшілік құрудың жаңа концепциясы мәдени дипломатияның мульти-функционалды табиғатын көрсетеді. Мәдени дипломатия – алуан көлемді, оның кейбіреулері соңғы кезге дейін дұрыс қабылданбаған. Жергілікті қауымдардың қайта өркендеуін ынталандыру, және мәдени дәстүрлері әртүрлі этникалық топтарға бейбіт қатар өмір сүру үшін жәрдем көрсету – Жапонияның халықаралық мәдени алмасулар саясатының алуан түрлі мақсаттары.

Жапон Сыртқы Істер Министрлігінде 1951 жылы Ақпарат және Мәдениет Департаменты құрылды, ал 1953 жылы соғыс уақытында тоқтап қалған жапон мәдениетін шетелде насихаттайтын түрлі ұйымдардың жұмысы қайта жандандырылды. 1960 жылы бұл ұйымдардың құрылымы өзгертіліп, қаржылық базасы беріктендірілді және Сыртқы Істер Министрлігінің тарапынан бақылау күшейтілді. 1964 жылы министрлікте мәдени іс-шаралардың бөлімі құрылды. Насихаттау жұмыстарымен айналысатын ұйымдардың негізінде 1974 жылы Халықаралық алмасулар Фонды (Кокусай Корю Кикин) құрылды [1, 180 б.].

Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігі мәдени дипломатияның келесі бағыттарын бөледі [2, 142 б.]:

1. Халықаралық мәдени алмасулардың өркендеуі. Бұл – қоғам, білім және спортпен алмасу бағдарламалары уәкілдерінің өзара достық сапарлары; жетекші ғылым мамандары, мәдени және ғылым қайраткерлерінің арасындағы мәдениет пен өнер саласындағы алмасулар; өркениеттер арасындағы диалог; жапонтанудың дамуы. Әсіресе Орталық Шығыс диалогы, Азия, АҚШ және басқа да елдермен интеллектуалды алмасулар, БҰҰ институттарымен өзара әрекеттесу; екіжақты мәдени ынтымақтастық, ЮНЭСКО арқылы әрекеттестікке ерекше көңіл бөлінеді.

2. Әлеуметтік арақатынас. Бұл – шетелдегі Жапонияның образын жақсарту мен толықтыруға бағытталған арнайы бағдарламалар (дамыған мемлекеттердегі ірі мәдени шаралар науқаны,



Жапониядағы шетелдік туризмнің дамуы, т.б.); Жапония жайлы шетел баспасөзі.

Қазіргі таңда Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігінің құрамында, жоғарыда айтылып кеткендей, арнайы Қоғамдық Дипломатия Департаменты бар. Департамент министрлік секретарияттың құрамына кіреді, және ақпараттық-түсіндіру шаралары сияқты кең көлемді жұмыстармен, сонымен қатар мәдени дипломатияның амал-әдістерін қолданып, шетелдегі Жапонияның позитивті бедел-бейнесін жасаумен айналысады. Департаменттің міндеттері мен айналысатын жұмысы әртүрлі, әрі ауқымды. Бұл Жапонияның позитивті имиджін жасауда алуан түрлі іс-шараларды ұйымдастыруға жол береді. Мысалы, шетелдіктерге арналған әдеттегі жапон қолөнері көрмелері мен жапон кинофестивальдарынан бастап, жапон жекпе-жек өнерімен айналысуға қолайлы жағдай жасау жұмыстары (мысалы, Америка әскерлері талибтарды талқандағаннан кейін Жапония Ауғаныстандағы дзюдо федерациясына қаржылай және әдістемелік жәрдем көрсетіп жатыр), немесе түрлі мемлекеттерде жапон тағамдары жайлы дәрістер өткізу сияқты әдеттегіден тыс акцияларды жатқызуға болады.

Мәдени дипломатия мәселелерімен айналысатын жапон ұйымдарының ПӘК-і (пайдалы әсер коэффициенті) шетелдік әріптестермен салыстырғанда айтарлықтай жоғары. Түрлі мағлұматтарға жүгінсек, АҚШ-та сыртқы саяси насихат пен мәдени алмасулармен айналысатын адам саны 2,5 мыңнан бастап 20 мыңға жуық санға жетеді. Ал осы адамдар Мемлекеттік Департамент пен студенттік алмасулармен айналысатын муниципалдық ұйымдарға қарасты жүзге жуық ұйымдарда қызмет атқарып жатыр. Ұлыбританияда бұл салада еңбек жасап жатқандар саны 3 мыңға жуық, Францияда болса 700. Жапонияда мәдени дипломатия мәселелерімен ресми түрде 600 мыңға жуық адам айналысып жатыр. Олар осы салада түрлі қоғамдық және коммерциялық құрылымдарда, достастық қауымдар мен экономикалық одақтарда қызмет жасап жатқан адамдардың қолдауына да сүйеніп отыр. Бұл мақсатқа арнап үкімет тарапынан берілетін қаржы мөлшері осы ұйым қызметкерлерінің санына байланысты [3, 65-97 б.].

Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігі социологиялық құралдардың көмегімен мемлекеттің имиджін жақсартатын іс-шаралардың маңыздылығын айқын түсінеді. Бұнда негізгі рольды қазіргі демократиялық қоғамда ықпалы күшейіп кеткен және эндогендік түсініктерді (дәлірек айтсақ, Жапония өз образын жасау үшін түрлі шаралардың өткізілуі жоспарланған мемлекеттегі түсінік) қалыптастыруда маңызды әлеумет пікірі мен сол имиджін экзогендік (яғни, Жапонияның тарапынан шығатын) жасаушыларын модельдеу атқарады. Қазіргі халықаралық ахуалда алуан түрлі социологиялық сауалнамалар мен зерттеулердің көмегімен әлеуметтік-саяси өзгерістер мен жергілікті тұрғындардың сол өзгерістерге деген көзқарасын констатациялап қана қоймай, солардың көмегімен қолайлы саяси ахуал тудырып, керекті саяси шешімдерді орындау жолында қоғамдық пікірге ықпал ету мүмкіндігі бар.

Имиджды жақсартуға арналған дұрыс бағыт пен сапалы іс-шараларды анықтау үшін Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігі социологиялық зерттеулер мен ақпараттық мәліметтердің көмегімен нақты бір мемлекеттің саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайын зерттеп біледі. Әсіресе түрлі қоғам таптарының Жапонияға деген қызығушылығын оятқан салаларды анықтауға үлкен көңіл бөлінеді. Сол салаларың мазмұнын ашатын бұқаралық ақпараттық құралдардың ролі мен ықпалы зор. Сыртқы Істер Министрлігі бұқаралық ақпараттардың арасынан келешегі бар дегендерін сұрыптап, жапон мәдени ықпалын таратудағы жолсерігін таңдайды. Мысалы, Ресейды алатын болсақ, 2002 жылдың тамызынан 2003 жылдың қарашасы аралығында орталық ресейлік БҰҚ-да Жапонияны атап өту жағдайлары «Теледидар», «Радио», «Газеттер» деген құрылымдарға бөлінді, бұндағы көрсеткіштер бойынша 1 баған белгілі уақыт аралығында жапон тақырыбындағы басылым мен бағдарламалардың орташа санын білдіреді. 2 баған – бір ай ішіндегі басылымдар мен бағдарламалардың орташа саны. Соңындағы 3 баған – бейбіт келісім мен «солтүстік территориялар» мәселесіне тікелей қатысы бар ақпарат мөлшері. Соңғы бөлім жапон Сыртқы Істер Министрлігінің пікірі бойынша орыс-жапон қарым-қатынастарының ішіндегі ең өзекті саяси мәселе болып табылады [4, 56-58 б.].

Бұл мәліметтерге сүйенсек, Ресейдің негізгі БҰҚ-ы көрсетілген уақыт аралығында бір айда 1-ден 12 мәртеге дейін Жапонияға қатысты тақырыптар қозғаған. Бұл өте жоғары көрсеткіштерден Ресей қоғамының Жапония жайлы ақпаратқа деген қызығушылығын көруге болады. Ақпаратты ұсынудың жиілігі мен үрдісі тақырыптың бағыты мен сол ақпаратты ұсынып отырған басылымның форматына байланысты. Мысалы, 1-ші арна (1-ый канал) 16 ай ішінде Жапония жайлы мәліметтерді негізгі бәсекелестерінің бірі толықтай мемлекет қарамағындағы «Россия» арнасынан бір жарым есе жиі көрсеткен. Бірақ, есептеулер бойынша бейбіт келісімшартқа отыру мәселесіне арналған мәліметтер

«Россия» арнасында жиірек көрсетілген.

Осыған тән көрсеткіштер, және басқа да ақпараттық мәліметтер мен социологиялық сауалнамалар Ресей қоғамының түрлі тап өкілдерінің Жапония жайлы түсінігі туралы жалпы көріністі орнату үшін қолданылуы мүмкін. Қолында осындай есептемелері бар Жапония үкіметі негізгі жапон образын қалыптастыру мен қолдау жұмыстарында мемлекетке тиімді, әрі қолайлы бағыттарды анықтап, саяси-экономикалық акцияларды ұйымдастыруда мәдени инвестицияларды тиянақты, да нақты бөле алады.

Жапон мәдени дипломатиясының түрлі халықаралық бағыттарына қатысты нақты мысалдарды қарастырайық.

*Мамандармен алмасу және білім-спорт алмасу бағдарламалары.* Көрнекті қайраткерлер арасындағы мәдени алмасу ХІХ ғасырдың ортасында Жапонияға табыс әкелген жапон мәдени дипломатиясының ең алғашқы, әрі негізгі түрі болып табылады. Оның өзектілігі әлі күнге дейін сақталған. Қазіргі таңда бұл дипломатия түрінің мақсатты аудиториясының қомақты үлесі жастардан құрылғанымен, жастарға бағытталған жапон субкультурасының тарату акцияларының әлеуметтік-интеллектуалдық деңгейі де жоғары болып келеді. Яғни бұның нәтижесін де жақын болашақта көруге болады. Бұны «аса кірісті мәдениеттер арақатынасы секторына арналған қысқа мерзімді мәдени инвестициялар» деп де атауға болады. Көрнекті саясаткерлер, жазушылар, ғалымдар, өнер қайраткерлері осы инвестициялардың нысаны болып табылады. Оларға Жапонияның бай мәдениетімен танысу үшін арнайы жағдайлар жасалынады, сонымен бірге олардың өздері мен туындылары да жапон жерінде таныстырылатын кездер де бар. Бұл адамдар өз мемлекеттерінде потенциалды ньюсмейкерлер және имиджмейкерлер болып табылады. Олардың мәдениет, сонымен бірге жалпы Жапония жайлы пікірлері олардың отандастары үшін аса маңызды мәнге ие, және іс жүзінде әрқашан жағымды арнада жасалған тұжырымдаулар сол мемлекеттің басты немесе болмашы образын жасауда елеулі роль атқарады.

Білім, спорт және жастар арасындағы алмасулар бағдарламалары ең перспективалық амалдардың бірі болып табылады [10, 18 б.]. Себебі бұл бағдарламалар Жапонияның жағымды образын болашақта нысан болып табылатын мемлекеттің саяси, экономикалық және интеллектуалды элитасын құру мүмкіншілігі бар жастар арасында таратуға бағытталған. Жапон фондының алуан түрлі стажировкаларынан тыс, Жапон білім және ғылым министрлігінің Жапонияны жапон жерінің өзінде зерттеуге құмары бар 117 мың жас азаматтың осы мемлекетке жолын ашқан түрлі бағдарламалары бар [5, 208-10 б.]. Сонымен қатар, алдыңғы параграфта айтылып кеткен мектептер мен университеттерде ағылшын тілі немесе басқа шетелдік тілдерді оқытуға қызығушылық танытатындарға арналған Жапониядағы алмасу және білім беру бағдарламасы (Japan Exchange and Teaching – JET) жұмысын ойдағыдай атқарып жатыр. Бұл бағдарлама арқылы бір жылдан үш жылға дейінгі мерзім бойынша 40 түрлі мемлекеттен 40 мыңға жуық жас азаматтар Жапонияға келді. Олардың 60%-ын Қытай азаматтары құрады. Көп жағдайда жастардың әжептәуір бөлігі жапон тілінің үйрену курстары арқылы арнайы емтихандарды тапсырып немесе тіл білу сайыстарына қатысып, жоғарыда айтылып кеткен бағдарламаларға тартылады. Әрине бұған да Жапон Сыртқы Істер министрлігінің тікелей қатысы бар [6, 116-130 б.].

Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігі спорттық алмасулардың дамуын, оған қоса шетелдегі ұлттық жапондық жекпе-жек өнерінің (оның ішінде ең алдымен дзюдо мен кэндо) насихатын мадақтайды. Бұл шетелдіктердің Жапонияны танып білу жолындағы ең нәтижелі құралдардың бірі болып саналады.

*Мәдениет және өнер саласындағы алмасулар.* Кейінгі кездері Жапония үкіметі жастар субкультурасының өрлеуіне ерекше көңіл аударуда, бұл басқа мемлекеттердің жас азаматтарын жапон дәстүрлі мәдениетін қабылдау мен ұғынуға икемдейтін перспективалық құрамдас болып табылады. Бұнда бірінші ретте манга комикстары, аниме мультфильмдары мен жастар сәнін айта кеткен жөн. 2006 жылдың жазында Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігі поп-мәдениетті мемлекеттің тартымды образын жасаудағы дипломатиялық құрал ретінде пайдалану ниетін ресми түрде жариялады. Сыртқы саясаттық мекеменің басшысы Асо Таро Токиодағы цифрлық технологиялары Университетінің студенттеріне айтқан өсиеті: «Ең алдымен "Жапония" сөзін ести сала адамдардың басына қандай образ келетіні жайлы ойлаңдар. Образ неғұрлым тартымды, жарқын, әрі жанға жайлы болса, біздің мемлекет басқа мемлекеттерге соғұрлым түсінікті бола алады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл істегі табыс жапон дипломаттарының қызметін жеңілдетеді». Бастапқы кезде ұлттық жапон көркемөнері, жекпе-жек өнері, кейінірек әдебиеттің белгілілігімен түйіндес болып келген Жапонияның әйгілілігі кейінгі кездері жас буынның құндылықтарына сүйенуі жайдан жай

емес. Жастардың жапондық анимация мен цифрлық технологияларына деген қызығушылығы Сыртқы Істер Министрлігінің тарапынан моральдық, кей кезде материалдық құптауына тап болады. Жапонияның жылы шырайлы имиджі болашақта жастардың талғамына сәйкес икемделген «Керемет Жапония» (Cool Japan) арнайы образының негізінде жасалынады. Сонымен бірге жапон дәстүрлерінің беріктігі мен Но, Кабуки және Бунраку, сумо жекпе-жегі және шай рәсімі сияқты мәдениеттің классикалық үлгілеріне деген адалдықтың сақталуы да сөзсіз [7, 139 б.].

Жапон образын ілгері жылжытуда белгілі мақсатқа арналған акцияларды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін ақпараттық итермеулер бұрынғыдай қолданылуда. Көп жағдайда іс-шаралар белгілі естелік даталарға сай орайластырылып өткізіледі. Мысалы, Қазақстан мен Жапония арасындағы қарым-қатынас тарихы осыған тән іс-шараларға бай. Оған жыл сайын өткізілетін жапон кино-фестивалін, әртүрлі мәдени немесе тарихи тақырыптардағы көрмелер, жапон музыканттарының қатысуымен ұйымдастырылатын концерттік бағдарламалар, жапон тілін меңгеріп жатқан студенттерге арналған Бенрон-тайкай шешендік өнер сайысын, Жапония мәдениет күндерін, т.б. жатқызуға болады.

*Интеллектуалды алмасулар, өркениеттер арасындағы диалогтар, жапонтанудың дамуы, БҰҰ институттарымен өзара қатынас.* Жапония бұрыннан бері көрмелер, симпозиум мен лекциялар ұйымдастыру арқылы елдің интеллектуалды элитасын мемлекет шетінен тысқары мәдени-миссионерлік жұмыстарға жіті тартып келеді. Осындай іс-шараларда Жапонияны ішкі және халықаралық мәселелерге қатысты кең ой-пікірлерге ие көрнекті жапон ғалымдары, мәдениет қайраткерлері мен ірі шенеуніктер өз көзқарастарын шетелдік көпшілікке жеткізеді. Осындай жапон үкіметінің қазіргі кездегі «мәдени буферлерінің» арасынан министрлер кабинетінің арнайы кеңесшісі, жазушы және қоғамдық қайраткер, «Жапония дегеніміз не?» кітабының авторы Сакаия Таити мен министрлер кабинетінің тұсындағы гендерлік комитеттің басшысы, әйел адамдардың әлеуметтік адаптация мәселелерінің орасан зор маманы Ивао Сумиконы бөліп шығаруға болады. Олар Ресейге де сапар шегіп, қазіргі Жапония мен оның жеке мәселелеріне жаңа көзбен қарауға мүмкіндік беретін аса қызықты дәрістер өткізді.

Әлемде білімнің көптеген салалары бойынша алдыңғы орынға ие жапон ғылымы да ғылыми байланыстарды өрістетуде мен Жапонияның өзіндегі ғылыми процесстерді оңтайландыру үшін басқа мемлекеттердің ғалымдарымен бірігіп қызмет істеу мүмкіндіктерін белсенді түрде іздестіруде. Түрлі мемлекеттердің үздік математиктері, физиктері, химиктері, ихтиологтары және басқа да ғалымдар түрлі конференциялар, симпозиумдар, семинарлар, стажировкалар, т.б. ұйымдастыру арқылы Жапония мен одан тыс елдердегі интеграция процессіне тартылып жатыр. Мысалы, Цукубадағы Жапон физикалық зерттеулер орталығында бір мезгілде жиырма шақты ресейлік жас мамандар қызмет атқарып жатыр. Олардың көпшілігі басқа орталықтардағы әріптестері сияқты жапон тілін үйреніп, жапон мәдениетімен танысуда.

Жапон үкіметінің дұрыс жоруы бойынша шетелдегі Жапонияны зерттеу барысында шетелдік интеллектуалды элита өкілдерінің бір бөлігі жапонтанудың түрлі тақырыптарында жұмыс атқара отырып ынтымақтасу мүмкіндігі бар. Бұл да шетелдегі Жапония ұғымына жағымды әсерін тигізеді. 2004 жылы Жапония зерттеу жұмыстарына демеу қаржы беріп, әлем бойынша 175-тен аса жапонтанушылардың ұйымдарына түрлі формада жәрдем көрсетті. Осылардың ішінде азиялық, қытайлық және америкалық жапонтануға ерекше көңіл бөлінеді [8, 139-153 б.].

Жапон мамандары үзіліссіз жол тартып, симпозиумдар, семинарлар және басқа да ғылыми іс-шаралар ұйымдастырылып жатқан Орталық Азия мемлекеттерімен мәдени диалогты жүзеге асыруда Жапон үкіметі Жапон фондымен бірлесіп айтарлықтай көмек көрсетіп жатыр. Алайда мәдени алмасу саласында негізгі назар әлі де Қытай, Корея, АҚШ және Азия-Тынық мұхиты аймағының бірқатар мемлекеттерінде. Бұл мемлекеттермен ынтымақтастық жапон мәдени дипломатиясының алғашқы шағында орнатылып екі жақтың өзара қызығушылығын көрсете отырып айрықша серпінді түрде дамып жатыр.

Жапониямен қарым-қатынасы жағымды фазаға енген мемлекеттер, немесе Жапония болашақта қарым-қатынастарында аса өзгертулер енгізбейді деп шешілген мемлекеттердегі мәдени дипломатиялық шаралардың белсенділігінің бәсеңдеуін байқай кеткен жөн. Мысалы, Ресейді алатын болсақ, қайта құрылу кезеңінде жаңа Ресейдің жаңа мемлекеттілігінің қалыптасу этабында Жапонияның Ресейдегі мәдени инвестициялардың қарқындылығы орасан зор болды. Себебі сол кезеңде кеңестік дәуірден кейінгі Ресейдегі жаңа жапон образын қалыптастырудағы алғашқы негіз орнатылды. Қазіргі кезде Жапонияның Ресейдегі мәдени дипломатия жұмыстары алғашқы кезбен

салыстырғанда баяу және тұрақты түрде жүріп жатыр. Мысалы, 1997 жылы Жапонияның Сыртқы Істер Министрлігінің қарамағында екі мемлекет арасындағы келісімшартпен бекітілген жастар арасындағы алмасулар бойынша Жапон-орыс орталығы құрылған болатын. Орталықтың көмегімен әскери қызметкерден басталып журналисттермен бітетін түрлі мамандықтардың жас өкілдері арнайы бағдарламалар арқылы Жапонияға сапар шеккен, ал кейбіреулері осы мемлекетте бір жыл оқу мүмкіндігіне ие болды. Қазіргі таңда орталықтың қызметі тежелді. Сондай-ақ Қытай, Корея, АҚШ сияқты бірқатар шетел мемлекеттеріне қатысты Жапония бұқаралық ақпарат құралдары саласында шетелдік мамандарды (журналисттер, аналитиктер, тележүргізушілер) тартып, оларға Жапонияда стажировка өткізетін мүмкіндік беретін іс-шаралар ұйымдастырып жатыр.

Бірқатар мемлекет Жапониямен екіжақты мәдени кооперация, онымен қоса жапон тілін оқыту саласы мен дәстүрлі мәдениетпен танысу, қатынасы арқылы байланысты. Жапонияның орташа құны 2 млрд. доллар болатын 44 жобаға тікелей қатысы бар. Мысал келтіре кетсек, Самарканд шет тілдер университетінің лингвистикалық орталығының жабдықтары, Перудағы планетарийдың құрылысы немесе Мысырдағы Перғауындар алқабындағы ғылыми іздеулер. Жапония БҰҰ-ның қызметіне ерекше көңіл аудара отырып, ұйымның бағдарламаларын тырысушылықпен тұрақты түрде қолдап отырады. Жапония БҰҰ-ның тиіс бөлімшелерінің тарапынан бай тарихы мен мәдениетінің сансыз ескерткіштерін әлемдік туындылар ретінде мойындайтын мандатқа ие болды. Бұл әлемдегі Жапонияның мәдени беделін жоғарылатты, онымен қоса ЮНЭСКО сияқты бірқатар ірі халықаралық ұйымдардың соңғы кезде басқарғандар да осы жапон азаматтары. Бір мезгілде Жапония маңызды мәдени бағдарламалардың демеушісі ретінде алға шығып, белсенді түрде БҰҰ тарапынан тіркелген үкіметтік емес ұйымдармен де бірлесіп қызмет етіп жатыр [9, 369-370 б.].

Сол бағдарламалардың көбі Жапонияның қатысуынсыз жақын арада жүзеге асуы екіталай. Осындай ынтымақтастықтың жаңа бір мысалы ретінде Ирак ұлттық мұражайын қалыпқа келтіру жұмыстарына 1 млн. доллар қаржылай көмекті немесе Ауғаныстан тауларындағы қираған Будда мүсіндерін бұрынғы қалпына келтіру жұмыстарына қатысу әзірлігін, және орташа құны 160 млн. доллар болатын 20 жобаны келтіруге болады. 2004-2005 жж. кейбір үкіметтік емес жапон ұйымдары жапон жекпе-жек өнерлерін зерттеу жұмыстарында, жекпе-жек өнерінің шеберлері ғана емес, ірі ғалымдар, дипломаттар, журналистердің қатысуымен, халықаралық симпозиумдарды ұйымдастыру мәселесі бойынша БҰҰ тарапынан қолдауға қол жеткізді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 Железняк О.Н. *Вхождение во внешний мир. Деятельность Японского Фонда за рубежом // Япония 1999-2000. Ежегодник.* – М., 2000. – С.180.

2 *外務省関係法令集 (Sbornik zakonodatel'nyh aktov ministerstva inostrannyh del).* – Tokio, 1983. – P.142.

3 Панов А.Н. *Японская дипломатическая служба.* – М., 1988. – С.65-97.

4 *The 69<sup>th</sup> Session of the Japanese Diet, Gaimu iinkai gijiroku (Minutes of the Foreign Affairs Committee) (March 15, 1972).*

5 *Japan Diplomatic Blue Book.* – Tokio, 2004. – P.208-210.

6 Куланов А.Е. *Культурная дипломатия Японии // Япония. Ежегодник, выпуск №36.* – Москва, 2007. – С.116-130.

7 Ogoura Kazuo. *Sharing Japan's Cultural products as «International Assets».* – Japan Echo. – Vol.31, 2004. – №6, January. – 139 p.

8 *The Japan Foundation. Overview of Programs 2005, Annual Report 2003-2006.* – Tokyo, 1998. – P.139-153.

9 Жапонияның ЮНЭСКО-ға ену процессы Масаёси Мацумураның «*国際交流史*» (Халықаралық алмасулардың тарихы) (1996, *Chijinkan*, 369-370) еңбегінде түсіндірілген.

10 Сабитова А.А. *Международный и правовой аспект межгосударственного сотрудничества в сфере образования // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №4(47), 2016.* – С.18-21.

УДК 327; 930.22  
МРНТИ 11.25

*Риги Гити<sup>1</sup>, Сембинов М.К.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>магистрант 1 курса специальности «Международные отношения»  
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>Научный руководитель: профессор Института  
«Сорбонна-Казахстан», [muratsemb@mail.ru](mailto:muratsemb@mail.ru)*

## **ИРАНСКИЕ ПРОТЕСТЫ 2017-2018 ГОДОВ: ПРИЧИНЫ И ПОСЛЕДСТВИЯ**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются протесты, произошедшие в Иране в 2017-2018 годах. Начавшись 28 декабря и продолжаясь по 14 января, антиправительственные движения распространились на 72 города Ирана, унеся жизнь 25 человек, не считая заключенных и других материальных потерь. По версии многих источников поводом послужил запрет правительства на пользование социальными сетями. Однако существовали скрытые мотивы и внутренние настроения общества, которые имели экономическую и политическую причины.

Констатация и анализ фактов позволит более глубоко взглянуть на данный конфликт, его причины, источники и мотивы. Как интерпретирует Исламское правительство данную проблему, какой подход применять в его решении? Все эти вопросы заслуживают особого внимания.

**Ключевые слова:** клерикальный режим, Зеленая революция, МВФ, ВВП, манифестация

*Г.Риги<sup>1</sup>, М.К. Сембинов<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының  
халықаралық қатынастар кафедрасының 1-курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан*

*<sup>2</sup>«Сорбонна-Қазақстан» институтының профессоры, [muratsemb@mail.ru](mailto:muratsemb@mail.ru)*

## **2017-2018 ЖЫЛДАРДАҒЫ ИРАНДАҒЫ НАРАЗЫЛЫҚТАР: СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ**

### *Аңдатпа*

Мақалада 2017-2018 жылдары Иранда болған наразылықтар қарастырылады. 28 желтоқсанда басталып және 14 қаңтарға дейін жалғасқан, үкіметке қарсы қозғалыстар Иранның 72 қаласына таралған, тұтқындағыларды және басқа да материалдық шығындарды есептемегенде, 25 адамның өмірі қыршынан қиылды. Көптеген дереккөздердің айтуы бойынша, үкіметтің әлеуметтік желілерді пайдалануына тыйым салу себеп болды. Дегенмен, экономикалық және саяси себептері бар қоғамның жасырын ойлары мен ішкі көңіл-күйлері болды. Фактілерді анықтау және талдау осы қақтығысқа, оның себептеріне, көздеріне және дәлеліне тереңірек қарауға мүмкіндік береді. Ислам үкіметі бұл мәселені қалай түсіндіреді, оны шешіміне қандай тәсіл қолданылады? Барлық осы сұрақтар ерекше назар аударуды қажет етеді.

**Түйін сөздер:** клерикалық тәртіп, Жасыл революция, халықаралық валюта қоры, жалпы ішкі өнім

Rigi Giti<sup>1</sup>, M.K. Sembinov<sup>2</sup>

<sup>1</sup>1<sup>st</sup> Course Master's Degree Student of the Institute Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU named after Abai, the Department of International Relations  
Almaty, Kazakhstan

<sup>2</sup>professor of Institute «Sorbonne-Kazakhstan», [muratsemb@mail.ru](mailto:muratsemb@mail.ru)

## IRANIAN PROTESTS 2017-2018: CAUSES AND EFFECTS

### Abstract

In this article, there were observed protests that happened in Iran in 2017-2018. It began from 28<sup>th</sup> of December 2017 and continued to 14<sup>th</sup> of January 2018, antigovernment motions spread on 72 Iranian cities, taking away 25 lives, excluding prisoners and other material losses. According to many sources, the reason behind the protests was the government's ban on using social media. However, there were hidden motives and internal society moods, which had economic and policy reasons.

Stating and analyzing the facts will allow having a deeper look to this conflict, its reasons, sources and motives. It will enable the Islamic government to interpret the problem, and approaches to solve it. All these questions deserve particular attention.

**Keywords:** clerical regimen, Green revolution, IMF, GDP, manifestation

Иран – страна Ариев, страна загадка, исламская республика в зоне Персидского залива с историческими памятниками Персидской империи. Страна прошедшая насыщенный исторический путь, путь от великих завоеваний до падения царской империи. На сегодняшний день эта страна столкнулась с необычайными событиями, которые находятся в эпицентре мировых новостей. После падения режима Пехлеви и обоснования Исламской Республики, за последние четыре десятка, антиправительственные протесты, начавшиеся 28 декабря 2017 года по своей новизне и мощности, являются одними из первых. Очагом оказался город Мешхед на северо-востоке Ирана. Можно ли полагать что это своего рода тревожный сигнал, над которым следует задуматься Исламскому государству?

В данной статье предпринята попытка констатации фактов различных источников, анализа причин иранских протестов 2017-2018 года, лозунгов и требований населения, реакции государства и ее интерпретация антиправительственных акций.

Серия антиправительственных выступлений, началась в различных городах Ирана, в частности маленьких городках. По мнению экспертов, изначально движения начались как социальные протесты против повышения цен на продукты питания, однако демонстрации быстро приобрели политический характер, и протестующие выступили против руководства исламской республики и клерикального режима в стране. Волна протестов 2017-2018 годов стала крупнейшей акцией гражданского неповиновения со времён протестов против итогов президентских выборов 2009 года, известных как Зеленая революция.

На сегодняшний день доходы государства не оправдывают повышение цен и инфляции, тем самым способствуя развитию множества социальных и экономических проблем. Согласно данным МВФ, темпы роста ВВП Ирана в 2016 и 2017 годах составили 4,5% и 4,1%. С другой стороны, инфляция за этот же период выросла примерно на 10%. Согласно проведённому иранской службой «Би-би-си» исследованию в течение последних десяти лет население Ирана обеднело примерно на 15% [1].

Одним из важнейших факторов, побудивших население на данную акцию являлась безработица, настолько что 26% молодого населения в возрасте до 30-ти лет не были трудоустроены. Демонстранты в ходе протестов выдвигали лозунги «Хлеб, работа, свобода», «Смерть Рухани», «Смерть диктатору», «Оставь Сирию, подумай о нас», «Вор грабит, государство поддерживает», «Эй молодой Иранец, вставай, вставай», «Как я ошибся, что совершил революцию», «Ни Газа, Ни Ливан, Все отдаю за Иран», «Независимость, Свобода, Республика Иран» [2].

В этих лозунгах прослеживаются мышление населения, его восприятие и отношение к правительству и его политике.

Несмотря на многообещающие экономические реформы, после совместного всеобъемлющего

плана действий (политического соглашения между Ираном и группой государств, известных как 5+1, относительно ядерной программы Ирана), поток инвестиций и улучшение благосостояния населения коснулось только Тегерана, в то время как остальные города остались в тени экономических новообразований. Поэтому можно полагать, что именно из-за этого фактора, протесты начались с маленьких городков.

На сегодняшний день многие аналитики утверждают, что одной из главных причин протестов можно полагать разочарование молодого поколения в улучшении социальных, экономических и политических условий, после 5 лет правления Хасана Рухани, действующего президента Ирана. Как утверждает информационный сайт «Би-би-си» в период президентствования Махумада Ахмадинежада внутренней и внешней политике Ирана был нанесен колоссальный ущерб. Но с приходом Рухани в обществе загорелся факел надежды. Так Рухани предпринял ряд политических и экономических реформ. К примеру, в 2013 году помимо программы по решению социальных, экономических и культурных проблем, а также проблем внутренней и внешней политики, президентом Рухани была предложена краткосрочная программа «Один месяц и сто дней», в ходе которой предполагалось произвести в стране экономическое преобразование, дать новое дыхание заводам, производственным центрам и решить их проблемы в течение короткого периода времени. Он придерживался политике решения ядерного вопроса, проблем окружающей среды, трудоустройства, промышленной сферы, питьевой воды, банков, снятия санкций и привлечения большого потока инвестиций. Таким образом, сложившаяся ситуация в Иране, дает возможность сделать вывод, что государственные программы по решению внутренних, внешнеполитических проблем и обеспечению людей рабочими местами оказались безуспешными [3].

Какова роль социальных сетей в стимулировании молодых людей к протестам? Многие источники упоминают, что главным поводом выхода молодых людей на улицы Ирана явилось ограничение государства в рамках использования сети интернет в особенности социальных сетей Телеграм и Инстаграм. Как сообщает агентство IRNA, в некоторых городах страны каналы Телеграма подвергались частичной "фильтрации". Министр связи и коммуникаций Ирана в дни массовых волнений предупредил о вероятности полного запрета на работу мессенджера Телеграм на территории страны, поскольку администрация этой компании, якобы не уважает иранское законодательство. На сегодняшний день данный конфликт решен тем, что в ночь на воскресенье, 14 января, власти Ирана сняли все ограничения на работу мессенджера Телеграм, введенные в конце декабря в связи с антиправительственными манифестациями в разных городах страны. Это одна сторона медали, результатов протестов [4].

Немаловажным является интерпретация государственными представителями данного движения, его итоги. Так согласно информации представленной агентством «GooyaNews», по состоянию на 14.01.2018 Хасан Рухани, действующий президент Ирана, в ходе последнего выступления на фестивале Фараби, объявил о завершении протестов. Упомянув январские события в Иране, он указал, что данный инцидент исчерпан, благодаря организованной работе правоохранительных органов. В итоге в результате десяти дневных протестов, которые проходили в 72 больших и маленьких городах Ирана, 3700 человек осуждены, и как минимум 22 человека погибли, от 3 до 5 человек умерли за решеткой.

Тем временем следует обратить внимание на то, как комментируют и реагируют на данный конфликт высокопоставленные деятели Исламской Республики. К примеру, духовный лидер Ирана Аятолла Хаменеи, обвиняет «внешних врагов» в причастности к протестам [5].

Представитель судебной власти Голамхосейн Мохсени Эжеи констатирует, что в ходе январских протестов на улицах Ирана погибли 25 человек, причиной смерти двух заключенных в тюрьмах, следует полагать самоубийством. В ходе пресс-конференции им было объявлено: «В числе погибших были как граждане, так и собственные государственные силы. Они были убиты не в результате перестрелки или от руки оружия местных военных сил. Враг на этот раз пытается также, как и в 2009 году, посеять сомнения в людях. Согласно последним данным по всей стране задержаны 400 человек. И сегодня и завтра (13-14.01.2017) некоторые из них были и будут освобождены. В ходе беспорядков, людей изначально не отправляли в тюрьмы, с той целью, чтобы не создавать для них судимость. Некоторые могут быть невиновны или просто обмануты. В тюрьму заключен человек с двумя гражданствами, снимавший все на видеокамеру. Люди поддерживающие или иницирующие эти беспорядки будут преследоваться Интерполом» [6].

В результате следует вывод, что протесты в Иране являются итогом длительного периода,

недовольства народа во всех сферах жизни. Накопившиеся за многие годы проблемы, в частности бытового характера, которые с приходом нового президента так и не были решены, сформировали оппозиционные настроения в обществе. Как правило, эти движения начались в маленьких городках и далее распространились и охватили обширную территорию. Исламское правительство же в свою очередь, в какой-то мере прислушиваясь к голосу народа, тем не менее, обвиняет «Врагов» и внешние факторы. На сегодняшний день протесты завершены потерями жизни людей и заключенными. Ситуация на данный момент стабильна, иначе говоря приглушена. В дальнейшем заслуживают внимания действия правительства Исламской Республики Иран по улучшению благосостояния народа, внешней политике и других вопросов выдвинутых в лозунгах и требованиях иранского населения.

*Список использованной литературы:*

- 1 Протесты в Иране: анализ причин // Вестник Кавказа. [Электронный ресурс]. – URL: <http://vestikavkaza.ru/articles/Protesty-v-Irane-analiz-prichin.html> (дата обращения: 10.01.2018).
- 2 Бограти Н. От слов «Нет повышению цен» до восхваления Реза шаха // Перевод из «Radiofarda». [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.radiofarda.com/a/sixth-hour-iran-protests/28946254.html> (дата обращения: 15.01.2018).
- 3 Шахид Салес Ш. Почему нынешние беспорядки не способствовали развитию всеобщего движения // Перевод из «BBC Persian». [Электронный ресурс]. – URL: <http://www.bbc.com/persian/iran-features-42620669> (дата обращения: 17.01.2018).
- 4 В Иране сняты ограничения на работу мессенджеров и соцсетей // [Электронный ресурс]. – URL: <https://www.svoboda.org/a/28974894.html> (дата обращения: 17.01.2018).
- 5 Рухани Х. «Приключение закончено» // Перевод из «Gooya News». [Электронный ресурс]. – URL: Режим доступа: <http://news.gooya.com/2018/01/post-11087.php> (дата обращения: 09.01.2018).
- 6 Последняя статистика убитых в ходе протестов Представитель судебной власти; Представитель судебной власти: «25 человек убиты на улицах» // Перевод из «Radiofarda», [Электронный ресурс]. – URL: [https://www.radiofarda.com/a/iran\\_judiciary\\_mohseni\\_ezhei\\_protests/28974896.html](https://www.radiofarda.com/a/iran_judiciary_mohseni_ezhei_protests/28974896.html) (дата обращения: 15.01.2018).

УДК 327.82  
МРНТИ11.25.09

Ж.Е. Ашинова<sup>1</sup>, А.Е. Сериккалиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>т.э.к., доцент, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, E-mail: [janar72@mail.ru](mailto:janar72@mail.ru)  
Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup>доктор PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,  
Алматы, Қазақстан

## ОРТАЛЫҚ АЗИЯ АЙМАҒЫНДАҒЫ ЖАПОНИЯНЫҢ СЫРТҚЫ САЯСИ ҰСТАНЫМДАРЫ: МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ БАҒЫТТАРЫ

*Аңдатпа*

Бүгінгі таңда Орта Азия мемлекеттері өздерінің геосаяси және геоэкономикалық ерекшеліктеріне қарай әлемнің ірі мемлекеттерінің назарын аударған стратегиялық маңызды аймаққа айналғаны баршаға мәлім. Бұл, ең алдымен, өңірдің Еуропа мен Азияны біріктіретін қолайлы да тиімді географиялық орналасуы мен жер қойнауының пайдалы қазбалар мен табиғи ресурстарға бай болуымен шарттасқан. Әлемнің басқа да алпауыт мемлекеттерімен қатар Жапония да сыртқы саясатында осы аймаққа белгілі деңгейде қызығушылық танытып отырғаны белгілі. ХХІ ғ. басындағы экономикалық дағдарыстарға қарамастан, өнеркәсіп пен сауда, ғылым және техника салаларының көбісінде көшбасшы болып табылатын Жапония халықаралық күштер және әлемдік экономиканың орталығы болып табылады. Осы тұрғыдан, Жапонияның жоғары дамыған экономикалық держава



ретінде Орталық Азиядағы жүргізген саясатының негізгі басымдылықтарын, ұстанымдары мен олардың бағыттарын, Жапонияның Орталық Азиядағы қызығушылықтарын зерттеу өзекті тақырып болып табылады. Мақалада Жапон мемлекетінің Орталық Азия Аймағы елдеріне қатысты сыртқы саяси ұстанымдары, олардың пайда болу себептері мен факторлары, ішкі мазмұны және негізгі бағыттары ашылып, қарастырылады.

**Түйін сөздер:** Жапония, Орталық Азия елдері, дипломатия, ұстанымдар, мүдделер

*Ашинова Ж.Е.<sup>1</sup>, Сериккалиева А.Е.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>к.и.н., доцент, Казахский Национальный Университет  
имени аль-Фараби, E-mail: [janar72@mail.ru](mailto:janar72@mail.ru)  
Алматы, Казахстан*

*<sup>2</sup>доктор PhD, Казахский Национальный Университет имени аль-Фараби,  
Алматы, Казахстан*

## **ВНЕШНЕПОЛИТИЧЕСКИЕ ИНИЦИАТИВЫ ЯПОНИИ В ЦЕНТРАЛЬНОАЗИАТСКОМ РЕГИОНЕ: СОДЕРЖАНИЕ И НАПРАВЛЕНИЯ**

### *Аннотация*

Сегодня государства Центральной Азии становятся стратегически важным регионом, привлекающим внимание крупных мировых государств в зависимости от их геополитических и геоэкономических особенностей. В первую очередь это связано с благоприятным географическим местоположением региона, объединяющим Европу и Азию, богатыми минеральными ресурсами и природными ресурсами. Хорошо известно, что Япония, наряду с другими крупными державами в мире, проявляет большой интерес к этому региону. В XXI веке, несмотря на экономический внутренний кризис, Япония является центром международных сил и мировой экономики, которая является лидером во многих отраслях промышленности и торговли, науки и техники. С этой точки зрения, а также учитывая развитую экономическую мощь Японии и интерес к Центральной Азии, актуальными являются изучение инициатив, ключевых приоритетов и основных направлений внешней политики Японии в Центральной Азии. В статье рассматриваются внешнеполитические инициативы японского государства в Центральноазиатском регионе, причины и факторы их возникновения, содержание и основные направления.

**Ключевые слова:** Япония, страны Центральной Азии, дипломатия, позиции, интересы

*Zh.Ye. Ashinova<sup>1</sup>, A.Ye. Serikkalieva<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Ph.D., Candidate of Historical Sciences, Associate Professor  
al-Farabi Kazakh National University, E-mail: [janar72@mail.ru](mailto:janar72@mail.ru)  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Ph.D, al-Farabi Kazakh National University,  
Almaty, Kazakhstan*

## **FOREIGN POLICY INITIATIVES OF JAPAN IN THE CENTRAL ASIAN REGION: CONTENT AND DIRECTIONS**

### *Abstract*

Today, the Central Asian states are becoming a strategically important region attracting the attention of the world's major states, depending on their geopolitical and geo-economic characteristics. First of all, this is due to the favorable geographic location of the region, which unites Europe and Asia, rich in mineral resources and natural resources. It is well known that Japan, along with other major powers in the world, shows great interest in this region. In the 21st century, despite the economic internal crisis, Japan is the center of international forces and the world economy, which is a leader in many industries and trade, science and technology. From this point of view, and also taking into account the developed economic power of

Japan and interest in Central Asia, it is important to study the initiatives, key priorities and main directions of Japan's foreign policy in Central Asia. The article examines foreign policy initiatives of the Japanese state in the Central Asian region, causes and factors of their occurrence, content and main directions.

**Keywords:** Japan, Central Asian countries, diplomacy, positions, interests

Қазіргі кезде әлемнің 50 ең бәсекеге қабілетті дамыған мемлекеттерінің қатарына кіру Стратегиясын жүзеге асыру шеңберінде Қазақстан экономикасының белсенділігін арттыру қажеттілігі туындап отыр. ҚР мен Жапония арасындағы ынтымақтастықтың дамуы мәселелерін зерттеу, талдау өте маңызды мәселе болып табылады. Жапония сияқты экономикалық қуатты елдермен ынтымақтасу және олардан тәжірибе алу Қазақстан үшін өте маңызды әрі пайдалы. Жұмыстың хронологиялық шеңбері ОА мемлекеттерінің тәуелсіздік алғанынан бастап, яғни XX ғ. аяғы мен XXI ғ. басына дейінгі кезеңді қамтиды.

Орталық Азиядағы Жапонияның саясаты соңғы кезеңде біраз зерттеушілердің назарын өзіне аудартып, қызығушылығын тудыруда. Жапонияның өз ішінде де әрдайым баспасөз беттерінде, сыртқы саясатқа қатысты арнайы жинақтарда Жапонияның Орталық Азиядағы саясатына, оның мақсаттарына, стратегиялық жоспарларына және ынталарына қатысты мәліметтерді кездестіруге болады.

Жапонияның Орталық Азия аймағындағы саясатының мәнін ашатын, ресми түрде жарияланған саяси ұстанымдарына тоқталатын болсақ, төмендегі келесі бастамаларды атап өтуге болады. 1991 жылдан 2007 жылға дейінгі мерзім ішінде Жапония келесі бастамаларды алға тартты:

1993 ж. – Орталық Азия мемлекеттерін Халықаралық даму мен ынтымақтасу Ұйымына қосу жайлы бастамасы – аймақ мемлекеттеріне, атап айтқанда «даму үшін ресми көмек» (ДРК) бағдарламасы бойынша, қаржылай және т.б. көмек алуға мүмкіндік берді.

1997 ж. – Еуразиялық дипломатия, Жапония, Ресей мен Орталық Азия арасында экономикалық және саяси ынтымақтастықты белсендендіруге бағытталған. Үш басты қағида: өзара пайда, сенім мен ұзақ мерзімді болашақ мүмкіндіктер.

1998 ж. – «Жібек Жолы дипломатиясы» бойынша шаралар бағдарламасы, демократиялық қайта құруларға, экономикалық реформаларға көмек көрсетуге, көлік инфрақұрылымын қайта құру мен табиғи ресурстарды барлауға бағытталған.

2004 ж. – «Орталық Азия плюс Жапония» бастамасы – ынтымақтасуға және аймақтық өзара ықпалдасуға жәрдемдесуге бағытталған министрліктер мен мекеме басшылары деңгейіндегі үнемі кездесулерді өткізу.

2006 ж. – «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық сенегіне айналдыру» – ОА аймағына деген ұзақ мерзімді мүмкіншіліктерді ескеретін ыңғайындағы көзқараста болу, ортақ әмбебап құндылықтарға негізделген серіктестікті іздестіру [1, б. 88].

Шынында да бұл бастамалар аймақ мемлекеттері үшін үлкен маңызға ие болды, ал қазіргі таңда шамамен 2 млрд. АҚШ доллар шамасындағы ДРК бойынша көрсетіліп жатқан көмекпен бірге ескеретін болсақ, Орталық Азияның дамуына айтарлықтай көмектесті [2].

Жалпы айтқанда, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатының көрінісі келесі аспектілерден құралады: Жапонияның аймақ табиғи ресурстарын барлау мен мүмкін игерудегі қызығушылығы, олардың халықаралық нарығына қауіпсіз жолмен жеткізуді қамтамасыз ету мен қалтарыс негізде аймақ мемлекеттерінің демократиялануына және олардың экономикалық дамуына көмектесу. Ұзақ мерзім ішінде Жапонияның ресми тұлғалары аймақтағы саясаттың негізі ретінде дәл осы мақсаттарды жариялаған болатын.

Ауғанстандағы НАТО-ның антитеррористік операцияның басталуымен Жапонияның бағыты аймақтың қауіпсіздік мәселелері жағына ауысты, Жапония СІМ пікірі бойынша ол Ауғанстандағы жағдайдың тұрақтануына тікелей байланысты. Батыс қауымдастығының басқа мүшелерінің бұл бойынша пікірлері бір, Орталық Азия жағрафиялық тұрғыдан алғанда тұйықтығын ескеретін болсақ, «айрықша» орынды алатын дәл осы Ауғанстан, себебі Батыстың стратегиялық жоспары бойынша осы мемлекет арқылы орта азиялық қуат тасымалдаушыларымен магистралды құбыры өту керек.

Әрине, Батысқа Ресей, Иран мен Қытай арқылы өтуі жарамайды, және де олар дәл осы Ауғанстан - Пакистан бағытына көндіруге мұқтаж. Ауғанстандағы жағдайды орташа мерзімдік көрсеткіште шешудің өзі мүмкін емес екендігі ешкімге де құпия емес. Таяу Шығыстың мұнайы мен газы әлемдік экономика үшін қуат желісінің басты қайнар көзі болып қалатыны тиімді [3, б. 233].

Орталық Азия сыртқы ықпалға ашық бола бастағаннан бері, ұзақ мерзімді болашаққа деген есеппен оның қуат ресурстарын консервациялануы басталды. Шынында да жобалардың көбісі мұнай-газ кен

орындарын игеруге бағытталған – оларды болашақта пайдалану құқығын өзіне бекіту өте маңызды.

Орталық Азия қуат ресурстарын тасымалдаумен байланысты кез келген жобаны жағрафиялық тұрғыдан алғанда болдырмау қажет болатын, дәлірек айтқанда Каспий теңізінен, сонда да Қазақстан мен Түркіменстандағы көмірсутек ресурстарын барлау саласына үнемі түрде қаржыландыруды және қызығушылықты қамтамасыз ету керек.

Батыстың Иранға, Ресейге және Қытайға деген ыңғайын түсінуге болады, олардың Орталық Азияның бай ресурстарын тасымалдау арқылы күшеюін ешкім қаламайды. Алайда, әлемдік экономиканың қарқыны өсуде, қуат ресурстарына деген қажеттілік те артуда.

Орталық Азияны «ашық ету» бойынша алғашқы қадамда, КСРО ыдырауынан туындаған күрделі салдарларынан және «Ельцин» кезеңінен кейін күш жинаған, Ресей жасаған болатын. 2007 ж. ол Каспий маңындағы құбырды салу жөнінде келісімге қол жеткізді, ол бойынша түркмен газын Қазақстан арқылы Ресейге жеткізу қарастырылатын. Әрине, бұл оқиға Батыста зор мазасыздық туғызды, алайда, кеш болды. Ресей өзінің мақсат қойған жоспарларынан бас тартады деген мүмкін емес, және де ол өзінің Түркіменстан мен Қазақстан серіктестерінің аталған келісімдерді ұстануына қолынан келгенін бәрін жасайтынында күмән жоқ [4, б. 30-42].

АҚШ пен ЕО қуат ресурстарын жеткізу жолын Ауғанстаннан басқа баламаны қабылдауда өте жалынды болса, ал Жапония үшін қай жерден қуат тасымалдауын алатыны аса маңызды емес. 1993-2001 жж. арасында Жапония СІМ мен ресми тұлғалары бірнеше рет келесіні жариялады, мұнай мен газды теңізге шығу мүмкіншілігі бар және сәйкесінше қазіргі заманғы инфрақұрылымы бар кез-келген дүниежүзінің нүктесінен жеткізе алады. Тіптен, жапон-қытай қатынастарындағы көптеген қиындықтарға қарамастан. ҚХР-нан жеткізу мүмкіншілігін жоққа шығармайды.

АҚШ пен ЕО мемлекеттеріне қарағанда, Жапония саясатының ерекшелігі әрдайым экономикалық пайда болатын, және ол сыртқы саясаттағы идеологиялық ұстанымдарға қатаң байлаулы болуы байқалмайды. Мысалға, 1973 ж. қараша айында (Израильмен қақтығыс салдарынан пайда болған дүниежүзілік энергетикалық дағдарыстың нағыз қызған кезінде) Жапония палестиндіктердің өзін-өзі анықтауға құқығын мойындады және БҰҰ ҚК 242 резолюциясын қолдады. Бұл мұнай эмбаргосы жарияланған мемлекеттер тізімінен Жапонияны сызып тастауға мүмкіншілік берді. 1989 ж. Қытайдағы Тяньаньмэнь алаңында болған белгілі оқиғалар кезінде Жапония халықаралық қауымдастықтың санкцияларына қосылмады және ҚХР-мен толыққанды сауда-экономикалық қатынастарды ұстап отырды [5, б. 128].

Басқа жағынан алғанда түсінікті болатын нәрсе, қазіргі таңда Жапония үшін Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтасудан айтарлықтай экономикалық пайда байқалмайды. 1997 ж. өзінде Өзбекстандағы Жапония елшілігінің кеңесшісі И.Накадзима айтқан болатын: «біз бұл жерде шығындалып жұмыс істедік және істеп жатырмыз, алайда біз бұл аймақтан кетпейміз. Біз баймыз, өзімізге ондайды рұқсат ете аламыз, және бәрібір жақсырақ болашақты күтеміз» [6].

Және де бұл жақсы болашақтың келуі Жапониядан аса қатты тәуелді емес. Себебі көптеген зерттеушілердің пікірі бойынша бұл аймақтағы жақсару анағұрлым мықты және күшті қауіпсіздікте, ал бұны Жапония өз басы кепіл ете алмайды. Алайда, аймақтағы қауіпсіздік кепілдіктерінен Жапонияның сыртқы саяси бағытының болашақтағы мүмкіншіліктері мен алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәуелді, олардың бастылары ұзақ мерзімді болашақта Орталық Азияға жеке капиталдың енуіне саяси және экономикалық жағдайларды құруда негізделеді. Тек аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша мақсатқа қол жеткізгеннен кейін ғана Орталық Азия Жапонияның дамыған экономикасына қатысты тұрақты және әрдайым артып отыратын қызығушылыққа ие болады.

Әрине қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Ауғанстандағы жағдайды қалыпқа келтіруді білдіреді, онда НАТО әскерлерінің бар болғанына қарамастан жағдайдың тұрақтанатыны екі талай. 2001 ж. бастап ауған тақырыбы Жапонияның Орталық Азиядағы басты бағыттарының біріне айналды. Дәл осы кезде Жапония өзінің жариялауларында Орталық Азия қуат ресурстарын тасымалының ауған бағытын ғана айта бастады, өзінің батыс қауымдастықтағы одақтастарының көзқарастарын қолдай отырып.

Жапония оның алдында да Ауғанстанға деген назарын білдірген болатын, алайда тек бұл мемлекеттегі анти террористік операцияның басталуына дейін, оның бастамаларына ерекше, стратегиялық мән берілмейтін және ауық-ауық пен тиімділігі төмен сипатта болатын. Ауғанстандағы бейбіт реттеу бойынша алғашқы қадамды Жапония 1996 ж. жасаған болатын, алайда ол сәтсіз болды, ол кезде Жапонияның БҰҰ-ғы елшісі Х.Овада Токиода бейбіт конференцияны өткізу деген ұсыныспен шыққан болатын. 2001 ж. мамыр айында ол Токиода «Талибан» мен «Біріккен Майдан» (Раббани) қозғалыстары арасында келіссөз өткізудің бастаушысы болды, алайда Жапонияның

ұсынысы «Талибан» басшылығымен реттеуде БҰҰ қатысуымен келіспегендігінен қайтарылған болатын. Сонда да ауған бағытындағы сәтсіздіктер Жапонияның ауған босқындарының қажеттіліктеріне азық-түлік пен дәрі-дәрмек күйіндегі гуманитарлы көмек көрсетумен өтелді. Жапония пікірі бойынша Ауғанстандағы тұрақтылық Орталық Азия, Таяу Шығыс пен Парсы Шығанағының тұрақтылығы үшін маңызды болып табылады. Осылайша, Ауғанстанды қайта қалпына келтіруге бағытталған белсенді шаралары елдің беделіне жағымды әсер етеді және оның бейбітсүйгіш дипломатиясына деген анағұрлым үлкен сенім тугызады.

Әрине, Жапонияның жапон-американ одақтас қатынастар шеңберіндегі ролін – АҚШ бастамаларына қаржылай жәрдемдесу мен ұрыс алаңындағы қарулы күштерге көмек ретінде бағытталған шараларды естен шығаруға болмайды.

2007 ж. соңына таман Жапонияның Ауғанстанға деген қаржылай жәрдемі шамамен 1.25 млрд. АҚШ долларын құрады. Қаражат Ауғанстанның үкіметін қолдауға, қауіпсіздікті қалпына келтіруге және жақсартуға бағытталған болатын [7, б. 12-23].

Ал антитеррористік одаққа техникалық не болмаса басқаша көмекке келетін болсақ, 2007 ж. күзде Жапония парламентіндегі Ауғанстандағы өзін-өзі қорғау бойынша қарулы күштердің қосымша міндетін жабу туралы қызу айтысқа қарамастан, 2008 ж. 11 қаңтарында парламент Жапония ӘТК (ВМС) Үнді мұхитындағы АҚШ-тың көпұлтты эскадрасына тылдағы көмек көрсетуге рұқсат ететін заң қабылдады.

Ауғанстандағы тұрақсыз жағдайдың ұзақ мерзімге созылатынын түсіну, Орталық Азия қуат желісінің тасымалымен байланысты көптеген жобаларды жүзеге асыруды үдетуге Жапонияға және басқа мемлекеттерге рұқсат етеді. Ауғанстан аймақ пен оның ресурстарын «оңашаланған» қалыпта ұстап тұрудың құралы мен сылтауы ретінде пайдаланады.

Ендігі кезде аймақтық көлемде бастамаларды қосатын Орталық Азиядағы Жапонияның саясатында жаңа үрдістер көптеген мамандар үшін тіптен аталмай калды. 2004 ж. жарияланған «Орталық Азия – Жапония» диалогы, одан кейін «Орталық Азияны бейбітшілік пен тұрақтылық Сенегіне айналдыру» Жапонияда аймақты қабылдауда сырттай ешбір өзгерістерді уәде етпеді. Мысалы, осы бағдарламалардан Орталық Азия мемлекеттері үшін нақты және елеулі нәрсені бөлектеу қиынға соғып отыр. Тіптен «бөлек салаларда аймақ мемлекеттеріне аймақтық бірлесуде және ынтымақтасуға көмек көрсетуге бағытталған» ниеттің өзі тек пиғыл ретінде қалуда, себебі көрініп отырғандай Жапонияда қазіргі кезде осы жобаны жүзеге асыруға айтарлықтай мүмкіншіліктері жоқ, бірақ негізінен жалпы алғанда Жапония бұл рөлді жүзеге асыра алушы еді. Бірақ ол көптеген қиыншылықтармен іргелесіп отыр, тек саяси санатта, себебі Ресей мен Қытай өздерінің өмірлік маңызы бар аумақта бұған мүмкіншілік беретіні екі талай. Алайда, Жапонияның Орталық Азиядағы саясаты жайлы сөз қозғаған кезде, біз әлбетте бұл мемлекеттің АҚШ-пен одақтас айрықша қатынастары жайлы есте сақтауымыз керек. АҚШ пен Жапония қызығушылықтарын Орталық Азия аймағында, немесе дүниежүзінің басқа кез-келген аймағында бір-біріне қарсы қоюға ешбір негіз жоқ. Басқаша айтқанда, жапон-американ одақтас қатынастары жаһанды түрде өтеді, және жақын болашақта тек нығаюы мүмкін, себебі екі жақты ынтымақтастық шеңберінде Жапонияның міндеттері кеңейуде [8, б. 70].

Бәріне мәлім болғандай, Шанхай Ынтымақтастық Ұйымының динамикалық дамуы Батыс мемлекеттері үшін мазасыздануының ерекше сылтауы болып табылады. Шынында бұл ұйымның қызметі мен жабық сипаты (жаңа мүше қабылдау салмақты түрде қарастырылмайды) Ресей мен Қытайдың Орталық Азияда ықпал ету салаларын өзара бөлісуді білдіреді, сонымен қатар аймақтық мәселелерді шешуде сыртқы күштерге «жол беру» мүмкін емес деп қарастырылады.

Аймақтағы АҚШ-тың әсеріне қарсы тұру ШЫҰ-ның маңызды бағыты ретінде есептеуге болады, алайда әлі күнге дейін ол айтарлықтай тиімді емес. Қате есептеулер анық – Шанхай форумы (ол кезде бес мемлекет) аймақта АҚШ базаларының пайда болуына кедергі жаса алмады. Ендігі кезде барлық мемлекеттердің талпыныстарымен АҚШ-ты әскери қатысудан бас тартуға қол жеткізу мүмкін бе? Әдетте, жоқ.

Бұл үшін Қырғызстан тарапынан мықты саяси ерік қажет және бұндай шешім қабылданған жағдайда ШЫҰ мемлекеттері Қырғызстанды АҚШ-пен және оның қадағалауындағы халықаралық қаржы институттарымен бетпе-бет қалдырмау жайлы кепілдік болу керек. Бұл кепілдіктерге қатысты Қырғызстан тағы да сенімді бола алмайды.

Сонда да АҚШ-тың әскери қатысуы аймақтағы ықпал етудің тұрақты факторы болып қалуда, ірі аймақтық державалар - Ресей мен Қытай бұған қарсы ешнәрсе істе алмай отыр. Басқа мәселенің негізі

АҚШ-тың Орталық Азия кеңістігінде қауіпсіздікті орнатуда белсенді қатысушы мемлекет ретінде заңды орнығуы (қандай да болмасын ұйым шеңберінде) мүмкін емес екендігін түсінуі, себебі ШЫҰ тарапынан міндетті түрде қарсылық білдіріледі. Осыған орай АҚШ үшін тиімді болатын жағдай Азия аймағына жалпы алғанда қатысы бар оларға аймақ қауіпсіздігі бойынша мәселелерді талқылауда және шешім қабылдауда достас мемлекеттің бар болғаны тиімді болатын анық. Осы жерде жапон-американ одақтас қатынастар тетігі толыққанды жүзеге асырылуы мүмкін [9].

2007 ж. сәуір айында Токиода «Жапонияның Орталық Азиядағы ықпалы қандай?» атты презентация өтті, ұйымдастырушысы Джон Хопкинс Университетінің маңындағы Орталық Азия мен Кавказ Вашингтон институты онда Өзбекстандағы және Тәжікстандағы Жапонияның бұрынғы елшісі Акио Кавато Жапонияның аймақтағы саясаты жайлы бірнеше пікірлер жеткізді.

«Орталық Азия – Жапония» бастамасына түсініктеме бере отырып, Кавато оны өзінің жұмысында кез-келген қызығушылық білдіруші мемлекетке қатысуына ашық құрылым ретінде сипаттады. Саясаттағы осы ұстанымды ШЫҰ қызметіндегі ұстанымдарға қарсы қойды, оны «Орталық Азияда Жапония мен Батыс мемлекеттерінің ықпалын бейтарап қалдыруға бағытталған жабық құрылым» деп айыптады.

Одан кейін Кавато Орталық Азия Еуропадағы ынтымақтастық пен қауіпсіздік бойынша Ұйымның қағидаларына негізделген пан азиялық ұйым құру қажет деген пікірін жеткізді. Оның пікірі бойынша, бұндай ұйым өзіне «Орталық Азия – Жапония», ШЫҰ мен басқа да аймақтық қауіпсіздік ұйымдарын түрлі мемлекеттердің ортақ кең ұйымына біріктіре алушы еді.

Жапонияның бұрынғы елшісінің сөзіне құлақ тұру керек, себебі қалыптасқан дәстүрлі тәжірибе бойынша, үлкен лауазымдардан кеткеннен кейін де саясаткерлер мен шенеуніктер ресми үкімет басындағылар белгілі бір себептер бойынша айта алмайтын сөздерді айта алады және мемлекеттің қызығушылықтарын қорғай алады. Орнынан түскен шенеуніктердің анағұрлым ашық пікірі түрлі бастамаларды қабылдау алдында қоғамдық пікірді тексеру мақсатында қажет, егер жауап тіптен жағымсыз болса өзгертулер енгізу мүмкін [1].

Сөзсіз, Жапонияның ресми тұлғалары бұндай пікірлерді айтпаған, алайда Орталық Азияда осындай құрылымды құру қажеттілігін толығыменен жоққа шығару дұрыс емес. Ауғанстан, Моңғолия, Үндістан, Иран, Пәкістан ШЫҰ қызметіне үлкен қызығушылық білдіруде. Батыс мемлекеттері де ШЫҰ «жабықтығы» жайлы және Шанхай үрдісінің жалпы батысқа қарсы бағытталғандығы жайлы пікірлерін жеткізген болатын.

Біз аймақ қауіпсіздігі саласында жағдайдың дамуының мүмкін екі бағытын болжай аламыз. Не болмаса ШЫҰ анағұрлым ашық ұйым болады, не болмаса Орталық Азияда барлық мемлекеттерге ашық және тек қауіпсіздік мәселелерімен айналысатын жаңа ұйым пайда болады: Орта Шығыстан басталып, Оңтүстік және Орталық Азия, Азия – Тынық мұхиттық аймаққа дейін.

Қалыптасқан жағдайды ескеретін болсақ, ШЫҰ анағұрлым ашық болып, жаңа мүшелерді қабылдайтыны екі талай. Оған қоса қалаулы көрінетін жағдай, ШЫҰ кеңеймей, нақ осы мемлекеттер мүшелігінде қалуы. Әйтпесе, жаңа мүшелерді қабылдау арқылы ұйымды кеңейту оның тиімділігінің азаюына әкеледі, себебі қарастырылатын мәселелер шеңбері өседі. Сонымен қатар тағы да бір қауіп, ұйым пайдасыз, нақты мақсаттарға қол жеткізу үшін ортақ саяси бағытты анықтай алмайтын және ешнәрсені шеше алмайтын мемлекеттер ірі форумына айналады. Қазіргі таңда Ресей-Қытай өзара ықпалдастығы мен ынтымақтастығы негізінде біз жалпыға ортақ ШЫҰ саясаты бар деп айта аламыз, екі аймақтық державалардың қызығушылықтарының ара салмағында негізделетін. Бұл өз кезегінде ШЫҰ барлық мемлекеттерінің қызығушылықтарына сай келеді [11].

Басқа жағынан алғанда Жапонияның қауіпсіздік мәселелері төңірегінде ресми емес ұстанымы шынында да сәтті болуы мүмкін, себебі ШЫҰ тек қауіпсіздік мәселелерімен ғана айналыспайтыны үшін. Бәріне мәлім болғандай ұйым ынтымақтастықтың барлық салаларын дамытуда – саяси, сауда-экономикалық, гуманитарлы сала. ШЫҰ қауіпсіздік форумының қызметін атқара да алмайды, себебі оның «жабық» сипатында. Алайда, Азиядағы қауіпсіздік бойынша диалог кез-келген өз қалауын білдірген мемлекеттер үшін ашық болуы керек. Жаңа ұйымды құру тиімділігінің тағы да бір себебі қазіргі таңдағы мемлекеттердің өзара тәуелділігі болып отыр, аймақтардың өзара әсер етуін ескермей, қауіпсіздік кеңістігін саяси ұстанымдарды негізге ала отырып шектеу қиын. Көп мемлекеттердің Ауғанстандағы жағдай Орталық Азия үшін тұрақсыздану көздерінің маңыздысы екендігін мойындайды, алайда аймақ мемлекеттері әлі күнге дейін қауіпсіздік мәселелерін талқылауда әрдайым Ауғанстан, Иран мен Пакистан қатысатын алаң құрмады. Шетте Үндістан да қалмау керек, себебі оның да Қытаймен және Пакистанмен қиындықтары бар. Оңтүстік Азия мемлекеттерінің аймақтық

ынтымақтастығының Ассоциациясы (ОАМАБИА) қызметі сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуға бағытталған, қауіпсіздік мәселелерін шешуге бағытталмаған. Сонда да Ауғанстан бұл ұйымға 2007 ж. мүше болып кірді. Қытайдың қарқынды экономикалық дамуы мен әскери-саяси әлеуетінің артуы Батыс әлемі үшін бұрыннан бері әңгіме тақырыбына айналды, әсіресе АҚШ пен Жапония үшін. Қауіпсіздік келісімшарты шеңберінде Жапонияның міндеттерін арттыру арқылы АТМА-да Қытайды жапон-американ өзара ықпалдастығының тоқтатуы олардың Орталық Азиядағы қызметіне де ықпалын тигізуде. Өз кезегінде Азия-Тынық мұхиттық аймақ әлі күнге дейін күрделі саяси және экономикалық қарсыластықтардың жиынтығы болып қалуда, оған «қырғи қабақ соғысы» кезеңіндегі сипаттар тән – шиеленісушілік пен теңіз қаруларының жарысы. Бұның бәрі мемлекеттер арасындағы қатынастарда ауыр тарихи мұрамен күрделенеді, олар Жапонияның Екінші дүниежүзілік соғысы кезіндегі агрессиясын ұмытпаған. Жоғарыда аталған мысалдардың барлығы Орталық Азияны қоршап отырған барлық аймақтарда көптеген екі жақты және көп жақты деңгейдегі мәселелер бар екендігін растайды, олар да өз кезегінде жаңа қауіпсіздік бойынша құрылымда қарастырылуы мүмкін. Сонымен қатар айта кетерлік жайт, нақ осы Орталық Азия осындай ұйымның пайда болуына және қызмет етуіне арналған жер бола алады [12].

Қазіргі таңда аймақтардың өзара тәуелділігінің артуы кезінде Азияда қауіпсіздік мәселелерін талқылауға сұхбат кеңістігін құрудың шынайы қажеттілігі туындады, және Жапонияның қажетті өзгертулерді ескеретін пан азиялық қауіпсіздік ұйымын құру ресми емес ұсынысы аймақ мемлекеттерінің кем дегенде қызығушылық танытқан елдердің ғылыми қауымдастықтарының деңгейінде қарастырылуға алынуы мүмкін.

2006 жылы ұлттық баспа сөз клубының отырысында сыртқы істер министрі Таро Асо жаңа орталық азиялық бастамамен шыққан болатын, онда Жапонияның Орталық Азияға қатысты негізгі мақсаттарын көрсеткен болатын.

Баяндаманы шартты екі бөлімге бөліп қарастыруға болады:

Біріншісі, жалпы тұжырымдамалық ұстанымдардан құралады, онда Жапония Орталық Азияны өзінің сыртқы саяси объектісі ретінде қарастырады.

Екінші бөлім Жапонияның аймақтық қатынастар жүйесіне деген жана көзқарасы қарастырылады, және өзінің Орталық Азиядағы рөлін сатылы түрде қайта қарастыруға бағыттайды.

Бірінші бөлімге келетін болсақ, баяндамада ерекше көңіл бөлініп айтылған нәрсе Орталық Азияның ХХІ ғасырда ерекше маңызы болатын, яғни табиғи ресурстарға бай аймақ ретінде, және жаһанды қауіпсіздіктің маңызды құрамдас бөлігі ретінде. Одан кейін министр атап кеткендей, болашақта табиғи ресурстарды тұрақты түрде шығару мен жеткізу көзқарасынан алғанда аймақтағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету Жапония үшін аса қатты маңызды [13].

Р.Хасимото Жапонияның Орталық Азиядағы үш қағидасын қалыптастырған болатын – «өзара тиімділік, сенімділік пен ұзақ мерзімді болашақтағы мүмкіндіктер», олар көбінесе әрине мәлімдеме кейпінде болды. Бірақ, Жапония өзінің Орталық Азиядағы қызығушылықтары Каспий теңізіндегі бай мұнай мен газ қорларында екендігін ашық жариялады.

Осыған орай, әрбір Ортаазиялық мемлекетпен қатынастың құрылымы мен маңызы олардың ресурстық мүмкіншіліктеріне тәуелді болатын, Даму үшін Ресми Көмек шеңберінде қаржылай жәрдемдесу де, одан тыс баулауға да тиесілі болатын, көмірсутек шикізатын және пайдалы қазба байлықтарын шығару мен қайта өңдеу, осы мемлекеттерде қазіргі заманға сай көлік байланысын қалыптастыру т.б. [14, 15].

Бірқатар сарапшылардың пікірі бойынша, Орталық Азияның жағрафиялық тұйықталуы, және осының салдарынан туындайтын Каспий теңізінің энергия желісінің бассейнінің әлемдік нарығына шығу жолдарының жоқтығы, Жапонияның және экспортқа бағытталған мұнай-газ саласын дамыту бойынша басқа мемлекеттердің талпыныстарын жоққа шығарады. Кем дегенде олардың Парсы шығанағында немесе Үнді Мұхитында кез-келген дайын портқа қауіпсіз және тұрақты жеткізілуін қамтамасыз ету мәселесі шешілмейінше. Оған қоса, Таяу Шығыс факторы да ескерілген болатын, оның мұнай қорлары әлі күнге дейін әлемдік нарықта анықтаушы рөл атқаруда, дәл сол уақытта Каспий мұнайының өзі артық болды, бұл кейбір мемлекеттерге тиімсіз еді. Алайда, бұл пікірлер тек қысқа немесе орташа мерзімдік болашақ мүмкіншіліктерді қарастырған кезде ғана орынды.

Ұзақ мерзімді болашақ мүмкіншіліктер қарастырған кезде, қарқынды экономикалық өсімді және мұнайға деген сұраныстың артуын ескеретін болсақ, Каспий теңізінің қуат ресурстары кез-келген жағдайда әлемдік нарыққа шығу жолын табады. Басты мәселе, Каспийдің қуат ресурстарын жеткізу жолдарын кім бақылайды, және техникалық тұрғыдан қиын және мұнай-газ құбырларын салуда

үлкен қаржылық шығындар кімге тәуелді болады. Бәріне мәлім болып отырғандай Орталық Азия мемлекеттері көмірсутек шикізатының бай қорларына қарамастан өздері осы жолда қауіпсіздікті құра алмайды да, қамтамасыз ете алмайды да [16].

Қиын жағдай қалыптасып отыр, аймақ мемлекеттерін осы салада мүмкіншіліктері бар мемлекеттермен ынтымақтасуға мұқтаждықтары пайда болды. Солардың қатарында Жапония, АҚШ, Ресей мен Қытай. Бұнда Жапонияны жапон-американ одақтас қатынастары шеңберінде қарастыру қажет.

Әрдайым ұзартылып жатқан және түзетулер енгізіліп жатқан жапон-американ қауіпсіздік келісімшарты жақын арада толыққанды екі алдыңғы қатарлы экономикалардың әскери-стратегиялық, ал Жапонияның «пацифистік» Конституциясынан бас тартқан жағдайда, әскери державалардың одағы болуы мүмкін, жаһандану жағдайында олардың одақтас ретіндегі қатынастары Азия-Тынық мұхиттық аймақ шеңберінен алыс шығып кетті.

Осымен байланысты, Жапонияның Орталық Азиядағы саясатын сараптауға талпыныс жасаған кезде, Жапония мен АҚШ арасындағы одақтас қатынастар факторын және рөлдерді қалыптасқан бөлу тетігін ескеру қажет, олар ХХІ ғасырдың жаһанды мөлшерде таралуда. Осылайша, осы ойларды есепке ала отырып біз Жапонияның бастамасының екінші бөлімін ашуға жақындап қалдық «ОА бейбітшілік пен тұрақтылық Сенегіне айналу».

Жапония өзі үшін үш бағыт айқындады, осылардың негізінде Орталық Азиядағы саясаты қалыптасады: ұзақ мерзімді болашақтағы мүмкіншіліктерді ескеретін Орталық Азияға қатысты көзқарас; ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау; ортақ әмбебап құндылықтарға негізделген серіктестікті іздестіру. Біз алғашқы екі пунктті қарастыруда тоқталамыз, себебі үшінші бағыт тек мәлімдеме күйінде қабылданады, Жапонияның жаңа саясатына әдемі сипат беруге бағытталған.

Жапонияның Орталық Азиядағы ұзақ мерзімді болашақтағы мүмкіншіліктері ел саясатына сай барлық белгілі бастамаларда аталған болатын. Жапония дипломатиясының белгілі тарихында ол ешқашан «бір реттік» акциялармен шектелмейтін, ал оның саясаты, өзіне тән жапон прагматизмімен, әрдайым ұзақ мерзімді шараларды әзірлеуге бағытталған.

ОА ресурстарын ескере отырып, Токио өзінің ұзақ мерзімді болашақтағы мүмкіншіліктерін шикізатта Ауғанстан мен Пакистан арқылы қауіпсіз жол арқылы қамтамасыз етілуімен байланыстырады. Таро Асо өз сөзінде Ауғанстандағы тұрақтылық Орталық Азиядағы жағдайға тікелей әсер ететінін және Жапония үшін аймақпен шекаралас мемлекеттердегі қауіпсіздік маңызды екендігін атап кетті. Сонымен қатар, осы тұрақтылықтың кепілі АҚШ болу керектігі сөзсіз, олар Ауғанстандағы күрделі жағдайға қарамастан өздерінің әскери қатысуын сақтауда. АҚШ бұл жолдың қауіпсіздігін қамтамасыз ете алуы жайлы нақты айту мүмкін емес, алайда ұзақ мерзімді болашақтағы мүмкіншіліктерде басқасы маңызды – Жапония мен АҚШ-та аймақта өздерінің тұғырларын сақтап қалуға уақыттары мен мүмкіншіліктері бар. Таяу Шығыс әлемдік нарыққа мұнайдың басты жабдықтаушысы жағдайын сақтап отырғанға дейін [17, б. 147-157].

Жапонияның ОА-ғы саясатының келесі бағыты ашық аймақтық ынтымақтастықты қолдау болады. Жапонияның пікірі бойынша Орталық Азияның өркендеу жолында басты кедергі, жоғарыда аталған жағрафиялық тұйықталуынан басқа, КСРО кезінде әрбір елдің экономикасы бір жақты салада мамандырылған болатын, және Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін аймақ мемлекеттері бір экономикалық жүйеден шығып, айтарлықтай осал жағдайда қалды. Жапонияның пікірі бойынша аймақтық ынтымақтастықсыз Орталық Азияның болашағы жоқ [18, б. 102].

Оның саясатының осы бағыты аймақ мемлекеттерінің ынтымақтастығын қолдап отыру ғана емес, кейбір белгілі салаларда бастаушысы болу, алдағы жоспары аймақ мемлекеттері оның жәрдемдесуін өзара байланыстарды және ынтымақтастықты нығайтуға көмек ретінде қарастырады. Осы ұсыныстың басқа аспектісі бойынша Жапония ОА мемлекеттерімен ашық пиғылда ынтымақтастық дамытуға ұсынып отыр, өз назарын басқа басты халықаралық ДРК бағдарламасының донорларымен және басқа халықаралық қаржы институттарымен жұмысты айқындауға бағыттау [19, б. 24-25].

Жапонияның бөлек салаларда аймақтық ынтымақтастықта бастаушы болуға деген ұсыныстары аймақтық үрдістерде рөлін сапасы жағынан өзгертуге бағытталған талпыныстарының көрсеткіші болып табылады. Егер бұрын Жапония өзінің ОА жас жаңа республикаларына қиын қыстау заманда «тек қана адам сүйгіш ниетті» басшылыққа ала отырып көмек көрсетуге талпынып отырған жағымды келбетін қалыптастырған болса, ал шынында ОА мемлекеттерінен БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде тұрақты мүше дәрежесін алу үшін қолдау табуға тырысатын болса, ендігі кезде ол өзінің бастамашы рөлінде «ортақ игілік үшін бірге жұмыс істеуге» шақырып отыр, алайда, бұның түбінде анағұрлым

түйінді ниет жатуы мүмкін [20].

Жапонияның аймақтық ынтымақтастықта белгілі салаларда бастамашы ретіндегі рөлі ұзақ мерзімді жоспарда РФ пен ҚХР қатысуындағы аймақтық бірлесудің кез-келген түрлеріне балама ретінде қарастырылады. Оған қоса, Жапония аймақ мемлекеттері үшін анағұрлым ұнамды көрінуі мүмкін, себебі, біріншіден, экономикалық сәттіліктің, техникалық өрлеу мен өркендеудің теңдессіз мысалы болып табылады, екіншіден, аймақтан алыс орналасқандығынан ықпалының мүмкін өсуі қауіп ретінде қарастырылмайды, ал мысалы Қытай мен Ресейге қатысты олай емес [21].

Алайда, Жапония осы бастамасын жариялағаннан бері жарты жыл өткен соң бұл бағытта қандай да бір нақты қадам жасамады, тек «Жапония – Орталық Азия» диалогы шеңберінде бірнеше рет кездесулер ұйымдастырды, онда бұл бастама анағұрлым толығыменен талқыланды. Бұл қазіргі таңда Жапонияның тек өзінің ішкі істерімен айналысып жатқандығының белгісі: Ұлттық қорғаныс Басқару дәрежесін қайта қарастыру, «қырғи қабақ соғысының» мұрасынан бас тарту және елдің «бейбіт» Конституциясын өзгерту. Аймақ мемлекеттерінен де анық жауап қайтпады, олар тек Жапонияның олардың істерінде анағұрлым белсенді араласуын қолдады. Алайда, бәріне түсінікті болғандай, аймақ мемлекеттеріне ой қозғауға тақырыптар бар екен [22, с. 109-117].

Жапонияның аймақтағы белсенділігін арттыруы АҚШ-тың Орталық Азиядағы саясатымен тығыз байланысты болатындығын ескеру қажет. Ұзақ мерзімді жоспарда да, АҚШ-тың әскери қуаты және Жапонияның экономикалық әлеуеті, басқа әлем аймақтарында осы үлгі бойынша өзара ықпалдасудың тәртіпке келтірілген тетігін ескере отырып, Орталық Азия қуат ресурстарын бөлісу кезінде түйінді фактор болуы мүмкін [23, б. 65].

Сонымен, қорыта келгенде, Жапонияның әзірше ОА аймағына қатысты нақты стратегиясы жоқ, тек бастамаларымен (инициативалар) ерекшеленеді. Шын мәнісінде, бұл бастамалар аймақтағы елдер үшін үлкен маңызға ие болды және ДРК-пен бірге қазіргі кезде шамамен жалпы екі миллиард доллар көлемінде болатын Орталық Азияның дамуына өз үлесін қосты. Жапония мен әрбір ОА елдері арасындағы ынтымақтастық екіжақты қарым-қатынастар негізінде қаланған. Аймақ ішіндегі интеграцияның жақсаруы мен дамуы, және жүзеге асатын механизмнің пайда болуы Жапонияның ОА аймағында терендеуіне алғышарттар жасайды. Біздің ойымызша, Жапонияның Орталық Азиядағы негізгі бағыты – Қазақстан. Қазақ-жапон қатынастарының әлеуеті мен мүмкіндіктерін зерттей келе, екі жақты ынтымақтастықтың басым бағыттарын әріптестіктің жаңа деңгейіне көтеруге барлық тиімді жағдайлардың бар екендігін атап өтуге болады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Masaniko, Komura «Japan's Eurasian Diplomacy: New Perspective in Foreign Policy», *Japan Quarterly*, 46 no.1, Jan-March 2007.
- 2 Вага кунин-но сэйфу кайхацу эндзэ (Японская правительственная помощь развитию). – Токио, 2008.
- 3 Кунядзе Г.Ф. *Внешняя политика Японии: время перемен?* – Япония: экономика, политика, общество на заре XXI века. – М., 2003. – С.288.
- 4 Комиссина И. *Япония и Кавказ: соединит ли их Великий Шелковый путь?* // *Центральная Азия и Кавказ*. – Lulea, 2002. – №3. – С.30-42.
- 5 Накасонэ Я., Мураками Я. *После холодной войны*. – М.: Прогресс, 1993. – 189 с.
- 6 Астанбаев Б. *Японцы возвращаются на Великий Шелковый Путь* // [www.asiatimes.narod.ru/story2002/003/1091.htm](http://www.asiatimes.narod.ru/story2002/003/1091.htm)
- 7 Сыроежкин К. *Центральная Азия в треугольнике «Россия-Китай-Запад»: выбор приоритетов* // *МЭиМО*. – М., 2007. – №10. – С.12-23.
- 8 Takeshi Yu. *Japan's Multilateral Approach toward Central Asia. Eager Eyes Fixed on Eurasia: Volume 1, Russia and its Neighbors in crisis / Ed. By Akihiro Iwashita, 21<sup>st</sup> century COE Program Slavic Eurasian Studies. №16-1, Slavic Research Center. Sapporo: Hokkaido University, 2007. – P.70.*
- 9 Iwashita A. *The Shanghai Cooperation Organization and Japan: Moving together to Reshape the Eurasian Community* // [www.brookings.edu/articles/2008/0128\\_asia\\_iwashita.aspx?p=1](http://www.brookings.edu/articles/2008/0128_asia_iwashita.aspx?p=1)
- 10 Акио Кавато: «*Политические перспективы в Центральной Азии сейчас определить сложно*» // <http://www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/index.html>
- 11 Жапонияның Сыртқы Істер Министрі Й.Кавагучидің сөйлеген сөзінен. 4.03.2005 // <http://www.mofa.go.jp/region/europe/kazakhstan/index.html>
- 12 Christopher Len. *Japan brings balance to Central Asia* // [www.atimes.com](http://www.atimes.com)



*/atimes/japan/HB18Dh03.html*

13 Жапонияның Сыртқы Істер министрі Таро Асоның Жапон Халықаралық Істер институтында сөйлеген сөзінен («Орталық Азияның бейбітшілік пен тұрақтылық Сенегіне айналуы» – Жапонияның жаңа бастамасы). 30 қараша, 2006 ж.

14 Жапонияның Премьер-Министрі Р.Хашимотоның Кэйдзай доюкайдағы сөйлеген сөзінен («Еуразиялық дипломатия» атты бастамасы) 24.07.1997.

15 Даукен С.Р., Канафина Г.Е. Роль Японии в системе международных экономических отношений // Абай атындағы ҚазҰПУ-нің Хабаршысы, «Халықаралық өмір және саясат» сериясы, №3,4(50, 51), 2017 ж. – С.184-187.

16 “Central Asia plus Japan” Dialogue – Action Plan // Official site of Ministry of Foreign Affairs. <http://www.mofa.go.jp/region/europe/dialogue/action0606.html>

17 Нурғалиев М., Шаймергенев Т. Новый трек японской дипломатии в Центральной Азии: проблемы и перспективы. // Центральная Азия и Кавказ. – Lulea, 2007. – №6. – С.147-157.

18 Гайко сэйсе 2003. – Токио: Окурасе инсацукеку, 2007. – С.192.

19 Japan Echo. 2010. – Vol.25. – №1. – P.24-25.

20 Синдо Е. «Евразия в 21 веке и отношения Японии и Центральной Азии: в поиске новой формы сотрудничества и обеспечения безопасности». [http://kz.emb-japan.go.jp/jp/press6\\_r.htm](http://kz.emb-japan.go.jp/jp/press6_r.htm)

21 Ковригин Е.Б. Развивающиеся страны АТР и японская помощь развитию // Япония в Азиатско-Тихоокеанском регионе. – М., 2009. – С.37-52.

22 Нурғалиев М. Перспективы Японии в Шанхайской Организации сотрудничества // Центральная Азия и Кавказ. – Lulea, 2009. – №1. – С.109-117.

23 Кокусай кёрёку суйсин кёкай. – Токио, 2002. – P.285.

УДК 323

МРНТИ 11.15.23

*Д.Ж. Кәрібек<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, саясаттану мамандығының докторанты,  
Астана қ., Қазақстан*

## **ЕУРАЗИЯЛЫҚ КЕҢІСТІКТЕ ТРАНСПОРТТЫҚ САЯСАТТЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОМИССИЯНЫҢ РӨЛІ**

*Аңдатпа*

Жаһандану жағдайында әлемнің шет-шетін өзара байланыстыру мәселесі бірінші орынға шығады. Ақпараттың тез жетуіне жаңа технологиялардың дамуы тікелей әсер ететін болса, қашықтықты кешіп өту мемлекет аралық транспорттық жүйенің дамуымен байланысты. Осы мақалада автор Еуразиялық кеңістікте орналасқан елдердің өзара қарым-қатынасы мен ынтымақтастығын жүзеге асыратын Еуразиялық Экономикалық кеңістіктің негізгі институты – Еуразиялық экономикалық комиссияның транспорттық саясат саласына қосатын үлесін ұрастырғалы отыр. Бұл институттың қызметі экономика мен саясатты, ауыл шаруашылығы мен кең байыту мәселелеріне дейін жалғасуды. Ал нақты транспорт саласына Көлік және инфрақұрылым департаменті жауап береді.

Көлік және инфрақұрылым департаменті Еуразиялық экономикалық комиссияның Көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар саласындағы Комиссия қызметін қамтамасыз ететін Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады. Мақалада департамен жұмысының қызметі, оның бөлімшелері мен жұмыс істеу ерекшеліктері көрсетілген.

**Түйін сөздер:** транспорттық саясат, Еуразиялық экономикалық одақ, Еуразиялық экономикалық комиссия, логистика

*Карибек Д.Ж.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>докторант ЕНУ имени Л.Н. Гумилева по специальности «Политология»  
г. Астана, Казахстан*

## **РОЛЬ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ КОМИССИИ В ФОРМИРОВАНИИ ТРАНСПОРТНОЙ ПОЛИТИКИ НА ЕВРАЗИЙСКОМ ПРОСТРАНСТВЕ**

*Аннотация*

В условиях глобализации проблема взаимосвязи выходит на первый план. Развитие новых технологий влияет на быстрый обмен информацией, а быстрое перемещение из пункта А в пункт Б может быть обеспечено только международной транспортной системой. В этой статье автор рассматривает влияние Евразийской экономической комиссии на транспортную политику Евразийского экономического пространства, который осуществляет взаимодействие и сотрудничество стран в евразийском пространстве. Деятельность данной организации связано с экономикой и политикой, сельским хозяйством и инфраструктурой. Отдел транспорта и инфраструктуры отвечает за транспортную отрасль.

Департамент транспорта и инфраструктуры является структурным подразделением Евразийской экономической комиссии, которое предусматривает деятельность Комиссии Евразийской экономической комиссии по транспорту, инфраструктуре и естественным монополиям. В нем перечислены работы Департамента, его подразделений и особенности работы.

**Ключевые слова:** транспортная политика, ЕвразЭС, ЕАЭК, логистика

*D.Karibek<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>Doctoral student of ENU on a specialty political science  
Astana, Kazakhstan*

## **THE ROLE OF THE EURASIAN ECONOMIC COMMISSION FOR THE FORMATION OF TRANSPORT POLICY IN THE EURASIAN SPACE**

*Abstract*

In the context of globalization, the problem of interconnection comes to the fore. The development of new technologies affects the rapid exchange of information, and the rapid movement from point A to point B can be ensured only by the international transport system. In this article, the author will examine the impact of the Eurasian Economic Commission on the transport policy of the Eurasian Economic Area, which carries out the interaction and cooperation of countries in the Eurasian space. The activity of this organization is connected with the economy and politics, agriculture and infrastructure. The Transport and Infrastructure Division is responsible for the transport industry. The Transport and Infrastructure Department is a structural unit of the Eurasian Economic Commission, which provides for the activities of the Commission of the Eurasian Economic Commission for Transport, Infrastructure and Natural Monopolies. It lists the work of the Department, its departments and features of the work.

**Keywords:** transport policy, the Eurasian Economic Union, the Eurasian Economic Commission, logistics

Көлік – бұл экономиканың дамуын және халықтың әл-ауқатының деңгейін айқындайтын, мемлекеттің экономикалық жүйесіндегі маңызды байланыс. Елдің одан әрі экономикалық өсуін қамтамасыз ету және халықтың өмір сүру сапасын арттыру проблемаларын шешу жақын арада көлік кешенінің тиімділігін айтарлықтай арттыру, оның әдістерін және басқару құралдарын жетілдіруді талап етеді.

Жалпыға ортақ көлік саясатының мақсаты – мүше мемлекеттер арасындағы шекараларда кедергілерді жою және осылайша адамдар мен сауда-саттықтың еркін қозғалысын жеңілдету.

Іс жүзінде біз көлік қызметтерінің ішкі нарығы, тұрақты даму кепілдіктері туралы, қаржылық қолдау бағдарламаларын басқару, әуе қызметтерін неғұрлым қарқынды пайдалану, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және қауіпсіздік туралы айтып отырмыз. Сонымен қатар, бұл саясат осы мемлекетте тіркелмеген кәсіпорындарды тасымалдау үшін мүше-мемлекеттегі көліктік қызмет көрсетуге рұқсат берудің шарттарын анықтауға әсер етеді.

Еуразиялық кеңістікте транспорттық саясаттың жүзеге асырылуын және оның заңды түрде жүргізілуін қадағалайтын органдардың негізгісі ретінде Еуразиялық экономикалық комиссияның


Көлік және инфрақұрылым департаментін атап кете аламыз.

Көлік және инфрақұрылым департаменті Еуразиялық экономикалық комиссияның Көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар саласындағы Комиссия қызметін қамтамасыз ететін Еуразиялық экономикалық комиссияның құрылымдық бөлімшесі болып табылады.

Департамент өзінің қызметінде 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты [1], Одақ заңын құрайтын басқа да халықаралық келісімдерді [2], Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің шешімдері мен өкімдерін, Еуразиялық үкіметаралық Кеңестің, Комиссия Кеңесінің және Еуразиялық экономикалық комиссияның көлік және инфрақұрылым Департамент туралы ережені [3] басшылыққа алады.

Департамент өз қызметін өздігінен жүзеге асырады және Комиссияның басқа құрылымдық бөлімшелерімен бірлесе отырып, сондай-ақ Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің, халықаралық ұйымдардың, мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, өзге де органдардың немесе ұйымдардың Комиссиясы белгілеген консультативтік органдар мен жұмыс топтарымен, заңды және жеке тұлғалар арқылы өз құзыреті шегінде жүргізеді.

Департамент келесі бөлімдерден тұрады [4]:



Департаменттің негізгі міндеттері:

1) Одақтың көлік және инфрақұрылымының жұмыс істеуі мен дамуы үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар саласындағы мүше мемлекеттердің экономикалық интеграциясына арналған ұсыныстар әзірлеу.

2) Көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар аясындағы одақтық құқықты құрайтын құқықтық актілерді дайындауға қатысушы мемлекеттердің қызметін үйлестіру.

3) Одақтың құқығын құрайтын нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындау бойынша ұсыныстарды әзірлеу, сондай-ақ көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар салаларындағы мүше мемлекеттердің заңнамаларын үйлестіру және (немесе) біріздендіру туралы ұсыныстарды әзірлеу.

4) Көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар салаларында Одақтың құқығын құрайтын келісім-шарттар мен нормативтік құқықтық актілердің мониторингі.

5) Мүше мемлекеттердің көліктік секторындағы, инфрақұрылымдық және табиғи монополиялардағы көліктік жүйелердің және статистикалық қызмет көрсеткіштерінің мониторингі.

Көлік және инфрақұрылым департаменті мынадай өкілеттіктерге ие: Өз құзыретіне кіретін материалдарды, Одақтың жұмыс істеуі туралы шешімдердің, бұйрықтар мен ұсынымдардың жобаларын дайындайды (соның ішінде халықаралық шарттар жасасу туралы ұсыныстар мен оған өзгерістер енгізу); мүше мемлекеттердің көлік, инфрақұрылым және табиғи монополиялар салаларындағы одақтың құқығын құрайтын халықаралық шарттардың және актілердің, Комиссия Кеңесінің мүшелеріне қарау нәтижелерін ұсынуға арналған іс-әрекеттерін қадағалайды; Комиссия Кеңесі мен Комиссия Кеңесінің, Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің отырыстарына материалдар дайындау үшін Департаменттің құзыретіне жататын мәселелер бойынша мүше мемлекеттер өкілдерінің қатысуымен семинарлар өткізеді; Комиссияға мүше мемлекеттер ұсынған ұсыныстар бойынша сараптамалық қорытынды жобаларын дайындайды және Департамент

құзыретіне жататын мәселелер бойынша сауалдарға жауап береді; Департамент қызметінің аумағында Комиссияның консультативтік органдарының қызметін қамтамасыз етеді; одақтың құқықтарын құрайтын халықаралық шарттардың және одақ органдарының актілерімен айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асырады.

Еуразиялық Экономикалық Комиссияның Көлік және инфрақұрылым департаментінің Автомобиль көлігі департаменті өз құзыреті шегінде орындайтын функцияларын келесі бағыттар бойынша топтастыруға болады:



Сараптама және талдау қызметін орындау келесі міндеттерден құрылады:

- автомобиль көлігі, көлік бақылауы саласындағы мүше-мемлекеттердің заңнамасын талдайды және оларды үйлестіру бойынша ұсыныстар әзірлейді;
- мүше-мемлекеттерде автомобиль көлігінің дамуына мониторинг жүргізеді, аналитикалық және статистикалық ақпараттарды (сауалнамаларды) дайындау да осы қызметке тиесілі;
- автомобиль көлігі саласындағы Одақтың ішкі нарығының жұмыс істеуіне кедергі келтіретін кедергілерді анықтау және оларды жою жөніндегі жұмысты үйлестіру;
- мүше мемлекеттердің жол инфрақұрылымын дамыту мәселелерін қарастырады;
- комиссияның құрылымдық бөлімшелері өткізетін, көлік мәселелерін шешуге бағытталған іс-шараларға қатысу.

Халықаралық ынтымақтастық және инфрақұрылымды дамыту қызметі өз алдына келесі бағыттарды айқындайды:

- автомобиль көлігіндегі интеграциялық үдерістерді дамытудағы халықаралық тәжірибені зерттейді;
- автомобиль көлігі мәселелері бойынша қатысушы мемлекеттердің және халықаралық ұйымдардың мемлекеттік органдарымен өзара іс-қимыл жасайды;
- автомобиль көлігі қызметтерінің бірыңғай рыногын қалыптастыру жөнінде ұсыныстар әзірлейді, көліктік бақылау органдарының ақпараттық өзара іс-қимылын жетілдіру, соның ішінде Одақ шеңберінде автомобиль көлігі қызметтерінің реттеу;
- мүше мемлекеттердің жол инфрақұрылымын дамыту мәселелерін қарауды жүзеге асырады.

Нормативтік құқықтық қызмет:

- Автомобиль көлігі саласындағы одақтың құқығын құрайтын нормативтік құқықтық актілерді дайындау, бекіту және қабылдау бойынша жұмыстар жүргізеді.
- Автомобиль көлігі саласындағы одақтың құқығын құрайтын мүше мемлекеттердің нормативтік құқықтық актілердің орындалуын қадағалайды.
- Одақ шеңберінде көлік қауіпсіздігіне және көлік құралдарын пайдалану қауіпсіздігін қарауды жүзеге асырады.

ЕЭК құру арқылы Еуразиялық интеграция қатысушы елдердің қауымдастық деңгейінде көліктік-логистикалық саясатын үйлестіруді көздейтін кезеңге жетті. Еуразиялық Одақтың озық нормаларын, тәжірибелерін және технологияларын бірыңғай және қазіргі заманғы көліктік-логистикалық инфрақұрылымын құруға бейімдеу мүмкіндігін анықтады.

Дегенмен, жұмыс топтары мен сарапшыларға бірыңғай көлік саясатындағы айқын әлсіздіктерді

ескеруі керек, зерттеу барысында төменгі әлсіз тұстар анықталды:

- көлік-логистикалық қызмет көрсету нарығында бәсекелестік ортаны құру жасанды созылған жүзеге асу процесі;
- көліктің әрбір түрі үшін біртұтас көлік саясатын іске асыруға жауапты агенттіктер;
- инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асырудағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру құралы ретінде мемлекеттік-жеке меншік әріптестік институтын жеткіліксіз пайдалану.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

1 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1400000240> (дата обращения 20.01.2018).

2 Көлік және инфрақұрылым бойынша Консультативтік комитеті туралы ереже <http://www.eurasiancommission.org/ru/act/energetikaiinfr/transport/SiteAssets/%D0%94%D0%A2%D0%98%D0%B3%D0%BB%D0%B0%D0%B2%D0%BD%D0%B0%D1%8F/%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%BE%20%D0%9A%D0%BE%D0%BD%D1%81%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D0%B0%D1%82%D0%B8%D0%B2%D0%BD%D0%BE%D0%BC%20%D0%BA%D0%BE%D0%BC%D0%B8%D1%82%D0%B5%D1%82%D0%B5%20%D0%BF%D0%BE%20%D1%82%D1%80%D0%B0%D0%BD%D1%81%D0%BF%D0%BE%D1%80%D1%82%D1%83%20%D0%B8%20%D0%B8%D0%BD%D1%84%D1%80%D0%B0%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BA%D1%82%D1%83%D1%80%D0%B5.pdf> (дата обращения 20.01.2018).

3 Еуразиялық экономикалық комиссияның Көлік және инфрақұрылым департаменті туралы ереже. Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының төрағасы 2015 жылғы 9 қарашадағы №366 бұйрығы

<http://www.eurasiancommission.org/ru/act/energetikaiinfr/transport/SiteAssets/%D0%94%D0%A2%D0%98%D0%B3%D0%BB%D0%B0%D0%B2%D0%BD%D0%B0%D1%8F/%D0%9F%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B6%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B5%20%D0%BE%20%D0%9A%D0%B5%D0%BF%D0%B0%D1%80%D1%82%D0%B0%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B5.pdf> (дата обращения 20.01.2018).

4 Еуразиялық экономикалық комиссияның Көлік және инфрақұрылым департаменті туралы <http://www.eurasiancommission.org/ru/act/energetikaiinfr/transport/Pages/about.aspx> (дата обращения 20.01.2018).

УДК 323.1

МРНТИ 11.15.37

*Н.С. Пұсырманов<sup>1</sup>, И.С. Рыстина<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
саясаттану мамандығының докторанты  
Астана, Қазақстан*

*<sup>2</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
саясаттану кафедрасының доценті м.а., Ph.D.  
Астана, Қазақстан*

## **ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУДЕГІ ЗАМАНАУИ ПАРАДИГМА**

### *Аңдатпа*

Мақала қазіргі уақытта Қазақстанның үшінші идеялық платформа аясында ұлттық идея мәселесіне саяси талдау жүргізеді. Мақала теориялық, ғылыми-танымдық түрде мәселені саяси ғылымның саяси идеялық спектрінде қарастырады.

Отандық саяси ғылым бағдарына шолу жасай отырып, әлемдік заманауи теорияларды ескеру және қолдану жұмысымыздың басты мақсатын құрайды.

Қазірде отандық ғылымда ұлттық идея анықтамасы және оның мазмұнына берілген тұжырымдар саны өте көп. Мәселе саясаттану, әлеуметтану, тарих, философия бағыттарында қарастырылған. Өнер және әдебиет, тіл білімі тұрғысынан да құзыретке сай тиянақталған пайымдар жеткілікті. Осы ретте,

тұжырымдалған пайымдардан біздің зерттеу ерекшелігіміз инновациялық-методологиялық зерттеу тәсілдерін қолдану, этносаясат парадигмасы аясында конструктивизм бағытында ғылыми зерделеуге ұмтылыспен ерекшеленеді. Сондай-ақ, мақалада ұлттық проблематиканың кескіндік құрылымы қалыптастырылып, осы арқылы ұлттық бірегейлік және сәйкестік мәселелерінің өзіндік шекарасын анықтауға ұмтылыс жасалды. Қорытындылық түйінде ұлттық идеяға анықтама беріліп, саяси идеялық спектрде құндылықтарға сүйенетіндігі анықталды.

**Түйін сөздер:** ұлттық идея, ұлттық бірегейлік, сәйкестік, конструктивизм, қоғам, индивид

*Пұсырманов Н.С.<sup>1</sup>, Рыстина И.С.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>докторант ЕНУ имени Л.Н. Гумилева по специальности «Политология»  
г. Астана, Казахстан*

*<sup>2</sup>Ph.D., доцент кафедры «Политология» ЕНУ имени Л.Н. Гумилева,  
г. Астана, Казахстан*

## **СОВРЕМЕННАЯ ПАРАДИГМА В ИЗУЧЕНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕИ**

### *Аннотация*

В статье проведен анализ по вопросам национальной идеи в контексте третьей идейной платформы Казахстана. В статье рассматривается теоретическая, научная и познавательная проблема в политическом идеологическом спектре. Рассматривая ход отечественной политической науки, основные принципы нашей работы – учет и применение современных мировых теорий.

В настоящее время существует много выводов национальной идеи в отечественной науке и содержания ее целей. Проблема в политической науке, социологии, истории, философии. Достаточна компетентность в области искусства, литературы и лингвистики. В то же время особенность наших исследований основана на использовании инновационных методов исследования, стремлении изучать науку в контексте конструктивизма в этнополитической парадигме.

Кроме того, в статье сформулирован образ национальной проблемы, что позволяет выявить границы национальной идентичности.

В заключении отмечается, что национальная идея основана на ценностях, реализуемых в политическом идеологическом спектре.

**Ключевые слова:** национальная идея, национальная идентичность, совпадение, конструктивизм, общество, индивидуальность

*N.Pussyrmanov<sup>1</sup>, I.Rystina<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Doctoral student of ENU on a specialty political science  
Astana, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Ph.D., Associate Professor of Political Science of ENU,  
Astana, Kazakhstan*

## **MODERN PARADIGM IN THE STUDY OF THE NATIONAL IDEA**

### *Abstract*

The article analyzes the issues of the national idea in the context of the third ideological platform of Kazakhstan. The article deals with the theoretical, scientific and cognitive problem in the political ideological spectrum. Considering the course of domestic political science, the basic principles of our work are the accounting and application of modern world theories. At present, there are many conclusions of the national idea in the domestic science and the content of its goals. The problem in political science, sociology, history, philosophy. Sufficient competence in the field of art, literature and linguistics. At the same time, the peculiarity of our research is based on the use of innovative research methods, the desire to study science in the context of constructivism in the ethnopolitical paradigm. In addition, the article articulates the image of the national problem, which allows us to identify the boundaries of national identity. In conclusion, it is noted that the national idea is based on values that are realizable by the political ideological spectrum.

**Keywords:** national idea, national identity, coincidence, constructivism, society, individuality

Алғаш рет тікелей «ұлттық идея» ұғымы 1914 жылы Италияда баспа атауы ретінде қолданылған. Постсоветтік кеңістікте осы ұғымды пайдалану тәуелсіз мемлекеттердің алғашқы саяси-идеялық қадамдарын анықтаумен байланыстырылады. Осы кеңістік жүйесінде тиісті ұғымды қолдану бастапқыда идеологиялық бояумен суреттелгенді.

XXI ғасырдың бірінші онжылдығы постсоветтік кеңістікте әлеуметтік-гуманитарлық ғылым «ұлттық идеяны іздеу» мәселесін күшейтті. Өйткені, ғаламдық ықпалдастық шеңберінде «ұлттық идея» термині «ұлтты сақтау» ретінде қаралып, мәдени-өркениеттік мазмұнда пайымдауға жалғасты. Дегенмен, постсоветтік кеңістікке енетін мемлекеттерде әлі де болса ұлт құру процесі аяқталмағаны белгілі.

Әлемдік саяси сахнада «ұлттық идея» деп аталатын (Чех тілінде: *Národní myšlenka*) Чехиядағы ұлтшылдық топ көрініс тауып отыр, олар өз журналы «Ұлттық идея: Консервативті тәуелсіз ұлтшылдық журналы» («National Idea: Independent Journal of Conservative Nationalism») арқылы католиктік интегралистік идеяларды ілгерілетіп келеді. 2001 жылы Прагада құрылған және қазіргі уақытта Ходковице-на-Мохелькой қаласында орналасқан. ...Интернет желісінің белсенді қатысушысы бар Евросцепциялық белсенді Лукаш Петр бастаған оң жақ саяси партия. Журналда саяси және экономикалық очерктер мен аудармалар, оң жақтаулармен сұхбат, музыкалық және әдеби шолулар бар. Сонымен бірге чех философы Франтишек Марештің патриоттық идеологиясы, Чарльз Маврастың интегрализмі және Карл Шмиттің, Эрнст Джунгердің революциялық консерватизмін қоса алғанда, ұлтшыл идеяның заманауи және тарихи штамдары зерттеледі, Леон Дегреллдің діни фашизмі, Пэт Бьюконанның палеонт-апатизмі және екінші жағынан еуропалық Жаңа құқықтың антилиберализмі шоғырланған» [1].

2017 жылғы 9 қарашада <https://www.google.bg> домені жүйесінде шамалық қатынастар негізінде сұрыпталған автоматты іріктемеге сәйкес:

ағылшын тілінде «National Idea» сөзі – 19 300 000, «National Ideas» сөзі – 663 000 000;

орыс тілінде «Национальная идея» – 2 020 000;

түрікше «ulusal fikir» – 7 650 000;

қазақ тілінде «ұлттық идея» – 208 000, жалпыұлттық идея – 81 700 жиілікке ие. Басымдық бойынша ағылшын тілінде жоғары жиілік сақталады. Оны бірнеше елдердің мемлекеттік тілі ретінде және қалыптасқан өзіндік тарихи дамуды еңсерумен байланыстыруға болады.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы елдері бойынша:

өзбек «milliy g'oya» – 746 000;

әзірбайжан тілінде «milli fikir» – 680 000;

украин тілінде «національна ідея» – 670 000;

қырғыз тілінде «улуттук идея» – 582 000;

грузин тілінде «ქობულეთის იდეა» – 430 000;

армян тілінде «ազգային գաղափար» – 123 000;

беларусь тілінде «нацыянальная ідэя» – 107 000 жиілікте көрініс тауып отыр.

Ұлттық идеяны зерттеуге деген әр мемлекеттің өзіндік тәсіл-пайымы бар. Олар әрқалай түсінеді және ұғынады, тұжырымдамасын әзірлеп, түрліше қалыптастырады. Қазіргі кезең ашық қоғамның орнауы, жаһандық ықпалдастық жүйесінде шекарасыз қатынасу мүмкіндігін кеңейтіп келеді. Осы ретте ұлттық идея дамушы мемлекеттерде ұлтты құру ретінде көрініс табады. Бұл дегеніміз ұлттық идея уақыт өте келе өз мәнін түрліше өзгертеді дегенге саяды. Аталған ой тұжырым украиндық зерттеуші О.Пашкованың мына пікірімен жанасады: «Зміст національної ідеї змінюється з часом, тобто – він історично зумовлений. Загальна тенденція цих змін виявляється в її конкретизації, чіткішому окресленні та наростанні обсягу інформації, закладеної в ній» («ұлттық идея мазмұны уақытқа сәйкес өзгереді, ол тарихи шартты. Бұл өзгерістердің жалпы үрдісі оның ерекшелігін нақтылау, оған енгізілген ұлғайған апарат көлемінің және сипатталуынан айқын көрінеді») [2, 11 б.].

«Ұлттық идея» термині екі сөз тіркесінен құралған. Бірі «ұлттық», екіншісі «идея». Ұлттық өз кезегінде идеяға басымдық береді. Идея түрліше мазмұнға ие, дамытушы идея, жетілдіруші идея, құлдыратушы идея, т.б.

Ф.Конверстің (Converse) аргументіне сүйенсек, идея «психологиялық шектеуді» білдіреді. «Жиі мұндай келісім – бұл, әлеуметтік әділеттілік, әлеуметтік өзгерістер, табиғат заңдары туралы, сондай-ақ адамның және қоғамның қатынасына қатысты супер маңызды ординатура немесе тұрақтылықтың қандай да бір түріне негізгі талпынысы туралы квази-логикалық ойлар. Шын мәнінде, адамдар өздерінің абстрактивті нанымдар және құндылықтарын әлемді түсінуге және олардың дүниетанымын қалыптастыруға көмектеседі. Әлеуметтік және саяси көзқарастар мен мінез-құлықтардың кең

ауқымына әсер етуде құндылық күшін көрсететін тағы да бірқатар дәлелдер бар» [3].

Көптеген адамдарды әлеуметтік-саяси әрекеттерге біріктіруге қабілетті деп санайтын идеялар шартты түрде үш үлкен топқа бөлінеді. Тарихи жолмен, мұндай идеялардың бірінші тобы – діни идеялар.

Екінші, кез-келген уақытта бұл идея әлеуметтік мәнді құрайды. Олар мазмұнды, өте тартымды. Бұл әлеуметтік әділеттілік, теңдік, еркіндік идеялары. Олар сондай-ақ шешуші іс-қимылдарды қабылдау үшін кең массаларды көтерді. Дегенмен, осы идеялар революцияның қозғалтқышы болды, төңкерістер, қоқыстар және кез-келген төтенше, экстремалды әрекеттер. Жиырмамыншы ғасырда сыртқы тартымды әлеуметтік идеялардың тоталитарлық режимдердің идеологиялық негізіне айналғаны туралы бірнеше мысалдар жеткілікті.

Үшінші идея – ұлттық идеялар. Олар, адамзаттың бай әлеуметтік тәжірибесі көрсеткендей, қоғамдық бірлестік пен дамудың негізгі факторларының бірі болып табылады [2].

Бүгінгі таңда адам құқықтарын қорғау мәселесі тек қана азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар мен адам бостандығын қалыптастыратын нормалардың жиынтығы ретінде, яғни дербес негізгі бір құқық саласы ретінде ғана танылып қоймай, сондай-ақ адам құқықтары мен бостандықтарының дұрыс орындалуын көздейтін аса тиімді құқықтық-ұйымдастыру тетіктері болып қалыптаса бастағаны белгілі. Адам құқықтары каталогы ұзақ тарихи қалыптасудың эталондары мен стандарттардың нәтижесі болып, халықаралық іс қағаздарда белгіленген қазіргі демократияның нормасы ретінде қалыптаса бастады деуге болады. Қоғам дамуының әр сатыларындағы күрт өзгерістер, өркениет өзгешелігі, формальды теңдік қағидасына негізделген адам құқықтарына қазіргідей жан-жақтылық белгісін берген жоқ. Атақты американдық философ, саясаткер Томас Пейн өзінің "Адам құқықтары" [1] атты кітабында «Әр ұрпақтың өзіне қатысты барлық мәселелерді шешу құзыры бар яки құзыры болуға тиіс. Әрқашан да өлгендер емес, тірілер жайын ойлау керек. Адам қоғамға кіргенде бұрынғымнан жаман болайын немесе бұрынғымнан құқықтарым кем болсын деп емес, сол құқықтарымды жақсырақ қамтамасыз етейін деп кірген. Оның барлық азаматтық құқықтарының негізінде жаратылыстық құқықтар жатыр. Бірақ осы айырмашылықты

дәлірек айқындау үшін жаратылыстық және азаматтық құқықтардың айырмалық ерекшеліктерін көрсету қажет. Заманауи халықаралық құқықтың жалпыға танылған қағидаларының бірі болып адам құқықтары мен бостандықтарын бәрі бірдей құрметтеу қағидасы табылады. Оған сәйкес барлық мемлекеттер тұлғаның құқықтық дәрежесімен байланысты халықаралық стандарттарды іске асыруға ұмтылуы керек. Стандарттар ең алдымен шынайы билік пен күшке ие бола отырып құқықтарға құрметті қамтамасыз етуге жағдайы бар және адам құқықтарының сақталуы үшін өз халқының алдында, халықаралық қоғамдастықтың алдында жауапкершілікті атқаратын мемлекеттерге жолданады. Адам құқықтарының халықаралық стандарттары өркениетті мемлекеттер одан төмендеп кете алмайтын межені анықтай отырып, ұлттық заңнамаларға ауыстырылуы керек. Құқықтық, әлеуметтік, экономикалық және географиялық жағдайлардың әлемде әртүрлі болуына байланысты барлық стандарттар бүкіл жерде және біруақытта қолданыла алмайды. Адам құқықтары мен бостандықтары аясындағы халықаралық құжаттардың нормаларын белгілеу үшін «стандарттар» термині қаншалықты қолайлы екендігіне қатысты ғылымда бірыңғай пікір жоқ. Бұл терминнің пайдасына осы құжаттардың жекелеген тұлғаларды, адамдар тобын, халықты қандай да бір құқықтармен үлестірмейтіндігінде қызмет етіп тұр. Олардың міндеті – тиісті тұлғалар мен ұжымдарға белгілі бір құқықтар мен бостандықтарды ұсынуға және олардың орындалуын мемлекеттердің билігіндегі әлеуметтік және құқықтық құралдардың көмегімен қамтамасыз етуі үшін мемлекеттерді міндеттеу немесе оған түрткі болу. Одан бөлек, стандарттар тек құқықтар мен бостандықтарға ғана таралмайды. Стандарттардың тұлғаның құқықтық мәртебесінің ажырамас бөлігін, сонымен бірге ол негізделетін қағидаларды құрайтын негізгі міндеттерді анықтайтындығында толықтыру қажет. Стандарттар сондай-ақ құқықтарды бұзуға тыйым салуға қатысты әрекет етеді, мысалы азаптауға, кемсітушілікке тыйым салу. Адам құқықтары, бостандықтары мен міндеттерінің халықаралық кодексі құқықтар мен бостандықтардың мәнін білдіретін түсініктер мен қағидаларды біркелкі түсінуге ықпалдастық жасайтын еді. Алайда, мұнда тікелей маңызды мәселе туындайды, адам құқықтары халықаралық стандарттарының әмбебап тұжырымдамасы мүмкін бе? Шетелдік зерттеушілер адам құқықтарының тұжырымдамасын әмбебап деп санайды және бұл әділетті. Жалпыға бірдей адам құқықтарының Декларациясын әлемдік қауымдастық адамзат өмірінің бағдары мен ережелерінің жоғарғы деңгейде бейнеленген және келісілген жүйесі ретінде, елдердің, халықтардың, корпоративтік ұйымдардың, сонымен бірге жекелеген азаматтардың өркениеттендірілген, өзара тиімді мінез-құлқы ретінде қарастырады. Ғаламшардың 200-ден аса мемлекетінің шоғырландырылған еркі білдірілген бұл құжаттың әмбебап мағынасы оның жарты ғасырдан астам әрекет етуін нандыра көрсетті. Жалпыға бірдей Декларация адам құқықтары аясындағы бірегейлендірудің негізін қалады. Декларацияның преамбуласында: «бұл құқықтар мен бостандықтар сипатының жалпыға ортақ түсінігі осы міндеттемелердің толық орындалуы үшін үлкен мәнге ие, яғни әртүрлі саяси жүйедегі, әртүрлі экономикалық дамуы мен мәдени-адамгершілік негіздегі мемлекеттерде адам құқықтары бірыңғай тұжырымдалып түсінілетін ережелерге жету үшін шешілген еді» деп аталады. Адам құқықтары мен бостандықтары әртүрлі халықаралық-құқықтық актілер және конвенциялармен регламенттелген. Адам құқықтары мен бостандықтарын топтастыру сан алуан негіздемелерде жүргізілуі мүмкін: құқықтарды іске асыру аясы бойынша: халықаралық құқық тарихындағы алғашқы буынның құқығы ретіндегі адамның азаматтық және саяси құқықтары; екінші буынның құқығы ретіндегі адамның әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтары; үшінші буынның құқығы ретіндегі адамның ұжымдық құқықтары. Халықаралық құқықтық құжаттарда бекітілген адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы қазіргі заманғы стандарттар мен ішкі заңнамалар: саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени құқықтар жүйесінен құралған. Саяси құқық – бұл дегеніміз азаматтардың мемлекеттік істерді басқаруға қатысуы, мемлекеттік органдар мен өзін-өзі басқаруды қалыптастыру және олардың қызметіне қатысу құқығы; экономикалық құқықтар негізінен мүліктік құқықтармен байланысты, олар тауарлар мен қызметтерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтынуда адам қызметінің еркіндігін қамтиды; әлеуметтік құқықтар еңбек ақы төлеу саласына (еңбек келісім-шартын жасасу, демалу құқығы, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы) және мемлекет тарапынан денсаулық, білім, зейнетақымен қамсыздандыру; мәдени құқықтар – адамзат қоғамдастығының рухани және материалдық құндылықтарына қол жеткізу еркіндігі, оларға нақты қол жетімділік мүмкіндігі. Адам құқықтары саласындағы халықаралық келісімдер мен конвенциялардың негізінде мемлекеттердің егемендігін құрметтеу және олардың ішкі істеріне араласуға жол бермеу, халықтар мен ұлттардың өзін-өзі реттеуі, барлық адамдардың теңдігі мен кемсітушілікке жол бермеу, ерлер мен әйелдер арасындағы тең құқықтылық сияқты негізгі және



жалпыға танылған қағидалар, сондай-ақ кез келген жағдайда қарулы қақтығыстардың белгілі бір негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу қағидаттары пайда болды. Адам құқығын қорғау бүгінгі таңда ең өзекті, ауқымы кең әлемдік қоғамдастыққа жүктелген маңызды міндеттер қатарына жатады. Қауіпсіздік пен тұрақтылыққа жаңа қауіп-қатерлердің пайда болуы әлемдік қауымдастықты адам құқықтарын қамтамасыз ету тетігінің тиімділігіне белсенді және мақсатты түрде қол жеткізуге ынталандырады. Жалпы, қазіргі дүние жүзінде болып жатқан оқиғалар мен қоғамдық үдерістер, қақтығыстар адам құқықтарын қорғау мәселесіне көп-көңіл аудартады. Сондықтан, қазіргі уақытта халықаралық ұйымдар адам құқықтарын қорғау бойынша қызметін күшейтті. 1946 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Экономикалық және Әлеуметтік кеңесі адам құқықтары жөніндегі комиссияны құрып, адам құқықтары жөніндегі салыстырмалы халықаралық заңға қатысты өз пікірлерін ұсынып, адам құқығы саласында маңызды халықаралық құжаттар құрастырды. БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша Комиссиясы екі жақтың мүддесін есекере отырып, екі құжат даярлады. Қазіргі уақытта Құқықтық акт бірнеше халықаралық келісімдерді қамтиды олар: адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы; экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакт; Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт; азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің факультативтік хаттамасы; өлім жазасын жоюға бағытталған азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пактінің екінші факультативтік хаттамасы және мемлекеттердің сыртқы саясаты. Адам құқықтары жөніндегі халықаралық билль, Біріккен Ұлттар Ұйымы жарғысының адам құқықтары жөніндегі ережелерге толықтыру, Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясынан, адам адам құқықтары жөніндегі екі халықаралық пакіден және Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі Пактіге Қосымша хаттамадан тұрады. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы бостандық пен теңдік, кемсітушілікке жол бермеу, тұлғаның ар-намысын құрметтеу қағидаттарын бекітуден басталады. Бірінші баптардан бастап: өмір сүру құқығы, бостандық құқығы, жеке адамның дербес құқығы, тұлғаның өмірінің қорғалуын жариялап, адам құқықтарының заңды кепілдігі, әділеттіліктің ресімдік кепілдігі, тұлғаны қинап, аяусыз қарауға тыйым салынады. Жоғарыда айтылған құқықтар дербес құқықтар мен бостандықтардың тобын құрайды. Тұрғын орынды таңдау және көшіп-қону құқығы, ар бостандығы, ой мен көзқарас бостандығы, мемлекеттік билік органдарына сайлану және сайлау құқығы, азаматтық құқық Жалпыға бірдей декларацияның 6, 13-21-баптарында азаматтық және саяси бостандықтарын құрайды.[2] Әлеуметтік-экономикалық құқықтарға Жалпыға бірдей декларация мынадай құқықтарды жатқызады: еңбек құқығы, жұмыссыздықтан қорғалу құқығы, еңбек үшін әділ ақы төлеу құқығы, демалыс алу және демалу құқығы, білім алу құқығы, әлеуметтік қамтамасыз етілу құқығы. Бұл құқықтар декларацияның 22, 28-баптарында көрсетілген.[3] Жалпыға бірдей декларация қабылдау халықаралық қатнастардың жаңа бір кезеңі болды. Жалпыға бірдей декларация БҰҰ Бас Ассамблеясының қарары ретінде қабылданды, сондықтан БҰҰ жарғысына сәйкес кепілдемелі түрде жазылған. Адам құқықтары жөніндегі жалпыға бірдей Декларацияда, сонымен қатар адам құқықтары жөніндегі Пактілерде әркімнің мемлекеттік билік органдарына сайлануға және сайлауға қатысуға құқығы туралы ереже бар. «Бірнеше кандидаттарды ұсыну кезінде көппартиялық жүйенің негізінде» «сайлану және сайлау» тұжырымдамасын жазуға ұсыныс енгізілді. Кеңес Одағы күрт қарсы болды және бұл ұсыныстан бас тартылды. Алайда Кеңес Одағының құлауы мен Ресейдің құрылуынан кейінгі соңғы жылдары қабылданған Еуропа Қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымының құжаттарында сайлаулар көппартиялы жүйенің негізінде жүргізіледі деп жазылған. Тиісінше, мемлекеттердің ұстанымы өзгереді, халықаралық құқықтағы сол немесе басқа мәселелерге деген олардың қатынастары да өзгереді. Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің сақтауы міндетті ма? Бұл сұраққа бірыңғай жауап бар. Егер мемлекет осы мәселелерді реттейтін халықаралық құжатты ратификациялаған болса, онда адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын сақтауға міндетті. Мәселен, егер мемлекет Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық Пакті мен Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар жөніндегі халықаралық Пактінің қатысушысы болса, ол оны сақтауға міндетті және ол мемлекеттің ішкі құзірет болып табылады деп айта алмайды. Алайда шешілмейтін мәселе сияқты болып көрінетін бұл жағдайдан да мемлекеттер жол тауып жатады. Бір жағынан олар Пактілерді ратификациялайды, ал екінші жағынан мемлекет өзінің ішкі заңнамасын өзіне алған халықаралық-құқықтық міндеттемеге сәйкестендіруге алып келгеннен кейін ғана заңды күшке ие болып табылады деп мәлімдейді. Адамның құқықтары мен бостандықтары бұзылған барлық фактілер тексерілуі, құжатты тіркелуі керек және егер мемлекет өзінің халықаралық міндетін бұзып жатса, онда бұл мәселелер Біріккен Ұлттар Ұйымының, Еуропа Кеңесінің

талқылауына жіберілуі мүмкін және бұл халықаралық органдар тиісті резолюцияны қабылдауы және сол мемлекетті адамның құқықтары мен бостандықтарын бұзуды тоқтатуға шақыруы мүмкін, бірақ тек мемлекет өзінің халықаралық міндеттерін бұзып жатқан жағдайда ғана. Сондықтан БҰҰ Жарғысы Біріккен Ұлттар Ұйымының басқа мемлекеттің ішкі істеріне араласуға құқығы жоқ екендігін нақты тұжырымдаған.

Бүгінгі таңда Жалпыға бірдей Декларацияда жарияланған құқықтар мен бостандықтар заңи міндетті, жай нормалар болып танылады. Жалпыға бірдей Декларацияны қабылдағаннан кейін Бас Ассамблея өзінің алғашқы шешіміне өзгеріс енгізді және адам құқықтары жөніндегі бір Пактінің орнына екеу дайындауды ұсынды. Бұл БҰҰ-ның кейбір мүшелерінің азаматтық және саяси құқықтар барлық мемлекеттерде кешіктірілмей міндетті түрде өмірге келтірілуі керек, ал әлеуметтік-экономикалық және мәдени құқықтар әрбір елдің өз экономикалық даму деңгейін негізге ала отырып бірте-бірте жетуге ұмтылатын стандарттар болып табылады дегенді негіздеді. Адам құқықтары туралы билльдің ережелері көптеген мемлекеттердің конституциясына, олардың ішінде Қазақстанның конституциясына да енді. 1997 ж. 31 мамырда Азаматтық және саяси құқықтар туралы Пактіні 133 мемлекет, ал Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Пактіні 136 мемлекет бекітті. Қазақстан Республикасы қазіргі кезде адам құқықтары туралы билль құжаттарына кіру туралы мәселені қарастырып жатыр. Қазақстанда адам құқықтары мен бостандықтарын қорғайтын жүйенің орнатылуы. Адам құқықтарын қамтамасыз ету және қорғауды заңды жариялау – азаматтық қоғамға жол салған қоғамның және мемлекеттің маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Екі бөлімнің де құзырында адами өлшем аясындағы міндеттемерді орындауға әрекеттестік пен бақылау бар [4]. Қазақстан Республикасы адам мен азаматтың кәдімгі құқықтары мен конституциялық құқықтарын белгілеуде барынша алға жылжуда.

Қорыта келгенде айтарымыз – Қазақстан Республикасының 1995 жылғы өзгертулер мен ұсыныстар негізінде қабылданған Ата Заңға адам құқықтарын халықаралық стандартқа сай жүзеге асыру пәрменді түрде іске және бұл үрдіс болашақта да қоғам игілігі үшін маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Томас Пейн. Адам құқықтары. – 1973.
- 2 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948 ж. 13-21 баптары.
- 3 Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, 1948 ж. 22-28 баптары.
- 4 Сабикенов С.Н. *Общечеловеческая концепция прав человека (внутригосударственные и международные аспекты)*. // Журнал «Юрист». – №3, 2005. – С.18.

УДК 341.2; 341.231.14

МРНТИ 10.87.27

*Т.Е. Жабелова<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>саяси ғылымдар кандидаты, «Халықаралық құқық» кафедрасының доценті, Сорбонна-Қазақстан Институты, Абай атындағы ҚазҰПУ, t.zhabelova@sorbonne.kz*

**АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ САЛАСЫНДА АЙМАҚТЫҚ  
ӘРІПТЕСТІК ПЕН БАҚЫЛАУ МЕХАНИЗМДЕРІ**

*Аңдатпа*

Бұл мақалада адам құқықтары мен бостандықтары саласындағы аймақтық әріптестік пен бақылау механизмдері; еуропалық стандарттарды үстем етіп адам құқықтарын реттеу саласындағы ұлттық ерекшеліктерді жоғалту; біреулердің құқықтары мен бостандықтарын шектеу арқылы өзгелердің құқықтарын жүзеге асыру мәселелері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** адам құқықтары, адам құқықтарын халықаралық қорғау, адам құқықтары бойынша бірыңғай терминдерді түсіндіру, адам құқықтарының еуропалық стандарттары, ұлттық бірегейлендіру, құқықтар мен бостандықтарды шектеу

*T.Zhabelova<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup> candidate of political sciences, associate professor of International Law,  
Abay KazNPU, t.zhabelova@sorbonne.kz*

## **MECHANISMS OF REGIONAL COOPERATION AND CONTROL IN THE FIELD OF HUMAN RIGHTS**

*Abstract*

The article presented examines mechanisms for regional cooperation and control in the field of human rights: the lack of a uniform terminology and the same interpretations of the term; and the absorption of European standards with the loss of national specific regulation of human rights; and restriction of rights and freedoms as a fundamental conditions of exist it's for other.

**Keywords:** international protection of human rights, interpretation of unified human rights terms, European human rights standards, national self-identity, restriction of rights and freedoms

*Жабелова Т.Е.<sup>1</sup>*

*<sup>1</sup>доцент кафедры международного права Института Сорбонна-Казахстан,  
КазНПУ имени Абая, кандидат политических наук, t.zhabelova@sorbonne.kz*

## **МЕХАНИЗМЫ РЕГИОНАЛЬНОГО СОТРУДНИЧЕСТВА И КОНТРОЛЯ В ОБЛАСТИ ПРАВ ЧЕЛОВЕКА**

*Аннотация*

Представленная статья рассматривает механизмы регионального сотрудничества и контроля в области прав человека; абсолютизация европейских стандартов до утраты национальных особенностей регулирования прав человека; ограничение прав и свобод одних в качестве основополагающего условия реализации их другими.

**Ключевые слова:** международная защита прав человека, толкование унифицированных терминов по правам человека, европейские стандарты прав человека, национальная самоидентичность, ограничение прав и свобод

Адам құқықтарын қорғаудың Еуропалық жүйесін Еуропалық Кеңес, жеке адамдардың бостандығы мен демократияны қорғауды мақсат еткен бірқатар Батыс Еуропа мемлекеттері 1949 жылы негізін салған аймақтық-үкіметаралық ұйымдар құрды.

Еуропалық Кеңес Жарғысының 3-бабында «Еуропалық Кеңестің әрбір мүшесі өзінің адам құқықтары мен негізгі бостандықтарының құзыры шегінде барлық адамдарға арналған құқық пен оны жүзеге асырудың басымдық принципін мойындауы тиіс» [1]. «Қырғи қабақ соғыстың» бітуі Шығыс және Орталық Еуропа мемлекеттерінің біразы 3-бапта айқын көрсетілген принциптерді қабылдайтынын жариялағаннан кейін, бұл оларға Еуропалық Кеңеске кіруге мүмкіндік берді.

Кеңестің адам құқықтарының жүйесі заң тұрғысында екі шартқа: Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенция мен Еуропалық әлеуметтік хартияға негізделді. Конвенция негізгі әлеуметтік және саяси құқықтарға кепілдік береді; Хартия экономикалық және әлеуметтік құқық тізбесін жариялайды. Осы шарттардың әрқайсысы мемлекеттердің өзінің шартта көрсетілген міндеттемелерін қадағалайтын құрылымдық жүйесін қалыптастырды. Оларда, сондай-ақ, Еуропа конвенциясының Еуропа Одағының адам құқықтары саласындағы жұмысына ықпалы қаралады және Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының ізгілік жүйесіне сипаттама беріледі.

Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияға 1950 жылғы 4 қарашада қол қойылып, 1953 жылғы 3 қыркүйекте күшіне енді. Еуропалық конвенция төмендегі құқықтарға кепілдік берді: өмір сүру құқығы, азапталмау, қатыгездікке немесе адамға жат қиянаттар мен жазалауға ұшырамау құқығы, құлдықтан азат болу, бостандық пен жеке басына тиіспеу, заңның тең қорғау құқығы, кері күші бар заң мен жазалаудан босату, жеке өзінің және отбасының өмір сүру құқығы, ой, ар-ождан және дін бостандығы, пікір білдіру мен бейбіт жиын өткізу бостандығы және үйлену мен отбасын құру құқығы.

**Еуропа Кеңесі (ЕК)** – 1949 ж. құрылған, құрамына 44 еуропалық демократиялық мемлекет кіретін үкіметаралық саяси ұйым. ЕК-нің Штаб-пәтері Страсбургтегі (Франция) Еуропа Сарайында

орналасқан. ЕК-нің мақсаты – адам құқын, плюралистік демократия мен заңның үстемдігін қорғау; еуропалық мәдениеттің ерекшелігі мен әркелкілігін түсінуге жәрдемдесу; адам құқы, әлеуметтік мәселелерді (ұлттық азшылықтарды алалау, ксенофобия, бірін-бірі жаратпау, ұстамсыздық, қоршаған орта мәселелері, адамды клондау, СПИД, наркомания, лаңкестік, ұйымдасқан қылмыс және т.б.) бірлесіп шешу жолдарын қарастыру; Орталық және Шығыс Еуропа елдеріне саяси, заңнамалық, конституциялық реформалар арқылы тұрақты демократиялық қоғам орнатуға көмектесу.

ЕК-нің мүшелері: Австрия, Әзербайжан, Албания, Андорра, Армения, Бельгия, Болгария, Босния, Герцеговина, бұрынғы Югославия Республикасы, Македония, Венгрия, Германия, Греция, Грузия, Дания, Ирландия, Исландия, Испания, Италия, Кипр, Латвия, Литва, Лихтенштейн, Люксембург, Мальта, Молдова, Нидерланды, Норвегия, Польша, Португалия, Ресей, Румыния, Сан-Марино, Словакия, Словения, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдығы, Түркия, Украина, Финляндия, Франция, Хорватия, Чех Республикасы, Швейцария, Швеция, Эстония.

«Арнайы шақырылған» статустағы мемлекеттер: Беларуссия (тоқтатылған), Сербия және Черногория (бұрынғы Югославия).

Канада, Мексика, Ватикан, АҚШ және Жапония ЕК-нің үкіметаралық органдарында бақылаушы мәртебесіне ие.

ЕК мен Еуропалық Одақ әртүрлі ұйымдар, дегенмен Еуропалық Одақтың барлық мүшелері ЕК-нің құрамына кіреді [2].

ЕК-нің үш жұмысшы органы бар: Министрлер Комитеті – атқарушы-нұсқаушы орган, Страсбургте жиналады, құрамына 44 мүше-мемлекеттердің сыртқы істер министрлері мен олардың орынбасарлары кіреді; Парламенттік ассамблея (ЕКПА) – 44 елдің ұлттық парламентін көрсететін және «арнайы шақырылған» елдердің парламентінің делегациясынан, 306 мүше мен 306 олардың орынбасарларынан тұратын Еуропа Кеңесінің кеңесші өкілетті органы; Еуропаның жергілікті және аймақтық биліктерінің Конгресі – жергілікті және аймақтық билікті көрсететін кеңесші орган. Конгресс екі палатадан тұрады: бір палата жергілікті биліктің мүдделерін, екіншісі – аймақтық билік органдарының мүдделерін білдіреді.

Халықаралық секретариат ЕК-нің күнделікті жұмысын жүзеге асырады. Оны бес жыл мерзімге сайланатын Бас хатшы басқарады. Секретариаттың жұмыс тілдері – ағылшын және француз.

**Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы** (ЕКПА) – 44 елдің ұлттық парламентін көрсететін және «арнайы шақырылған» елдердің парламентінің делегациясынан, 306 мүше мен олардың 306 орынбасарларынан тұратын Еуропа Кеңесінің кеңесші өкілетті органы. ЕКПА халықаралық саясат мәселелері мен әлеуметтік мәселелерді талқылау үшін сессияға жиналады. Оның жұмысына ұлттық парламенттерде негізгі саяси ағымдарды көрсететін делегациялар қатысады. ЕКПА жыл сайын өзінің Страсбургтегі штаб-пәтерінде тоқсандық ашық мәжілістерін өткізе отырып, жылда бір мүше-мемлекетте көктемгі сессияға жиналады. ЕКПА Еуропа Кеңесінің әртүрлі саяси шешімдерін талқылап, Министрлер кабинетіне ұсыныстар жасайды. Оның мақұлдауынсыз бірде-бір жаңа мемлекет Еуропа Кеңесіне мүше бола алмайды.

ЕКПА күн тәртібіндегі мәселелерді өздігінше қалыптастырады, оның шешімдері Министрлер кабинеті мен Еуропа Кеңесінің өзге де органдарының жұмысының бағытын анықтайды, сондай-ақ еуропалық мемлекеттердің ұлттық парламенттерінің шешімдеріне араласа алады.

Еуропа Кеңесінің мүше-мемлекеттері ЕКПА-да 2 ден 18-ге дейін, елдегі халық санына байланысты делегаттар жібере алады. ЕКПА-да бес негізгі саяси топ әрекет етеді: социалистер, Еуропалық халықтық партия, демократтар, либералдар тобы, демократтар мен реформистер, сондай-ақ бірлескен еуропалық солшылдар [3].

ЕКПА өз мүшелерінің ортасынан (дәстүр бойынша, үш жыл мерзімге қатарынан) Төрағасын, 18 төрағаның орынбасарларын, бес саяси топ және оған қоса ЕКПА Бюросын да сайлайды. ЕКПА-ның жиналысында ЕКПА-ның Бас хатшысы және оның орынбасары, сондай-ақ адам құқы жөніндегі Еуропалық сот судьялары сайланады.

ЕКПА-ның жұмысын саяси мәселелер жөніндегі, құқықтық мәселелер және адам құқы мәселелері жөніндегі, әлеуметтік мәселелер, мәдени, денсаулық сақтау, отбасы, көші-қон, босқындар мәселесі, демография, ғылым және білім, экономика және даму мәселелері, әйелдер мен ерлер мүмкіндіктерінің теңесуін қамтамасыз ету, Еуропа Кеңесіне мүше-мемлекеттердің мойнына алған міндеттемелерін адал орындауы жөніндегі сияқты арнайы комитеттер қамтамасыз етеді.

ЕКПА-ның мәжілістерінде еуропалық және әлемдік саясаттың көптеген мәселелері қаралады, кей жағдайларда көрнекті саяси, қоғам және дін қайраткерлерінің араласуымен өткізіледі. ЕКПА

үкіметтік емес ұйымдармен тығыз қарым-қатынас орнатып, әртүрлі шараларды ұйымдастыру мен өткізу барысында олардың кеңесіне сүйенеді.

**Еуропалық Конституция** (Еуропаның Конституциясы) – 2004 жылы 18 маусымда Еуропа елдері басшыларының жоғары кездесулері кезінде тарихтағы тұңғыш Еуропа конституциясының жобасы жасалды. Бұл 2,5 жыл күрделі әрі қиын жұмыстың қорытындысы болды, ол екі кезеңнен тұрды: 1) 2002 ж. ақпаны – 2003 ж. шілдесінде Еуропалық конвентті шақырып, өткізу.

Конвенттің Төрағасы (бұқаралық ақпарат құралдарында Еуропалық конституцияның «атасы» атанған) Францияның бұрынғы президенті Валери Жискар д'Эстен болды; 2) Конвент дайындаған Конституция жобасы Еуропалық Одақтың мүше-мемлекеттерінің үкіметаралық конференциясына талқылауға берілді (2003 ж. қазан – 2004 ж. маусым), соңғы тұжырымы 2004 ж. 17-18 маусымы аралығында өткен жоғары деңгейдегі кездесулерде жасалды.

Құжаттың толық аты – «Еуропалық Конституция орнату Келісімі». Бұл атау бір жағынан осы құқықтық құжаттың мазмұнын, түрін, қызмет ету әрекетін білдірсе, екінші жағынан, халықаралық ұйым және федеративті мемлекет элементтерін бойына сіңірген Еуропа Одағының жан-жақты құқықтық табиғатын көрсетуге бағытталған.

Еуропалық Конституцияның Келісімдік түрі оның мәтінін бекітудегі, түзетулер енгізудегі «соңғы сөзді» мүше-мемлекеттерге қалдырады.

Еуропалық Одақ Конституциясының қабылдануы – еуропа континентінің басым бөлігін қамтитын аймақтық конституциялық құқықты қалыптастыруда түбегейлі жаңа үрдістің пайда болуының көрінісі.

Ұлттық ұғымнан жоғары тұрған Еуропа қауымдастығын (қазіргі Еуропалық одақ) құрған шарттар әр түрлі институттар, соның ішінде өзінің сотын да құрды. Бұл сотқа осы шарттарға түсініктеме беру мен қолдану барысында заңның бұзылмауын қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Еуропа қауымдастығының ролі мен өкілеттілігі кеңейген соң, оның заң шығару әкімшілік әрекеттері жеке азаматтар мен компаниялардың құқығына едәуір ықпал етті. Қауымдастық пен Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияға мүше мемлекеттердің ішкі конституциялық құқығы мемлекеттік өкіметтің актілерінен бұл құқықтарды қорғауды көздеген болса, Еуропа қауымдастығын құрған шарттар Еуропалық одақ құрылымдарының тарапынан бұл құқықтарды қорғаудың қатарлас жүйесін орнатқан жоқ. Бұл құрылымдар өзінің сипаты жағынан ұлттан жоғары тұрды, демек, өздерінің мүше-мемлекеттерінің ешқайсысының ішкі конституциялық заңдарымен байланысты болмады, демек, аталған институттардың қауымдастықтың қарауына жататын жеке адамдар мен компанияларды өздерінің ішкі құқықтары мен Еуропалық конвенцияға сәйкес кепілдік берілген адам құқығынан, мұндай әрекеттен қорғанудың ешқандай жолдары болмағандықтан, айыру қаупі туды. Еуропа қауымдастығының құрылымдары бұл проблемамен мұқият айналысып жатқан кезде, кейбір мүше – мемлекеттердің конституциялық соттары одақтың адам құқықтарының негізгі принциптерін ұстана алмауы оларды қауымдастық актілерін конституциялық емес, демек, өздерінің аумақтарында заңдық күші жоқ деп жариялауға мәжбүр етуі мүмкін екендігін айтты. Бұл Еуропа қауымдастығының соты бірқатар шешімдерінде негізгі құқықтарды құрметтеу жалпы құқық принциптерінің ажырамас бөлігі болып табылатынын, сот қауымдастық шарттарына түсініктеме беру кезінде Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияны ұстауға және бұл құқықтардың мәнін айқындау кезінде оны басшылыққа алуға тиіс екенін мәлімдеген кезде мүмкін болады. Сот осы кезге дейін бұл көзқарасты жиі ұстанып келді, Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық соттың құқықтық нұсқасына жүгінді.

Бұл өзара белсенді процеске Еуропалық одақтың барлық мүше-мемлекеттерінің Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияны бекіткені және Адам құқықтары жөніндегі Соттың құзырын танығаны біршама септігін тигізді. Бірер жылдың ішінде Еуропалық Одақ пен Еуропалық Кеңес арасында, біріншісінің Адам құқықтары жөніндегі Еуропалық конвенцияға қосылуына мүмкіндік беретін бірігу туралы өзіндік келісімді әзірлеуге әрекет жасалды. Осындай мәселені шешуге қажетті құқықтық және саяси мәселелер шоғыры тұрғысынан қарасақ, ол бір кезде жүзеге асты ма, аспады ма әлі күнге дейін белгісіз. Еуропа қауымдастығын Еуропа одағына айналдырған Маастрихт шартының кіріспесінде «Одақ Адам жөнінде Еуропалық конвенция кепілдік берген негізгі құқықтарды және мүше-мемлекеттерге ортақ конституциялық дәстүрлерден туындайтындықтан Қауымдастық құқығының ортақ принциптері ретінде құрметтейтін болады» [3] деп жариялады. Нақ осы тұжырымды Қауымдастық соты өзінің Еуропалық конвенциясына жүгінетінін дәлелдеу үшін бұрында қолданылған. Сөйтіп, оны шартқа енгізу Одаққа мүше-мемлекеттердің қауымдастық Соттың бұл қадамын айқын тануы болып танылады. Қауымдастық сотының тәжірибесін Конвенцияның арнайы ережелеріне сілтеме жасау арқылы тексеру жөнінде Еуропа қауымдастығында адам құқықтарын сот

арқылы қорғау, мұнда Қауымдастық сотының тәжірибесі Конвенцияның нақты ережелеріне жүгіне отырып қаралады.

**Еуропалық Одақ** (Еуроодақ, ЕО) – басты мақсаты «еуропа халықтарының барынша тығыз байланысын орнату» (ЕО жөніндегі Келісім-шарттың 1-бабы) болып табылатын ықпалдастырушы ұйым.

Демократиялық принциптерді ұстанушы кез келген еуропалық мемлекет Одаққа мүше бола алады (ЕО жөніндегі Келісім-шарттың 6-бабы, 49-бабы).

Еуропалық Одақ құрамына кіру үшін экономикалық даму деңгейі жоғары болып, құқықтық реформалар жүзеге асырылуы керек, алдын ала одаққа кіруден үміткер мемлекеттің ішкі заңнамалық жағдайы ЕО құқық ережелеріне сәйкестендіріледі.

Бүгінгі таңда ЕО-ға мүше-мемлекеттер: Бельгия, Италия, Нидерланды, Люксембург, Франция, ФРГ (1951); Ұлыбритания, Дания, Ирландия (1973); Греция (1981); Испания, Португалия (1986); Австрия, Финляндия, Швеция (1995); Венгрия, Кипр, Латвия, Литва, Мальта, Польша, Словакия, Словения, Чехия, Эстония (2004) – барлығы 25 ел.

Одаққа мүшеліктен үміткер елдер – Болгария, Румыния және Түркия (2007 жылдан).

Федералдандыру Еуропалық қауымдастықтың және Одақтың дамуының бүгінгі күнге дейінгі дамуының басты үрдісі болып отыр:

- ЕО-ның ішкі бірыңғай нарығы қалыптасқан жалпы нарықты құру, яғни, «осы Келісім ережелеріне сәйкес тауар, қызмет және капитал айналымы еркін жүргізілетін ішкі шекарасыз кеңістік» орнату (Еуропалық Қауымдастық құру жөніндегі Келісімнің 4-бабы);

- экономикалық және валюталық одақ орнату. Оның негізі ЕО бірыңғай ақша бірлігінің – еуроның (бұл процеске әзірше өз ұлттық валюталарын айналымда қолданатын Ұлыбритания, Дания және Швеция, сондай-ақ ЕО-ның 10 жаңа мүше-мемлекеті қосылған жоқ) енгізілуі;

- Шенген кеңістігін құру және осы Шенген келісімінің негізінде шетелдіктерге бірыңғай визаны енгізу;

- Еуропалық Одақ институттарының әртүрлі салаларда ортақ саясат жүргізуі: ЕО-ның ортақ аграрлық саясатын, бәсекелестік саясатын, көші-қон, көлік, экологиялық және т.б. саясаттарын жүргізу;

- Еуропалық одақ құқын – мүше-мемлекеттердің, заңды тұлғалардың және қарапайым азаматтардың қатысуымен қоғамдық қатынастардың маңызды салаларын реттейтін өзіндік құқық жүйесін қалыптастыру;

- тұрақты, құқықтық байланысы ретінде Одақтың азаматтық институтын құру.

Одақ азаматтарының негізгі құқықтық ережелері бекітілген жаңа кешенді дерек көзі – 2000 жылы қабылданған Еуропалық Одақтың негізгі құқықтар жөніндегі Хартия.

XXI ғ. басында Еуропалық одақ қайта құрулардың жаңа кезеңіне өтті, оның мақсаты – ұйымды тиімді қызмет ету жолын қалыптастыру және демократияландыра түсу. 2002 ж. «Одақтың болашағы жөнінде Конвент» шақырылды. 2004 ж. Конвент Еуропа Одағының Конституциясын жасады.

**Еуропалық Одақ Институттары** – Еуропалық Одақтың негізгі міндеттерін жүзеге асырушы құзырлы органдар. Еуропалық Одақ Институттары бір мезгілде Еуропалық қауымдастықтың әрқайсысының: Еуропалық қауымдастықтың, Еуропалық көмір және болат бірлестігі, Атом энергиясы бойынша Еуропалық Қауымдастық институттары ретінде де қызмет етеді. Осылайша, «Еуропалық Одақ институты» және «Еуропалық қауымдастық институты» ұғымдары синонимдер болып табылады. Еуропалық Одақ институттарына: Еуропалық Кеңес, Еуропалық Парламент, Еуропалық комиссия, Еуропалық Сот, Еуропалық санақ палатасы, Экономикалық және әлеуметтік комитет, Аймақтар комитеті, Еуропалық орталық банк, Еуропалық инвестициялық банк, Еуропалық одақ омбудсманы, Еуропол жатады.

**Еуропалық Одақ құқы** – [EU Law; European Union Law] – Еуропалық қауымдастық пен Еуропалық Одақ шеңберіндегі еуропалық ықпалдасудың дамуы негізінде пайда болған ерекше құқықтық феномен. Еуропалық одақ құқы халықаралық құқық пен мемлекетшілік құқықтың түйіскен жерінен пайда болған ерекше құқық тәртібі. Еуропалық одақ құқының автономдығы Еуропалық қауымдастықтар Сотының бірқатар шешімдерімен бекітілген. «Еуропалық Одақ құқы» ұғымы 1990-шы жылдардың басында Еуроодақтың пайда болуымен қатар қолданыла бастады.

**ЕҚЫҰ-да адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету.**

1994 жылы Еуропадағы Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымының құрамына барлық Еуропа мемлекеттерімен қатар Құрама Штаттар мен Канада мемлекеттері де мүшелікке енді. ЕҚЫҰ 1975 жылы 33 Еуропа мемлекеттері, соның ішінде Кеңес Одағы, оған қоса Құрама Штаттар мен Канада тарапынан қол қойылған Хельсинки Қорытынды Актісінен (ХҚА) кейін құрылды. Ол кезде тек

Албания қосылуға қарсы болды. «Қырғи қабақ соғыс» аяталысымен ЕҚЫҰ құрамы 50 мемлекетке дейін өсті, оның ішінде Албания мен бұрынғы Кеңес Одағының республикалары да кірді. ХҚА адам құқығы мен қауіпсіздік қамы арасында өте маңызды байланыс орнатуға арналған келіссөз процесін жүргізуді хабарлады [4].

Еуропа Қауіпсіздік пен Ынтымақтастық Ұйымының адам құқығын дамыту және қорғау саласындағы маңызды ролін ЕҚЫҰ процесі алатын болып танылған, Халықаралық Қорытынды Актінің 4 «кәрзеңкесіндегі» тексеру процесімен ішінара байланыстырылып түсіндіріледі. Ол Қорытынды актінің ережелерін жүзеге асыру, олардың өзара қарым-қатынастарын тереңдету, қауіпсіздікті жақсарту, Еуропада ынтымақтастықты нығайту және келешекте шиеленісті бәсеңдету процесін дамыту жөнінде егжей-тегжейлі пікір алмасуға жету мақсатында мерзімді үкіметаралық конференцияға қатысушы-мемлекеттерді оған шақырудан тұрды. Осы тексеру конференциялары адам құқығын сақтау мен қорғау міндеттемелерін тексеру үшін форум құру және бұл құқықтар тізімін кеңейту механизімін жасау іспеттес қос мақсатта қолданылды. Бұл келіссөз процесінің болуы ХҚА-ға бірінен кейін бірі болатын конференцияларда оларды кеңейтуге, жаңадан түсініктеме беруге және қайта қарауға жол ашты. Бұл жиындар, әрине, бірсыпыра мемлекеттердің өз адамдарының құқығы міндеттемелерге сай бола алмауына жұртшылықтың назарын аударуға да бағытталды. Бұл конференцияларда жоғарыда аталған нормативті даму өзара түсіністік арқылы қабылданатын «қорытынды құжат» деп аталатынның тарапынан жүзеге асырылды. Бұл құжаттар жаңа ЕҚЫҰ-ның міндеттемелерін жариялау немесе қолда бардың көлемі мен мазмұнын кеңейту, өзгерту, немесе түсініктеме беру үшін қолданылды. Біздің қазіргі ЕҚЫҰ-ның адам құқығы міндеттемелерінің ұлғайып жатқан тұлғасын дүниеге әкелген, серпіліс және шығамашылық процесс. Олардың табиғатын және дамуын түсіну үшін, адам құқығы мәселесі көтерілген, ЕҚЫҰ-ның әрбір тексеру конференциясының қорытынды құжатын қарап шығудың маңызы зор.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 *Қазақстан Республикасының Конституциясы. 30 тамыз 1995 ж. // <http://online.zakon.kz/>*
- 2 *Сабитова Ш.А., Ордабаева А.Б. Право человека на неприкосновенность частной жизни. // Вестник КазНПУ имени Абая, серия «Международная жизнь и политика», №1(48), 2017.*
- 3 *Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы Халықаралық Пакт, 1966 ж.*
- 4 *Азаматтық және саяси құқықтар туралы Халықаралық пакт, 1966 ж.*

УДК 341.2; 341.231.14  
МРНТИ 10.87.27

*A.A. Nurzhauova<sup>1</sup>, S.N. Sabikenov<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>the 1<sup>st</sup> year master's student of International Law of the  
Institute Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Scientific supervisor: d.l.s., professor, academician of the NAS RK*

**ACHIEVEMENTS AND OBJECTIVES IN PROMOTION OF GENDER EQUALITY  
AND EXPANSION OF OPPORTUNITIES FOR WOMEN IN KAZAKHSTAN**

*Abstract*

Kazakhstan has identified as a priority in foreign policy integration with the world community. In the Millennium Declaration of the United Nations (2000), which was signed by most of the world, the promotion of gender equality, empowerment of women identified as the main objectives of the development of humanity in the third millennium. Currently worldwide historically established domination of men over women is changing. In industrialized countries, and socially-oriented women have almost reached parity with men in matters of their rights and opportunities.

**Keywords:** gender equality, women's rights, women's issues, sustainable development

А.А. Нуржауова<sup>1</sup>, С.Н. Сабикенов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Каз ҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының  
халықаралық құқық кафедрасының 1-курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан

<sup>2</sup>Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, профессор

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІКТІ АЛҒА ЖЫЛЖЫТУ ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ МҮМКІНДІКТЕРІН КЕҢЕЙТУДЕГІ ЖЕТІСТІКТЕР МЕН МАҚСАТТАР

*Аңдатпа*

Қазақстан әлемдік қоғамдастықпен сыртқы саяси интеграцияда маңыздылығын анықтады. Әлемнің көпшілігі қол қойған Біріккен Ұлттар Ұйымының Мыңжылдық декларациясында (2000 ж.) Гендерлік теңдікті алға жылжыту, үшінші мыңжылдықта адамзат дамуының негізгі мақсаттары ретінде анықталған әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуде. Қазіргі уақытта бүкіл әлемде тарихи қалыптасқан әйелдердің үстінен үстемдік жүргізу өзгеруде. Өнеркәсіптік дамыған және әлеуметтік бағдарланған елдерде әйелдер өз құқықтары мен мүмкіндіктері мәселелерінде ерлермен теңестігіне қол жеткізуде.

**Түйін сөздер:** гендірлік теңдік, әйел құқықтары, әйел мәселелері, тұрақты даму

Нуржауова А.А.<sup>1</sup>, Сабикенов С.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>магистрант 1 курса кафедры международного права  
Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан

<sup>2</sup>Научный руководитель: д.ю.н., профессор, академик НАН РК

## ДОСТИЖЕНИЯ И ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ ОБЕСПЕЧЕНИЯ ГЕНДЕРНОГО РАВЕНСТВА И РАСШИРЕНИЯ ВОЗМОЖНОСТЕЙ ДЛЯ ЖЕНЩИН В КАЗАХСТАНЕ

*Аннотация*

Казахстан определил своим приоритетом в области внешней политики интеграцию с мировым сообществом. В Декларации тысячелетия Организации Объединенных Наций (2000 г.), которую подписало большинство стран мира, поощрение равенства мужчин и женщин, расширение прав и возможностей женщин определены в качестве основных целей развития человечества в третьем тысячелетии.

В настоящее время во всем мире исторически сложившееся доминирование мужчин над женщинами претерпевает изменения. В промышленно развитых и социально ориентированных странах женщины практически достигли равенства с мужчинами в вопросах своих прав и возможностей.

**Ключевые слова:** гендерное равенство, права женщин, проблемы женщин, устойчивое развитие

*“Gender equality is more than a goal in itself. It is a precondition for meeting the challenge of reducing poverty, promoting sustainable development and building good governance”.*

***Kofi Annan [Ghanaian diplomat]***

Over the last three decades governments, and national and international organizations as well as feminist movement activists have been placing gender equality issues in the focus of human development programmer at a number of the UN sessions and follow-up conferences. These have been aimed at reviewing fulfillment of commitments, including the Fourth World Conference on Women in 1995 and the International Conference on Financing for Development in 2002, as well as the recent Conference at the Highest Level on the World Financial and Economic Crisis and Its Impact on Development. These commitments assumed obligations to implement measures for the promotion of gender equality and women’s empowerment in such areas as education, health care and employment, as well as in such important areas as infant and maternal mortality. As Sabitova Ainur states in her article, “Women’s rights around the world is an important indicator to understand global well-being. A major global women’s rights treaty was ratified by the majority of the world’s nations a



few decades ago. Despite many successes in empowering women, numerous issues still exist in all areas of life, ranging from the cultural, political to the economic. For example, women often work more than men, yet are paid less; gender discrimination affects girls and women throughout their lifetime; and women and girls are often the ones that suffer the most poverty. Many may think that women's rights are only an issue in countries where religion is law, such as many Muslim countries" [1].

Kazakhstan has identified integration into the world community as its foreign policy priority. Promotion of gender equality and women's empowerment are defined as the third human development goal under the Millennium Declaration, which has been signed by practically all the countries in the world [2].

Over the years of its independence, Kazakhstan has made progress in the protection of rights and legitimate interests of men and women. In 1998, Kazakhstan joined the UN Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women. Kazakhstan has joined over 60 international human rights treaties. In 2003, the Gender Policy Concept was adopted in the Republic of Kazakhstan, based on which the Gender Equality Strategy of the Republic of Kazakhstan for 2006-2016 was developed as initiated by the President on the fourth Congress of Women on 7 September 2004 and later approved by Presidential Decree No.1677 dated 29 November 2005. Gender priorities and monitoring indicators specified in the strategy were developed based on MDG indicators and the 'UN Convention on the Elimination of All Forms of Discrimination against Women' (CEDAW) and aligned with the national objectives. The RoK's Laws 'Prevention of Domestic Violence' №214-4 dated 4 December 2009 and 'State Guarantees for Equal Rights and Opportunities for Men and Women' №223-IV dated 8 December 2009 have been adopted [3].

In 1995, despite the challenging transition period in the country's life, the Head of State established the Council on Family Affairs and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan. The purpose of the council was to support the family as an institution and to advance the rights of women and children. In 1998, it was reorganized into the National Commission on Family and Women's Affairs under the President of the Republic of Kazakhstan and acquired extended rights and authorities. In accordance with the Presidential Decree №56 dated 1 February 2006, 'The National Commission on Family and Gender Policy under the President of the RoK'; the Commission was established as an advisory authority under the President. In 2008, the Commission was renamed as the National Commission on Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan. Similar arrangements were set up under the Akims of regions, cities and districts. At present, there is no such similar reputable family and women's institutional set-up in the CIS countries. The world community has praised this move highly [4].

The statistical yearbook 'Women and Men in Kazakhstan' has been published to reflect gender relations in the country. At the legislative level, the Commission on Family and Gender Policy was established under the Social Council of the Nur Otan National Democratic Party Group in the Mazhilis of the Parliament to protect the interests of the family, women and children.

However, despite of the achievements in gender policies there is still a lot to be done in Kazakhstan to achieve true gender equality in the country. Thus, for example, women in high-level positions are represented noticeably less than men. There were only two female ministers among 19 ministers as of the beginning of 2010 (the Ministry of Labour and Social Protection and Ministry of Economic Development and Trade). The proportion of women in the Mazhilis of the Parliament comprised 18 percent. Women are less in demand than men in the labour market. Due to various reasons, female employment is more represented in informal economy, particularly amongst the self-employed population. The level of crimes against women remains high [5].

#### *References:*

1 Dr. A.Sabitova. *Women's Rights issues in Kazakhstan in its compliance with the modern international law standards // Bulletin KazNPU named after Abai, A series of «International Affairs and Politics», №1(44), 2016. – P.22-26.*

2 *Millennium Development Goals in Kazakhstan*  
(<http://kz.one.un.org/content/dam/kazakhstan/un/mdg/docs/Millennium%20Development%20Goals%20in%20Kazakhstan%202005.%20Overview.pdf>).

3 *Strategy for gender equality in the Republic of Kazakhstan for 2006-2016*  
([www.akorda.kz/upload/nac\\_komissiya\\_po\\_delam\\_zhenshin/5.2%20СГР%20англ.pdf](http://www.akorda.kz/upload/nac_komissiya_po_delam_zhenshin/5.2%20СГР%20англ.pdf))

4 *The Economic and Financial Crises in CEE and CIS. Contribution to the Fifteen-year review of the Implementation of the Beijing Platform for Action arranged by the UN Economic Commission for Europe. UNIFEM. – New York, 2009.*

5 [http://www.akorda.kz/www/wwww\\_akorda\\_kz](http://www.akorda.kz/www/wwww_akorda_kz).

УДК 341  
МРНТИ 10.87

Гальских Д.<sup>1</sup>, Сабитова Ш.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>студентка 3 курса специальности «Международное право» КазНПУ им. Абая

<sup>2</sup>Научный руководитель: д.ф.наук, ассоц. профессор КазНПУ им. Абая

## ГЕНДЕРНОЕ НЕРАВЕНСТВО В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ОБЩЕСТВА

*Аннотация*

В данной статье рассматривается актуальная на сегодняшний день тема гендерного неравенства в современном обществе. В статье раскрывается понятие гендерного неравенства, а также приведён индекс гендерного неравенства, основанный на статистических данных Казахстана и зарубежных стран.

**Ключевые слова:** гендерное неравенство, женщины, Казахстан, Индекс гендерного неравенства, зарубежные страны

Д.Гальских<sup>1</sup>, Ш.А. Сабитова<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті  
«Халықаралық құқық» мамандығының 3 курс студенті

<sup>2</sup>ф.ғ.д., халықаралық құқық кафедрасының қауымд. проф., [Sabitova.Shinara@mail.ru](mailto:Sabitova.Shinara@mail.ru)

## ҚАЗІРГІ ҚОҒАМ ДАМУЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК

*Аңдатпа*

Мақалада қазіргі қоғам дамуындағы өзекті мәселелердің бірі гендерлік теңсіздік мәселесі қарастырылған. Мақалада гендерлік теңсіздік түсінігіне тоқталып, Қазақстан мен шет елдердің статистикалық мәліметтеріне сүйенген гендерлік теңсіздік индексі көрсетілген.

**Түйін сөздер:** гендерлік теңсіздік, әйелдер, Қазақстан, гендерлік теңсіздік индексі, шет елдер

D.Galsky<sup>1</sup>, Sh.A. Sabitova<sup>2</sup>

<sup>1</sup>3-year student of the specialty "International Law" KazNPU named after Abay

<sup>2</sup>Ph.D., assoc. Professor of the Department of International Law  
KazNPU named after Abay, [Sabitova.Shinara@mail.ru](mailto:Sabitova.Shinara@mail.ru)

## GENDER INEQUALITY IN THE CONDITIONS OF DEVELOPMENT OF THE CONTEMPORARY SOCIETY

*Abstract*

In this article is examined theme of gender inequality in modern society. The concept of gender inequality opens up in the article, and also the index over of gender inequality, based on statistical data of Kazakhstan and foreign countries.

**Keywords:** Gender inequality, women, Kazakhstan, Index of gender inequality, foreign countries


Гендерное неравенство – актуальная проблема человечества. Впервые термин гендерное неравенство возник в 1980 году, благодаря появлению понятия гендер, как основы феминистской концепции (Джейн Скотт). Гендерное неравенство можно определить как одну из характеристик общественного устройства, согласно которой дифференцированные социальные группы (женщины и мужчины) обладают устойчивыми различиями, которые возникли из-за неравных возможностей в

обществе [1]. За 25 летний период независимости Республики Казахстан гендерное неравенство продвинулось вперед, однако несовершенство в равноправии мужчин и женщин, особенно в стране с патриархальным уклоном, требуют не малых усилий в его совершенствовании [2].

Начиная с 2006 года был создан количественный измеритель равноправия полов – Индекс гендерного неравенства (*Gender Gap Index*), где аналитики ВЭФ оценивают значения этого Индекса для большинства стран мира. В конце 2016 года был опубликован очередной доклад. Индекс учитывает разрыв между мужчинами и женщинами в экономической, политической и других сферах, а также тенденции его изменения во времени.

По данным исследования 2016 года, ни одна страна не достигла полного равноправия между мужчинами и женщинами.

Таблица-1. Глобальные подиндексы гендерного неравенства в четырех сферах



Наибольший прогресс наблюдается в сфере здоровья и образования, где гендерный разрыв преодолен на 96 и 95%. Гендерный разрыв в экономической сфере остается значительным – 59%, а в политической сфере подиндекс не преодолел и половины – 23% (табл.1). В целом, сводный Индекс гендерного неравенства составил в 2016 году 68%.

На протяжении всего времени существования Индекса гендерного неравенства мировой рейтинг всё ещё возглавляют: Швеция (81,5%), Норвегия (84,2%), Финляндия (84,5%) и Исландия (87,4%), последняя страна занимает первую строчку восемь лет подряд. В 2016 году в первую пятерку стран попала также африканская Руанда, из-за наименьшего в мире различия между женщинами и мужчинами в политической сфере. В Руанде 64% мест в парламенте занято женщинами – это самый высокий в мире показатель. В данном рейтинге Казахстан (71,8%) занял 51-е место из 144 стран мира. Наибольшим гендерным разрывом среди постсоветских стран характеризуется Армения (102 место в мире). Помимо низких значений подиндексов в экономической и политической сферах, Армения занимает предпоследнее место в мире (на последнем месте – Китай) согласно значению подиндекса здоровья, главным образом из-за нарушенного (в пользу мальчиков) соотношения полов при рождении [3].

В целом, существование неравенства между мужчинами и женщинами свидетельствует о недостаточной разработанности международно-правовых норм, направленных на борьбу против неравенства между женщинами и мужчинами, и их невысокой эффективности. Во многих государствах международного сообщества реализация международно-правовых и национальных норм в данном аспекте оставляет желать лучшего. Ведь законодательно они закреплены в основных законах национального права, а на практике не реализуются [4].

За годы независимости Казахстан добился значительных успехов в формировании общества с равными правами и равными возможностями. Были приняты два гендерно-ориентированных закона: «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин», «О профилактике бытового насилия». Помимо этого, в 2006 году Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев выступил на Первом Евразийском саммите женщин и отметил, что «В нашей стране имеются все предпосылки развития гендерного общества» [5].

В условиях развития современного общества гендерное неравенство является одной из главных проблем. Доподлинно известно, что существует определенная связь между уровнем равноправия полов и экономическими показателями разных стран. И для того, чтобы оставаться конкурентоспособными, страны должны рассматривать гендерное равенство как неотъемлемую часть развития их человеческого капитала.

Список использованной литературы:

- 1 Кейзик А.С. Гендерное неравенство на современном этапе развития общества. *Международный научный журнал «Символ науки»* №7/2015. – [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL : <https://go.mail.ru/search> (дата обращения: 15.03.2018).
- 2 Акмолдина Г.И. Гендерное равенство. – [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <https://www.zakon.kz/4907400-gendernoe-ravenstvo.html> (дата обращения: 15.03.2018).
- 3 *World Economic Forum – Индекс гендерного неравенства.* – [Электрон. ресурс]. – 2018. – URL: <http://reports.weforum.org/global-gender-gap-report-2016/> (дата обращения: 16.03.2018).
- 4 Сабитова А.А. *Международно-правовые проблемы защиты прав женщин // Вестник КазНПУ, серия «Международная жизнь и политика», №2(45), 2016. – С.14-16.*
- 5 Назарбаев Н.А. *Приветствие Президента Республики Казахстан на I Евразийском саммите женщин. // Казахстанская правда. 2006, 23 февраль.*

УДК 341.2  
МРНТИ10.87.27

Е.К. Илияс<sup>1</sup>, С.Н. Сабикенов<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Каз ҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының 1-курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан Республикасы

<sup>2</sup>Ғылыми жетекшісі: з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі, профессор

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІН ПАЙДАЛАНУДЫ РЕТТЕУДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### Аңдатпа

Қазіргі уақытта жаңадан пайда болған ішкі саяси және сыртқы саяси мәселелер экономикалық, демографиялық және әлеуметтік мәселелермен қатар бүкіл қазақстандық еңбек нарығына үлкен әсерін тигізуде. Сонымен бірге қазақстан нарығы ішкі және сыртқа саясатқа тікелей әсер етуімен қатар, экономика, демография және әлеуметтік үрдістерге де елеулі түрде ықпал етуде.

Ал бүгінгі таңда еңбек миграциясының мәселелеріне жете мұқият назар аударылмауда. Жалпыға танылған халықаралық құқық пен халықаралық шарттардың нормалары мен қағидалары Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Қазақстан заңнамасы қазақстандық азаматтармен тең дәрежеде шетел азаматтарының құқықтар мен міндеттерге ие болатындығына, пайдаланатындығына және ҚР еңбек заңнамасының жалпы талаптары оларға бірдей таралатындығына негізделген еңбек қатынастары аясындағы ұлттық режим қағидасын қолданудан туындап отыр. Мақалада шетел азаматтарының Қазақстан аумағындағы еңбегін пайдалануды құқықтық реттеудің өзекті мәселелері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** үрдісті заңнамалық реттеу, шетел азаматтары, еңбек нарығын қалыптастыру, иммигрант, Еңбек заңнамасы

Илияс Е.К.<sup>1</sup>, Сабикенов С.Н.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>магистрант 1 курса Института Сорбонна-Казахстан при КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Республика Казахстан

<sup>2</sup>Научный руководитель: д.ю.н., профессор, академик НАН РК

## ПРОБЛЕМЫ ПРАВОВОГО РЕГУЛИРОВАНИЯ ИСПОЛЬЗОВАНИЯ ТРУДА ИНОСТРАННЫХ ГРАЖДАН В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

### Аннотация

В настоящее время вновь возникшие внутриполитические и внешнеполитические проблемы наряду с экономическими, демографическими и социальными проблемами оказывают огромное влияние на весь рынок казахстанского труда. В то же время казахстанский рынок существенным

образом оказывает непосредственное воздействие как на внешнюю и внутреннюю политику, так и на экономику, демографические и социальные процессы.

В сегодняшний день на проблемы трудовой миграции не обращаются тщательного внимания. Общеизвестные принципы и нормы международного права и международных договоров являются составной частью правовой системы Республики Казахстан. По законодательству Казахстана иностранные граждане в равной степени имеют права и обязанности с гражданами Казахстана, на них распространяются национальный режим и общие требования трудового законодательства РК в рамках трудовых отношений, основанных на равноправии. В статье рассмотрены актуальные проблемы правового регулирования использования труда иностранных граждан на территории Казахстана.

**Ключевые слова:** тенденции законодательного регулирования, иностранных граждан, формирование рынка труда, иммигрант, трудовое законодательство

*Ye.K. Ilyas<sup>1</sup>, S.N. Sabikenov<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Student of 1 course of the master's degree of the Institute  
of Sorbonne-Kazakhstan at Abai KazNPU,  
Almaty, Kazakhstan*

*<sup>2</sup>Scientific supervisor: d.l.s., professor, academician of the NAS RK*

## **PROBLEMS OF LEGAL REGULATION OF USE OF WORK OF FOREIGN CITIZENS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

Now again arisen internal political and foreign policy problems along with economic, demographic and social problems exert huge impact on all market of the Kazakhstan work. At the same time the Kazakhstan market essentially makes direct impact both on foreign and domestic policy, and on economy, demographic and social processes.

In today on problems of labor migration don't address careful attention. The conventional principles and rules of international law and international treaties are a component of legal system of the Republic of Kazakhstan. By the legislation of Kazakhstan foreign citizens equally have the rights and duties with citizens of Kazakhstan, the national treatment and the general requirements of the labor legislation of RK within the labor relations based on equality extend to them. This article describes the current legal problems employment of foreign citizens of the Republic of Kazakhstan.

**Keywords:** tendencies of legislative regulation, foreign citizens, labor market formation, an immigrant, labor legislation

Қазіргі уақытта жаңадан пайда болған ішкі саяси және сыртқы саяси мәселелер экономикалық, демографиялық және әлеуметтік мәселелермен қатар бүкіл қазақстандық еңбек нарығына үлкен әсерін тигізуде. Сонымен бірге қазақстан нарығы ішкі және сыртқа саясатқа тікелей әсер етуімен қатар, экономика, демография және әлеуметтік үрдістерге де елеулі түрде ықпал етуде.

Осылайша қазақстандық еңбек нарығының мәселелерін, қалыптасқан ауыр дағдарыстан елдің шығуы мен әрі қарай әлеуметтік және экономикалық қарқынды дамуының негізі ретінде қарастыру қажет. Қазақстандық еңбек нарығы үшін үлкен мәселені соңғы уақыттарда бақыланып отырған заңсыз иммигранттардың толқыны құрап отыр. Заңсыз иммиграция ресми нарықты қыса отырып, жасырын еңбек нарығын айтарлықтай кеңейтуде. Бұл құбылыстың себебі Қазақстанның шетел мемлекеттерімен қарым-қатынастарының толыққанды реттелмеуінде, мемлекеттік айқын және тиімді миграциялық саясатының дұрыс орындалмай қалып жатуында және бұрын тәжірибеде бетпе-бет келіп көрмеген жаңа миграциялық жаңашылдықтардың пайда болуында жатыр.

Ал бүгінгі таңда еңбек миграциясының мәселелеріне жете мұқият назар аударылмауда. Академик С.Н. Сабикенов атап өткендей, «Өзіндік саяси-құқықтық дәстүрлерді есепке ала отырып адам құқықтары идеясы мен оның дамуын қабылдау ұлттық-құқықтық жүйе мен тиісінше құқықтық идеологиялардың жемісі болып табылады, бірақ сонымен қатар бұл жеке-дара жүйе ретіндегі халықаралық құқықтың да жетістігі» [1]. Жалпыға танылған халықаралық құқық пен халықаралық шарттардың нормалары мен қағидалары Қазақстан Республикасының құқықтық жүйесінің құрамдас

бөлігі болып табылады. Қазақстан заңнамасы қазақстандық азаматтармен тең дәрежеде шетел азаматтарының құқықтар мен міндеттерге ие болатындығына, пайдаланатындығына және ҚР еңбек заңнамасының жалпы талаптары оларға бірдей таралатындығына негізделген еңбек қатынастары аясындағы ұлттық режим қағидасын қолданудан туындап отыр.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған ҚР Конституциясының 12-бабында атап өтілгеніндей заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады [2]. Шетелдіктердің еңбек қатынастарының құқықтық жағын регламенттейтін негізгі құқықтық акті болып ҚР Еңбек Кодексі табылады. Оған сәйкес ҚР аумағында тұрып жатқан шетелдік тұлғалар мен азаматтығы жоқ тұлғаларға қатысты осы Кодексте белгіленген ерекшеліктерімен бірге, басқа да қазақстандық және халықаралық құқықтық актілердің ережелері қолданылады [3]. Сондықтан еңбек міндеттемелері аясындағы құқықтық қатынастар Еңбек Кодексіне қосымша «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 Заңымен, сондай-ақ азаматтардың белгілі бір санаттарына қатысты ҚР-сы шетел мемлекеттерімен жасасатын халықаралық шарттар мен келісімдермен реттеледі. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңының 6-бабы шетел азаматының еңбек қызметінің түсінігін қамтиды [4]. Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер еңбек қатынастарында Қазақстан Республикасының азаматтарымен бірдей құқықтарды пайдаланады және сол сияқты міндеткерлікте болады. Шетелдіктер жекелеген қызмет орындарына тағайындала алмайды немесе еңбек қызметінің белгілі бір түрімен ҚР азаматтары сияқты ортақ негізде ғана айналыса алады. Бұл ретте ҚР аумағында тұрып жатқан шетел азаматтарының құқықтық жағдайы мен құқық қабілеттілігі көлемінің азайтылуында маңызды рөл атқаратын ерекшеліктер бар. ҚР Еңбек Кодексінің 26-бабында атап көрсетілгеніндей шетел азаматы жұмысқа тұруға тек шетелдік жұмыс күшін тартуға тиісті рұқсаты болған жағдайда, ал жұмыс беруші мұндай жұмыскерлерді жұмысқа алу үшін тиісті мекеменің рұқсаты болған кезде ғана қабылдай алатындығы көрсетілген.

Шетел азаматтарын жынысына, жасына, түсіне, ұлтына, тілі мен дініне байланысты кемсітушілікке жол берілмейді. Басқа елдің заңнамасымен еңбек қызметіне қойылған шектеу Қазақстан заңнамасы бойынша танылмайды. Одан бөлек, шетелдік азаматтардың әлеуметтік қамсыздандырылуға, демалуға құқығы бар, оларға сонымен қатар әйелдер мен жасөспірімдердің еңбек өтіліне қатысты айрықша ережелер мен еңбек қорғау құқықтары таралады.

ҚР аумағында уақытша тұрып жатқан азаматтар еңбек қызметін өтеуді оларға уақытша тұруға рұқсат етілген аумақта ғана жүзеге асыра алады. ҚР Үкіметі аймақтық экономикалық байланыстарды ескере отырып «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңына сәйкес басқа аумақта да жұмыс істеуге рұқсат беруі мүмкін [4].

«Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы N 30 Заңына сәйкес кез келген жұмыскер өндірістегі жазатайым оқиғалардан міндетті әлеуметтік сақтандырылуға тиіс [5]. Әрі бұл заң шетелдіктердің немесе азаматтығы жоқ тұлғалардың ҚР-дағы құқықтық жағдайына байланысты шектеулерді қамтымайды.

Одан бөлек, шетел азаматтарына ҚР Еңбек Кодексінің 91-бабында көзделген еңбек шартында бекітілетін апталық жұмыс уақытының 40-сағаттан аспауы тиіс екендігі туралы ережесі де қолданылады. Шетелдік жеке және заңды тұлғалардың Қазақстанда заңды тұлғаларды құруын реттейтін «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2198 Заңы да шетелдіктермен еңбек қатынастарында еңбек заңнамасының талаптарына жүгінеді [6]. Миграциялық мәселелерді реттеудегі маңызды рөлді Қазақстан азаматтығын беру мен азаматтықты алу рәсімін оңайлатқан «Қазақстан Республикасының азаматтығы» туралы 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы алып отыр [7].

Елеулі аспектілердің бірі болып шетелдік жұмыскерлерге ҚР аумағына келіп ықтиярхатты алу күнінен бастап бес жыл бойы Қазақстан аумағында тұрақты тұру шарты сақталған жағдайда азаматтықты алу құқығы ұсынылатындығында жатыр (бұл ретте жыл сайын үш айлық мерзімде шетелге шығуына жол беріледі).

Мемлекеттік және экономикалық қауіпсіздік тұрғысынан Заң шығарушы белгілі бір қызметпен айналысу мен арнайы лауазымдар үшін шектеулер қарастырған. Одан бөлек аймақтық шектеуде көзделген. «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР Заңының 16-бабына сәйкес шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар тиісті рұқсат берілген аумақ шегінде ғана жүріп тұруға құқылы [4].

Жалпы алғанда осы Заңның қабылдануы Қазақстанға еңбек мигранттарын реттеуде оңтайлы туындады. Алайда, оның оңтайлы тұстарынан бөлек жағымсыз жақтарында атаған жөн, ең алдымен Осы заңның шетел азаматтарының құқықтық жағдайының негіздерін тұжырымдау тәсілін жатқызуға болады. Онда шетелдіктердің құқықтық жағдайы емес, олардың құқықтық шектері анықталған.

«Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV Заңы Қазақстанға білікті жұмыс тарту міндетін шешу күшін сапалы көші-қон бақылауын құрудағы алғашқы элементтердің бірі болды [8]. Ол бойынша біздің елімізге аса қажетті мамандардың ағымына әкімшілік кедергілерді алып тастауға мүмкіндік туындады. Соның арқасында Қазақстанға келген шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалардың тұруы жайындағы расталған ақпараттарды мемлекеттік билік органдарының алуына жол ашылды. Нәтижесі көрсеткеніндей көші-қон және демографиялық жағдайдың дүзелуі үшін жаңа мүмкіндіктер пайда болды.

Осы заң күшіне енген уақыттан бастап Қазақстанға келген шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалардың ресми тіркелім үлесі арта түсті. Бұл тіркеу рәсімінің оңайлатылуымен байланысты. Сонымен қатар көші-қон есебінің жаңа ережелерінің енуімен шетелдік қонақ үшін барлық жауапкершілік қабылдап алушы тарапқа жүктелді. Бұл ережелерге сай тіркеу үшін құжаттарды жеке-дара ПО-ның бөлімшелеріне беруге болады.

Сонымен біртегізде заңсыз мигранттарды тартқаны үшін жұмыс берушілер үшін айыппұлдар көбейтілген. Қазақстандағы заңсыз көші-қон мәселесі арқылы заңды көші-қон алаңының қазақстандық заңнамамен жасанды тартылтылғанын да айта кетуіміз қажет. Қазақстан аумағында жүрген мигрантқа заңнамамен көзделген ерекше жағдайлардан басқа елдің еңбек құқығы нормаларының тұтас көлемі таралуы керек.

Құқық қорғау органдарымен тәжірибеде жасалып жүрген фактілік басқа тәсілі (соңғы жылдардағы бақылау-тексеру іс-шараларының күшейтілуі) еңбек мигранттарының құқықтары мен бостандықтарының шектеліп жатқандығын білдіреді. Бұл жағдайлардың құқықтық алаңнан шығудың алғышарты болып табылатындығы айқын, сол арқылы заңсыз көші-қон легін қалыптастыруда. Заңсыз көші-қонмен күрестегі бағыт заңсыз мигранттарға емес, көші-қон және еңбек заңнамасын бұзып жүрген олардың жұмыс берушілеріне ауыстырылуы керек. Көші-қон тартымдылығын арттыру үшін Қазақстанға көші-қон заңнамасын әрі қарайда ырықтандыру керек. Реттелмеген көші-қонның алдын алу үшін ажырамас шарт ретінде үйлескен шекаралық инфраструктураның болуы, шекаралық бақылау, шекарадан өтудің үйлескен рәсімі табылады.

Соңғы кездердегі Украинадағы экономикалық және саяси жағдайларды негізге ала отырып, саяси баспана берілген тұлғалар мен босқындардың еңбек құқықтарына айрықша көңіл бөлінуде [9]. Мұндай тұлғалардың құқықтық қатынастары Қазақстан аумағында тұрақты түрде өмір сүріп жатқан шетелдіктермен теңестірілген. Оларға кейбір мамандықтар мен лауазымдар үшін шетелдік тұлғаларға қойылатын заңнамамен көзделген айрықша шектеулерден басқа ҚР азаматтарына ұсынылатын құқықтар беріледі. Мұндай санаттағы тұлғаларды жұмысқа қабылдаушы жұмыс беруші үшін арнайы рұқсаттың болуы талап етілмейді. Мемлекеттік органдар босқындарға жұмысқа орналасулары үшін көмек беруге, кәсіби даярлауға әрекеттестік көрсетуге міндетті. Жұмыс берушілерге қосымша жеңілдіктер ұсынылады. Қазақстанға еңбек күштерін экспорттаушы елдердің географиясы өзіне 50-ге жуық мемлекеттерді кіргізеді, бұл басқа елдердің Қазақстанның еңбек капиталы мен нарығына қызығушылықтарын көрсетіп отыр, алайда иммиграцияның айтарлықтай сандық көрсеткіштерін тек бірнеше мемлекеттер құрайды. Ол Қытай, Түркия және Үндістан. Қытай мен Үндістаннан құрылыс, өнеркәсіп, мұнай және тауар айналымы салаларына еңбек күштері ағылса, Түркиядан ағартушылық, білім және медицина салаларының мамандары жұмысқа тартылуда. Сонымен қатар Қазақстанға ағылатын еңбек миграциясының салалық бағыттылығы да бірдей емес. Шетелдік жұмыскерлер негізінен жергілікті кадрлардың жеткілікті мөлшері жоқ материалдық өндіріс салаларында, көп еңбекті қажет ететін кәсіпорындарға арналған ауыр еңбек жағдайларында, ауыр климат талаптарында жұмыс істейді. Мұнда кадрларға деген қажеттілік тіпті жұмыссыздық жағдайларында да орнықты және Қазақстанға ағылатын жаппай миграция үшін көпшілік келешегі бар.

Осылайша, Қазақстанның еңбек нарығына иммиграциялық қысым жұмсартылған, өйткені қысымның өсу қарқыны жұмыссыздық өсімінен төмен. Бұл қысым өмір сүруге қолайсыз аймақтарда одан да төмен. Тиісінше, шетелдік жұмыс күшінің қысымы Қазақстан Республикасының еңбек нарығындағы шиеленіске тікелей ықпалын тигізіп отырған жоқ. Көші-қон тартымдылығын арттыру үшін Қазақстанға көші-қон заңнамасын әрі қарайда ырықтандыру керек. Реттелмеген көші-қонның алдын алу үшін ажырамас шарт ретінде үйлескен шекаралық инфраструктураның болуы, шекаралық бақылау, шекарадан өтудің үйлескен рәсімі танылады.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 Сабикенов С.Н. – Вестник КазНПУ. Серия «Международная жизнь и политика». – 2017. – №2. – С.19.
- 2 Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз // <http://online.zakon.kz>. (2017.10.03. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 3 Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V ҚРЗ // <http://online.zakon.kz>. (2017.30.11. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 4 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы №2337 Заңы // <http://online.zakon.kz>. (2018.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 5 «Қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 7 ақпандағы №30 Заңы // <http://online.zakon.kz>. (2018.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 6 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 сәуірдегі №2198 Заңы // <http://online.zakon.kz>. (2018.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 7 Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы №1017-XII Заңы // <http://online.zakon.kz>. (2017.11.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 8 «Халықтың көші-қоны туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 22 шілдедегі №477-IV Заңы // <http://online.zakon.kz>. (2018.01.01. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен).
- 9 Бекяшев Д.К. *Международно-правовое регулирование вынужденной и трудовой миграции: монография / под редакци Д.К. Бекяшев, Д.В. Иванов.* – М.: Проспект, 2013. – 392 с.

УДК 32  
МРНТИ 11.01

К.С. Нұрғалым<sup>1</sup>, С.М. Абрешева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>саяси ғылымдардың кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Сорбонна-Қазақстан Институты, Халықаралық құқық кафедрасының доценті, [kadyr\\_n@mail.ru](mailto:kadyr_n@mail.ru)

<sup>2</sup>Абай атындағы Каз ҰПУ, Сорбонна-Қазақстан институтының аға оқытушысы, Алматы қ., Қазақстан

## «АЛАШ» ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ САЯСИ ОЙ-ПІКІРЛЕРІНІҢ ҚОҒАМ ДАМУЫНДАҒЫ РӨЛІ

### *Аңдатпа*

Мақалада Ресейдің отарлау саясаты сияқты күрделі де ауыр жағдайдағы саяси тарих сахнасына дәстүрлі тәлім-тәрбие алған бір топ зиялы азаматтардың қоғам дамуындағы ой пікірлері қарастырылады. «Қазақстан», «Қазақ» газеттері «Айқап» журналы арқылы қазақ зиялылары патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкереледі, халықты оқу-білімге, мәдениетке, қол-өнерге, отырықшылыққа шақырды, әйелдер теңдігін насихаттады, отырықшылыққа шақырды. Халықты бір ту астына біріктіруді өздерінің патриоттық борышы ретінде танытты.

**Түйін сөздер:** Алаш қозғалысы, мәдениет, саясат



*Нургалым К.С.<sup>1</sup>, Абрешева С.М.<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>к.полит.н., доцент кафедры международного права Института  
«Сорбонна-Казахстан», КазНПУ им. Абая, [kadyr\\_n@mail.ru](mailto:kadyr_n@mail.ru)*

*<sup>2</sup>старший преподаватель Института Сорбонна-Казахстан, КазНПУ им. Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **РОЛЬ ПОЛИТИЧЕСКИХ МЫСЛЕЙ АЛАШОРДИНЦЕВ В РАЗВИТИИ ОБЩЕСТВА**

*Аннотация*

В статье рассматриваются взгляды казахской интеллигенции на различные проблемы истории колониальной политики. В условиях колониального положения газеты «Казахстан», «Казах» имели свой авторитет среди читателей. Следует отметить, что первый казахский общественно-политический журнал «Айкап» выступал как союзник и полемист вышеуказанных газет. Благодаря такой прессе была открыта новая страница в истории казахской интеллигенции, где пропагандировали казахскую культуру, образование, равенство женщин.

**Ключевые слова:** движение Алаш, культура, политика

*K.S. Nurgalym<sup>1</sup>, S.M. Abresheva<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>associate professor of International Law, Abay KazNPU,  
candidate of political sciences, [kadyr\\_n@mail.ru](mailto:kadyr_n@mail.ru)*

*<sup>2</sup>senior teacher, Institute of Sorbonne-Kazakhstan at KazNPU named after Abay,  
Almaty, Kazakhstan*

## **REVIEWS OF POLITICAL THOUGHT IN THE DEVELOPMENT OF SOCIETY THE ROLE OF THE FIGURES OF "ALASH"**

*Abstract*

The article deals with the views of Kazakh intellectuals on various problems of the history of colonial policy. In terms of the colonial condition newspaper "Kazakhstan", kazakh people had a kind of allies and at the same time polemicist in the face of the first Kazakh political magazine "Aikap" having opened a new page in the history of the kazakh intelligency which promoted the equality of women.

**Keywords:** Alach of motion, culture, political

Еуропалық білім ордаларынан сусындаған қазақ зиялылары барлық мүмкіндікті пайдалана отырып, дінді, саясат пен ағартушылыққа бастайтын ең өзекті, көкейкесті мәселе деп анықтаған. Әдебиетте «жадидизм» деп аталған бұл ағым туралы академик С.З. Зиманов пен Қ.З. Ыдырысов былай деп жазады: «Джадидизм, возникший в конце XIX век, носил буржуазно-реформаторский характер.., главными задачами джадидов были органические влияния ортодоксальный мусульманской религии на советскую жизнь, реформа школьного образования, широкая пропаганда и стремление приобщить мусульманские народы к европейской культуре. В истории джадидизма прослеживается два этапа: просветительский, объединительный и политико-реформаторский. Под влиянием революции 1906-1907 гг. произошло размежевание среди его сторонников. Стали выделяться прогрессивные представители национальной интеллигенции. Свою просветительскую деятельность они связывали с отношением к политической системе» [1].

Әлеуметтік-саяси белсенділіктің күшеюіне әсер еткен тағы бір жайт – капитализмнің дамуымен жұмысшы қозғалысының жандануы еді. Ресей патшалығының отары ретіндегі Қазақстанда негізінен өнеркәсіптің екі саласы, яғни тау-кен өндірісі мен кен-зауыт өнеркәсібі сондай-ақ, ауыл шаруашылығы, оның ішінде мал өнімдерін ұқсату жөніндегі өнеркәсіп жатқызылды. Әсіресе, тау-кен өнеркәсібі түсті металдар мен темірдің бай кен орындарын пайдаланып жатқан Алтай мен Орталық Қазақстанда өркендеді. Бірақ 20 ғасыр басында мыс, алтын, темір және басқа қазба байлықтарын

шығаратын еліміздің тау-кен кәсіпорындары, негізінен, шетелдік акционерлік қоғамдардың қолына көшті. Мысалы, 1904 жылы Лондонда пайда болған Спасск мыс кендерінің ағылшын-француз акционерлік қоғамы Спасск-Успенск мыс кені мен заводын, Саран-Қарағанды тас көмір кенін және рудниктерін түгелдей сатып алып, пайдаланды.

Осындай себептерге байланысты, Қазақстанның кен өнеркәсібі бұл кезеңде жергілікті капитал негізінде өсіп шыққан жоқ. Оны сырттан келген Ресей және шетел капиталы жасады. Оның өнімі түгелдей дерлік өлкеден тыс жерлерге әкетілді, ал пайда өткен ғасырдың басынан бастап шетелге кетіп жатты. Осының бәрі – кен өнеркәсібінің Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өсуіне ықпалын күрт кемуі саяси әлеуметтік мәселелерді күрделендірді.

Соған қарамастан, әлеуметтік тұрғыдан өлкенің өнеркәсіп жұмысшыларының жағдайы Ресейдің өнеркәсібі дамыған аудандарымен салыстырғанда әлдеқайда ауыр еді. Оған кәсіпорын қожайындарының өктемдігімен белгіленген жұмыс күнінің ұзақтығы себеп болды. Мысалы, Ембінің мұнай кәсіпорындарында 12 сағатқа дейін, алтын өндірілетін кен орындарда 10-12 сағат, тұз өндірілетін кәсіпшіліктерде 14-16 сағатқа дейін созылды. Міне, осындай әлеуметтік теңсіздіктердің басымдылығын көрген және кәсіп иелерінің өздеріне алалаушылық жасап, құқықтарынан айыру шараларын басынан өткізген қазақ жұмысшылары ерекше ауыр жағдайда болды. Осының бәрі күрделеніп келіп, қазақ жұмысшыларын өздерінің әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайларын жақсарту мақсатындағы, саяси күреске дайындала бастағаны байқалады.

Омбы қаласында кейінгі кезде баспаханалар тоналғандығы айтылады, дворян А.Иванованың Сібір баспаханасы тоналғаны жөнінде полиция өкілінің мәлімдемесі де ұрланған заттар мен үн парақтар шығаруға болатыны айтылған [2]. Патша үкіметіне қарсы саяси іс-әрекетіне байланысты Семейдің түрмесінде – 100 адам, Павлодар түрмесінде – 50 адам отырғандығын, олардың санының көбеюіне байланысты, түрме қызметкерлерінің ақшасын көбейтуді сұрап, түрме бастығы Дала гене-рал-губернаторына өтініш білдірген [3]. Омбы түрмесінде де саяси күдікпен қамалған адамдардың саны артқан, ісі қаралып жатқан адамдар – 190, жер аударылып келгендер – 55, саяси тұтқындар – 5, аз уақытқа қамалғандар – 72 [4].

Ресейдегі төңкерістік қозғалыстарға қатысқандары үшін саяси жер аударылғандар, Польшадағы азаттық қозғалысының өкілдері, халықшылдар мен социал-демократтар Сібірге, Қазақстанның солтүстік-шығыс өңірлеріне сотталып келді. Қазақстанға келгендер арасында А.Леонтьев, Б.Гуревич, А.А. Богомолец, И.А. Рафаилов жоғары білімді, халықшыл-демократтар бар болатын. «Халықтар түрмесі» атанған қазақ жерінде қимылы полиция тарапынан жіті бақыланғанымен олар саяси-қоғамдық жұмыстарын тоқтатпай, жер аударылған Семей, Ақмола, Верный қалаларында, Орынборда астыртын ұйымдар құрды. Олар жергілікті халықтың тарихын, әдет-ғұрпын зерттеп, ағартушылық қызметпен айналысты. Демократиялық бағыттағы үгіт-насихат жүргізіп, саяси сананың дамуына қоғамды модернизациялауға үлестерін қосты.

Жалпы Қазақстан еңбекшілерінің саяси оянуына, өлкедегі отаршылдық езгіге, әлеуметтік теңсіздік пен қанаудың басқа да түрлеріне қарсы ұлт-азаттық, жұмысшылар мен шаруалардың бостандығы жолындағы қозғалыстардың ерекше серпін алуына, әрине, патшалық Ресейдегі 1905-07 жылдарда өткен тұңғыш буржуазиялық-демократиялық революцияның ықпалы зор болды. Біріншіден, өлкенің экономикалық және саяси дамуы дәрежесінің салдарынан жұмысшы қозғалысы өрістеді. Екіншіден, оған өнеркәсіп пен қала жұмысшылары қатысты. Үшіншіден, аграрлық қозғалыстар, негізінен, қазақ ауылдарының, қоныс аударған деревнялардың, еңбеккерлер топтарының іс-әрекеттерінен көрінді. Төртіншіден, ұлт зиялылары қоғамдық-саяси жұмысқа белсене араласып, ұлт-азаттық қозғалысты жаңа сатыға көтерді.

Ресей империясындағы 1905 жылғы қалыптасқан саяси ахуал қазақ халқының азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді. 1905 ж. саяси оқиғалар туралы алғашқы хабарлар қазақ даласына жетісімен, Ә.Бөкейханов атап көрсеткендей, "бүкіл дала саясат аясына тартылып, азаттық үшін қозғалыс тасқыны құрсауына енді". Сол кезеңдегі әкімшілік орындарына түскен мәліметтердің бірінде: "Патша үкімдерінің жариялануынан бері қарай қырғыз жұрты мерзімді басылымдарға қызығушылықпен зер сала бастады. Сауаты барларының көпшілігі – астаналық газеттерді жаздырып алуда. Қырғыздар арасында бұрын-соңды болмаған құбылыстар байқалуда" – делінген. Қазақ даласында байқалған мұндай құбылыстардың бірі – өлкенің барлық елді-мекендерінде қазақтардың үлкенді-кішілі жиылыстарының өткізіле бастауы еді. Мұндай жиылыстарда қазақ жұртының көкейтесті мұқтаждықтары талқыланып, ол жөнінде орталық үкімет орындарына тапсыруға петициялар әзірленді. Осылайша, қазақ даласындағы саяси күрес патшаға, орталық билікке

петиция жазып тапсыру түрінде көрініс ала бастады. Қазақтардың орталық билік орындарына тапсырған петицияларында жерді тартып алуға, салықтың ауырлығына, төменгі басқару органдары мен патша чиновниктерінің тарапынан озбырлық, қиянат, қоқан-лоққы жасалуына наразылық білдірілді. Сонымен бірге өздерінің діни істерін Орынбор муфтилігіне қарату, қазақ арасында оқу-ағарту ісін ретке келтіру және өлкеге земство енгізу сұралды.

Ресейдің мұндай отаршылдық саясатына шыдамаған өткен ғасырдың басындағы қазақ зиялылары оған қарсы күреске шықты. «Көзінді аш, Оян қазақ, көтер басты, өткізбей қараңғыда бекер жасты» елім, жерім деп арыстандай айбаттанып үн қатқан, «Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны, маған ауыр осылардың бәрінен, өз ауылымның иттері үріп, қапқаны» – деп, елі үшін еңіреп өткен Алаш зиялылары Бұқар жырау мен Ақтамбердіден, Дулат пен Шортанбайдан, Махамбет пен Абайдан нәр алды.

1907 жылы наурыздың 27-де Петербургте Шаһмардан Қосшығұлов пен Абдрашид Ибрагимовтардың басшылығымен қазақша тұңғыш бейресми «Серке» газетінің бірінші және соңғы саны шықты. Онда М.Дулатовтың «Жастарға» деген өлеңі мен «Біздің мақсатымыз» – деген мақаласы жарияланды.

Кейінірек бұл кезеңде «Қазақстан», «Қазақ» газеттері «Айқап» журналы және т.б. басылымдар дүниеге келді. Солар арқылы қазақ зиялылары патша үкіметінің отаршылдық саясатын әшкереледі, халықты оқу-білімге, мәдениетке, қолөнерге, отырықшылыққа шақырды, әйелдер теңдігін насихаттады. Мысалы, «Қазақ» газетінің бірінші санында редактор А.Байтұрсыновтың бағдарламалық мақаласында бұл газеттің мақсаты – бұқара халықтың мүддесін қорғау, қазақтар арасында ғылым мен мәдениеттің тарауына ықпал жасау, басқа халықтардың өмірі мен жетістіктері жөнінде хабардар ету. Бұл үшін үкіметтің шығарған заң, жарлықтары және басқа нұсқау құжаттарын халыққа түсіндіру. Мемлекеттік дума мен Мемлекеттік кеңес жұмысы туралы мағұлматтар беру өзімізде және шетелдерде болып жатқан жаңалықтармен таныстыру; қазақтардың өткені мен болашағын баяндау; сауда, күнделікті жұмыс, тұрмыс, егін шаруашылығы мен мал шарушылығы жөнінде кеңестер беру; мектеп пен медреселердің ісіне бағыт-бағдар беріп, ағартушылық, өнердің, тіл және әдебиеттің дамуына көмек жасау, денсаулық және мал дәрігерлік істерді насихаттау керек деп білген. Бұдан біз «Қазақ» газетінің жалпы халықтық саяси мүдделерді қозғағанын айқын байқаймыз.

Осыған орай кейбір ғалымдардың айтуы бойынша бірқатар шешілетін мәселелердің тәртібі: демократияландыру – халықтың әлеуметтік қолдаушысы, әсіресе, кедейшілікке ұшыраған халықтың қолдаушысы – экономикалық реформа болғанда, анағұрлым ұтымды стратегия болып есептеледі. Өздерінің экономикалық жағдайларына қанағаттанбайтын халықтың негізгі тобы кез келген саяси режимге қарсы өздерінің әртүрлі қоқан-лоққы әрекеттері арқылы оларға қолдау көрсетпейді [5].

Осындай күрделі де ауыр жағдайда саяси тарих сахнасына дәстүрлі тәлім-тәрбие алған бір топ зиялы азаматтар шықты. Ол аз ғана топтың басында Әлихан Бөкейхан бастаған Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Жақып Ақбаев, Халел Досмұхамедов сынды зиялылар тұрды.

Отаршыл өкімет орындары саяси аренаға қазақ халқының алдыңғы қатарлы өкілдерінің шығуы халықтың ояну белгісі болатынын айқын да ашық түсінді. Сондықтан олар өз қарсыластарының қызметін өрістетуге мүмкіндік бермеу үшін қажетті тәсілдердің бәрін пайдаланып, оларға қарсы жазалау шараларының қандайын болса да қолданудан тайынбады. Қазақ халқын жер бетінен жоюдың амал-тәсілдерін жасап бақты. Жазушы Ә.Әлімжанов былай деп жазады: «За правдивые слова казнили, бросали в шахты, свинцовые рудники, как непокорных сыновей России, которых привозили в Казахстан, слово казах должно было исчезнуть со страниц истории...» [6].

Патшалық империяның отаршылдық саясаты дала өлкесінің бар саласында үстемдік алып, «басынан ерік», «қолынан билік» кетіп, жерінен күштеп айырылған туған халқының тұрмысына байланысты, саяси-әлеуметтік мәселелерден көкірегі ояу қайраткерлердің оқшауланып қала алмайтыны әрине заңды құбылыс. Біздің ойымызға М.Дулатовтың мына сөздері дәлел бола алады: «Ол жылдардағы қазақ халқының қараңғылығы мен надандығын айтып жеткізу қиын. Қазақ бұқарасы губернаторлар мен уезд бастықтарын айтпағанда, ең төменгі урядниктің алдында діріл қағып, адам төзгісіз қорлыққа шыдады, оның бұл халге жетуіне өз арасынан шыққан надан тілмаш-чиновниктер, болыс басқарушылар және басқалары өз үлестерін қосты; ауыр салық, зорлық, парақорлық, өсек тасу, үйреншікті көрініске айналды, құнарлы шұрайлы жерлер ешқандай да есепсіз қоныс аударушыларға алынып берілді, ал қазақтар болса, шөлге ығыстырылды. Алым-салық ауыртпалығы кедей-кепшікке түсті, оны төлеуде жүздеген бас айдаған бай мен бес бас малы бар кедей теңгерілді. Қазақ елі, міне осындай түнекте ғұмыр кешті. Осының бәрін көре тұрып, өзімнің азын-аулақ біліміме қарамастан, қолымдағы барыммен ар-намысы аяқасты болған сорлы халқыма көмектесуді өз борышым – деп санадым» [7].

Патша чиновниктері қазақ интеллигенция өкілдерінің дүниежүзілік мәдениетін қазыналарына тартылуына ықыласты болмады, олар мұны Ресей мемлекетіне қатер төндіреді деп білді. Патша үкіметінің орталығы Қазақстан жөніндегі нысаналы, алысты көздейтін саясаты осы болатын. Ресей Білім министрілігінің құпия нұсқауларының бірінде тура былай делінген: «орыс державасының шет аймақтарында білім беру дегеніміз – өзінше бір рухани соғыс, ал соғысушы жақ өз жоспарларын ешқашан жария етпейді» [8].

Елдегі 1905 жылғы революция, столыпиннің аграрлық реформасы, 1916 жылғы Ұлт-азаттық қозғалысы т.б. өзгерулерден ғасырдың басында өмір сүрген қоғам қайраткерлерінің қалыс қалуы мүмкін емес еді. Қиын-қыстау кезеңнен, басқа түскен ауырпашылықтан шығудың бірден-бір жолы – халықтың сана-сезімін ояту, оқыту, өнер-білімге баулу деп түсінді. М.Базарбаев пен С.Аққұлұлы былай деп жазады: «Ұлттық дәстүрге сай тәлім-тәрбие алған қазақ зиялылары Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ж.Ақбаев, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов бастаған тобы... саяси ұстамдылық танытып, патша үкіметіне сақтана қарады және құдіретті Ресей империясына қарсы ашық күрестің әлі ерте екендігін анық түсінді. Сондықтан, ең алдымен, халықтың сана-сезімін оятатын барлық жағдайды жасау керек деп білді, сол мақсатта күш-қуаттарын аямады», – деп жазды [9].

«Алаш» қозғалысының қайраткерлері елдің экономикалық саяси, мәдени дамуын қазақ халқының санасын оятуды, оқыту арқылы ғана шешу қажеттілігін дәлелдеді. Бұл жайында Ахмет Байтұрсынов «Қазақша оқу жайынан» атты мақаласында былай деп жазады: «Әуелі бізге елді түзеуді бала оқыту ісін түзеуден бастау керек, неге десек, болыстық та, билік те, халық та – оқумен түзеледі» [10].

Қоғам қайраткерлерінің ең басты, ізгі мақсаттары – халқына қызмет ету болды. Бұл мәселе М.Дулатовтың 1929 жылы Бутырск түрмесінен жазған хатынан байқалады. «Мен өзімнің құлдыққа түсіріліп, езгіге салынған бейшара халқымның осы құлдық жағдайдан шығуына көмектесуді өз борышым деп санадым... Саяси саладағы оқиғаларды дер кезінде болжай алмадым деп санаймын, ал қазір Кеңес өкіметіне қарсы күрес деп отырғанның бәрі – менің қазақ ұлтын дербес, тәуелсіз, бақытты жағдайда көргім келген тілегім ғана» [11].

Қазақ қайраткерлерінің бірі – Халел Досмұхамедов те саяси партиялардың бағыт-бағдарымен студент кезінде-ақ таныса бастаған. Ол ОГПУ тергеушісіне 1931 жылы берген түсініктемесінде: «Мен Петербургке бірінші орыс революциясы қарсаңында келдім. Бұл кезде демократиялық күштер, оның ішінде студенттер қауымы жиі-жиі наразылық білдіріп жататын. Қым қиғаш студенттік өмірге араласумен қатар саяси білімімді жетілдіруге кірістім. Осындай алмағайып, ұрымтал жағдайда «Алаш» басшылары Ресейдің демократиялық жұртшылығына жазалаушылардың айуандық әрекеттерін ашып жеткізе білді. ІҮ Мемлекеттік Дума өз жұмысын бастар кезде Ә.Бөкейханов осы мәселе бойынша арнайы Петроградқа барып, депутаттарға сұрау жасады. Сонымен қатар, ол Зайсан уезінде казактар мен полиция бөлімдерінің қанқұйлы жазалау шаралары туралы хатты Мемлекеттік Думадағы мұсылман жігінің (фракциясының) мүшесі, бұрынғы танысы Жапаровқа тапсырып, ол соның тілегі бойынша Думада оқып шықты. Соған байланысты Мемлекеттік Дума еңбекшілер фракциясының жетекшісі А.Ф. Керенскийді Түркістан өлкесіне сол жердегі жағдаймен жақсылап танысу үшін жіберді.

Ол өртенген ауыл, тоналған жұртты көрді, әкімшілік органдарының қызметкерлерімен кездесіп, жергілікті халықпен әңгімелесті. Сөйтіп жағдайға әбден қанық болып қайтқан соң, 1916 жылдың 13 желтоқсанында Думаның жабық мәжілісінде сөз сөйледі. Онда ол қатысып отырған үкімет басшыларын қолымен нұсқап; «міне, мыналар гүлденген өлкені күйретіп, жергілікті халықты аштыққа қамады. Түркістан маған кейбір кезде соғыс майданынан да қорқынышты үрей тудырды», деді. Ресейдің болашақ премьер-министрі бұл сөздерді бекер айтпаған еді. Себебі мұнда ол қаңырап қалған ауылдарды, жазықсыз қырылған адамдарды өз көзімен көрді. Мәселенің бұлай жария болуына жоғарыда айтылғандай, «Алаш» азаматтарының еңбегі жүргізілген жазалау, халықтың қуғын-сүргінге түсуі олардың дұрыс қауіптенгендігін дәлелдейді.

Сондықтан «Алаш» басшылары көтерілісшілерге болсын, әскери-тыл жұмысына алынған азаматтарға болсын сатқындық жасаған жоқ. Олар халқының амандығын ойлады. Егер ұлттық интеллигенцияның радикалды тобы – Қазақстанның болашағын революциялық қарулы күреспен байланыстырса, «Алаш партиясы» көсемдері оны біртіндеп дамуын, бейбіт реформа жолымен байланыстырды. Екеуінің де мақсаты – елімізде тәуелсіз ұлттық мемлекет орнату еді. Бірақ таңдаған жолдары әртүрлі болды, мақсаттарына жетудің жолы, саяси сананы оята отырып, саяси әлеуеттендіру. Осындай саяси тәсілдер мен әдістерді пайдалану партиялардың шығындарын тиімді жұмсау, көпшілік сана-сезіміне әсер етудің кәсіби деңгейіне жеткізеді [12].

Сол кезде қазақстанда құрылып жатқан, Түркістан және Сібір автономиясына байланысты пікірлер әртүрлі болды. Ә.Бөкейханов «Қазақта» жарияланған мақаласында былай деп жазды. «Түркістан өз алды автономия болар. Біздің қазақтың Түркістанға қосылғаны оң деген пікір де бар. Біз Түркістанмен діндес, туысқанбыз. Автономия болу – өз алды мемлекет болу. Мемлекет болып іс атқару оңай емес. Біздің қазақ іс атқаратын азаматқа жұтап отырған болса, біздің жалпы қазақ қараңғы болса, Түркістан халқының қараңғылығы хәм шебер адамның жоқтығы бізден он есе артық. Қазақ Түркістанмен бір автономия болса, автономия арбасына түйе мен есекті пар жеккен болады. Бұл арбаға мініп, біз қайда барамыз» [13], деп өз ойын білдіре отырып, қазақтар тұратын аймақтарды біріктіретін, жалпы ұлттық мүддесін білдіретін автономия құру идеясы, қазақ жастарының саяси көзқарасын өзгертеді деп үміттенемін.

Қорыта айтқанда, Ресей империясының Қазақстанда жүргізген отарлық заңдарының бәрі – қазақ халқының экономикалық, саяси, рухани, аумақтық тұрғыдағы бірлігін бұзуға бағытталды. Отарлық заңдар қазақ халқы өкілдерін болыстық көлемнен жоғары билікке жібермеді. Азаттықты аңсаған қазақ халқы саяси күрестің жалынына шарпылды. Оның қуаты – Мемлекеттік Думаға да жетті. Ұлт-азаттық қозғалыс жетекшілері Ресейдің I және II Мемлекеттік Думасы мінбесінен: қазақ халқына саяси бостандық беру, қазақ жерін тартып алуды тоқтату туралы талап-тілектерін айтып саяси оң өзгерістер жасауды талап етті. Бір сөзбен айтқанда, өтпелі дәуірдегі саяси ойдың дамуы, қоғамға әсер етіп өткен кезеңнің белгілерін сақтайды, сонымен бірге орасан зор модернизациялық қызметті жүзеге асырады. Қоғамның саяси жүйесін модернизациялау өткен ғасырдың басында да жүзеге асқан, соған сай қазақтың саяси элитасы мен саяси процесс көшбасшылары халықтың саяси сана-сезімін ояту жолында көптеген істерді жүзеге асырды. Қалыптасқан саяси ахуал қазақ халқының азаттық қозғалысының жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді.

*Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:*

- 1 ҚОММ, 64-қор, I-тізбе, 5977-іс, 20-п.
- 2 ҚОММ, 64-қор, I-тізбе, 5977-іс, 20-п.
- 3 Сәрсенбаева Ж.Ф. Қазақстан Республикасының билік жүйесін демократияландыру саясаты: с.ғ.к. ... автореф. – Алматы, 2007. – 11 б.
- 4 Нысанбаев Ә.Н. Қазақстан. Демократия. Рухани жаңару: Қазақстан. Демократия. Духовное обновление. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1999. – 419 б.
- 5 Әбсаттаров Р.Б. Саяси оппозиция: мазмұны және анықтамасы // Хабаршы «Әлуметтану және саяси ғылымдар». – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2012. – №1(37). – Б.61-62.
- 6 Әлімжанов А. Дороги людей – дороги человека: воспоминание МустафЫ Шокая. – Алматы: Санат, 1991. – 31 с.
- 7 Дулатов М. Шығармалары. – Алматы: Білім, 1999. – 45 б.
- 8 Мырзахметов М. Патриалық Россияның ұлт аймақтарындағы саясаты. – Қазақ әдебиеті, 1990, 5 шілде. – Б.5-6.
- 9 Бөкейхан Ә. Таңдамалы. – Алматы: Ғылым, 1995. – 39 б.
- 10 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 433 б.
- 11 Дулатов М. Ұрпаққа хат // Дала дидары, 1991, 8 мамыр. – 3 б.
- 12 Дәрбетханұлы Т. Саяси партиялардың құрылымдық жүйесін жетілдірудегі имидждік технологияның ерекшелігі. // Хабаршы «Әлуметтану және саяси ғылымдар». – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2003. – №2. – Б.17-18.
- 13 Нұрғалым К.С. Алаш ұлттық идеяның арқауы // Хабаршы «Әлуметтану және саяси ғылымдар». – Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ, 2008. – №4(24). – Б.78-80.

УДК:81:001.83(100)  
МНРТИ 16.01.17

Сабитова Ш.А.<sup>1</sup>

<sup>1</sup>доктор филологических наук, ассоц. профессор КазНПУ им. Абая

## ЗАГОЛОВКИ СВЕТСКОГО ГАЗЕТНОГО ДИСКУРСА РК

*Аннотация*

Статья посвящена проблеме изучения языковых особенностей газетного дискурса (текста) суверенного Казахстана. С обретением независимости Республики Казахстан улучшилась интенсивность развития средств массовой информации, потому изучение газетного текста является актуальным в лингвистике. Фрагменты мирозерцания, запечатленные в казахстанском светском газетном дискурсе, носят универсальный характер и актуализируют значимость статуса граждан, населяющих Республику Казахстан, как единого народа Казахстана. С позиций достижений современной лингвистической науки газетный текст эффективнее подвергать анализу с учетом фоновых знаний поставляющего и получающего информацию, иными словами, с учетом пресуппозиции и дискурсной деятельности героев повествования. Особенно это значимо для светских хроник. В этом контексте актуализируется внимание на анализе светского дискурса.

**Ключевые слова:** Республика Казахстан, СМИ, дискурс, газетный текст

Ш.А. Сабитова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>халықаралық құқық кафедрасының ассоц. проф., ф.ғ.д., [Sabitova.Shinara@mail.ru](mailto:Sabitova.Shinara@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАЙЫРЛЫ ГАЗЕТІНІҢ ДИСКУРСІНІҢ ТАҚЫРЫБЫ

*Аңдатпа*

Мақала егеменді Қазақстанның газеттік дискурсының (мәтінінің) тілдік ерекшеліктерін зерттеу мәселелеріне арналған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері бұқаралық ақпарат құралдарының даму барысы жақсарды, сондықтан газеттік мәтіндерді зерттеу лингвистикада маңызды болып табылады. Қазақстандық зайырлы газет дискурсында көрініс тапқан дүниені түйсіну көріністері әмбебап сипатқа ие және Қазақстан Республикасында тұратын азаматтардың Қазақстанның біртұтас халқы ретіндегі мәртебесін өзектендіреді. Қазіргі лингвистикалық ғылымның дамуы тұрғысынан газеттік мәтінді талдау, әсіресе мәліметтерді беруші және алушының білімдерін есепке ала отырып, басқаша айтқанда, баяндама кейіпкерлерінің пресуппозиция және дискурстік қызметтерін есепке ала отырып талдау тиімді болып табылады. Әсіресе, бұл зайырлы хроника үшін маңызды. Бұл тұрғыда зайырлы дискурсті талдауға көп көңіл бөлінеді.

**Түйін сөздер:** Қазақстан Республикасы, БАҚ, дискурс, газеттік мәтін

Sh.A. Sabitova<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ph.D., assoc. Professor of the Department of International Law KazNPU Abaya, [Sabitova.Shinara@mail.ru](mailto:Sabitova.Shinara@mail.ru)

## HEADLINES OF SECULAR NEWSPAPER DISCOURSE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

*Abstract*

The article is devoted to the problem of studying the language features of the newspaper discourse (text) of sovereign Kazakhstan. Gaining the independence, the Republic of Kazakhstan has improved the intensity of media, so the study of newspaper text is relevant in linguistics. Fragments outlook, captured in a secular of Kazakh newspaper discourse, are universal and actualize the importance of the status of citizens living in the Republic of Kazakhstan as a unified people of Kazakhstan. From the standpoint of the achievements of the modern linguistics newspaper text is effectively analyzed by taking into account the background knowledge delivering and receiving information, in other words, given the presuppositions of discourse and activities of

the key actors of the story. This is especially significant for the society columns. In this context, attention is concentrated on the updated analysis of the secular discourse.

**Keywords:** Republic of Kazakhstan, Mass Media, discourse, newspaper text

Как известно, заголовок несет в себе первичную информацию о содержании текста и замысле его автора. Номинативная, сигнальная функция заголовка – одна из важнейших его функций. Поэтому большинство читателей ориентируются в газетном мире именно по заголовкам: многие просто «просматривают» заголовки, принимая решение о том, будут ли они читать ту или иную статью. По заголовкам судят, есть ли информация, которая является интересной и актуальной. С одной стороны, заголовок несет информацию о содержании газетной статьи, помогает определить тему публикации. С другой стороны, заголовок включает дополнительный экспрессивный компонент, эмоциональную окраску, пробуждая читательский интерес, фиксируя внимание на той или иной информации. Поэтому заголовок – важнейший компонент газетного дискурса, в том числе светского.

Заголовок – явление, характерное для периодики, представляет собой единство языковых и графических средств, помогает читателю получить предварительные сведения о содержании той или иной публикации.

Выбор заголовка – далеко не простая задача для журналиста. В лаконичной форме, с помощью всего нескольких слов нужно передать суть статьи, нередко дать оценку описываемым событиям, кроме того, необходимо вызвать интерес потенциального читателя. З.Д. Блисковский отмечает, что «журналистам приходится каждодневно изобретать, придумывать всё новые и новые названия. Ведь для каждого номера газеты нужно подобрать несколько десятков заголовков» [1].

Подход к выбору средств и приемов, позволяющих воздействовать на читателя, принцип подбора заголовков определяет имидж газеты, влияет на репутацию того или иного издания. Функционируя на газетной полосе, заголовок формирует «лицо» газетного издания, отражает его специфику: официальная газета, серьезное аналитическое издание, оперативная информация о новостях и событиях, газета для семейного чтения, развлекательно «читиво», «желтая» пресса.

В большинстве случаев заголовки светского газетного дискурса русскоязычных изданий РК все-таки направлены на привлечение читательского интереса и формируются с использованием таких приемов, как употребление известных имен, шокирующих фактов, интригующих подробностей: *Наследство Штирлица поссорило его родных [ЖК, №14, 13.04.10]; Жаркая страсть Милявской [ЖК, №14, 13.04.10]; Александру Жулину изменяет юная любовница [Э, №9 (734), 2010]; Под машиной оргазма не испытываю (заголовок статьи о Фахретдине Ахназарове, артисте цирка), [Вр., 13.02.2008].*

